

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Екі айда бір шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№1 (190),
ҚАҢТАР-АҚПАҢ
2021 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға: Омарбеков Т.О. – т.ғ.д., проф.,
ҚР ҰҒА академигі (Алматы).

Орынбасарлары:

Әлімбаев Н. – ҚР МОМ директоры, т.ғ.к.,
этнолог (Алматы).

Салықбай Ә.Ж. – Журнал редакторы
(Алматы).

Мүшелері:

Қабылдинов З.Е. – т.ғ.д., проф., ҚР
БҒМ ҒК ТЭИ директоры (Алматы).

Байтанаев Б.Ө. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ
ҒК АИ директоры (Алматы).

Әбіл Е.А. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК МТИ
директоры (Нұр-Сұлтан).

Аяған Б.Ғ. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК
МТИ дир. орынбасары (Нұр-Сұлтан)

Керібаев Б.Б. – т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА
академигі (Алматы).

Қарасаев Ғ.М. – т.ғ.д., проф., Ресей ҒА
корр.-мүшесі (Нұр-Сұлтан).

Төлеубаев Ә.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Жұмағұлов Қ.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Uyama Tomohiko. – т.ғ.д., проф. Hokkaido
University disabled (Japan, Sapporo).

Буканова Р.Г. – т.ғ.д., проф. (Башқұрт-
стан, Уфа).

Курманов З.К. – с.ғ.д., проф. (Қырғыз-
стан, Бішкек).

Невежин В.А. – т.ғ.д., проф. (Ресей, Мәскеу).

Еңсенов Қ.А. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Нұр-Сұлтан).

Эксперттер тобы:

Найманбаев Б.Р. – т.ғ.д., проф. (Шымкент).

Жұмағұлов Б.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Асылбекова Ж.М.-А. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Ауанасова А.М. – т.ғ.д., проф. (Нұр-Сұлтан).

Исин А. – т.ғ.к., проф. (Семей).

Салқынбек Д. – т.ғ.к. проф. (Алматы).

Картаева Т.Е. – т.ғ.к., проф. (Алматы).

Ноғайбаева М.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Сәбитов Ж.М. PhD, саяс/шы (Нұр-Сұлтан).

Дүйсен С.Ж. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Қалиев Ж.Н. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Ерімбетова Қ.М. – т.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Үмітқалиев Ұ.Ұ. – т.ғ.к., арх/г (Нұр-Сұлтан).

Ізбасарова Ғ.Б. – т.ғ.к., доцент (Ақтөбе).

Базарбаев Қ.Қ. – PhD тарихшы (Түркістан).

Қозыбаева М.М. – PhD тарихшы (Алматы).

.....

Басуға 02.02.2021 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108 ¹/₁₆ Шартты б.т. – 5. СТР
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1380. Индекс – 75748.
Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Журнал ҚР БҒМ Білім және ғылым
саласындағы бақылау комитеті (БҒСБН)
ұсынған тізімде бар. Журнал в списке
рекомендованных НКОН МОН РК.

МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ТАНЫМДЫҚ МАҚАЛАЛАР

ӘБІЛ Е., КҮЗЕМБАЙҰЛЫ А. Қазақ тарихындағы "Орта ғасыр" ұғымы.....	2
АЛДАБЕРГЕНОВА М., СЫЗДЫҚОВА Г., АЛДАБЕРГЕН М., ЖАДЫРАЕВА Г. Көшпелілер қоғамында қалалық өркениеттің орнығуы жайлы тарихи деректер	5
АЙТКЕНОВ З., АБДРАХМАНОВ Б., Академик С.Бейсембаевтың "Қайран бауыр" атты естелігі	10
ИМАНҒАЛИЕВ А., ДҮКЕНБАЕВА З. Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ізімен	14
ӘБЕНОВ Д., ӘБЕНОВА Б. Ақтөбе бекінісінің салыну тарихы	18
ҚАЛЫБАЕВА А. Өлкедегі аграрлық қатынастар кеңестік тарихнамада	21
БАУДИЯРОВА Қ., МЕЙІРМАНОВА Г. Музейлік экспозиция және қолдану аясы	26
БЕРЛІБАЕВ Б. Қоғамдағы рух сөзінің мағынасы	29
ШӘРІПОВА А. Солтүстік Қазақстанның шағын қалалары	32

ЕЛ ТАРИХЫ – ШЕТ ТІЛДЕРДЕ

МАКСУТОВА А. "Тарих-и Рашиди" как источник по истории Улуса Джучи	35
НАЙМАНБАЕВ Б., БАЙДАЛИЕВА Э., САУРАН Э. Страны Центральной Азии, как главные поставщики трудовых мигрантов на пространстве СНГ	39
ШЕРИЯЗДАНОВ Б. Местное самоуправление Казахстана и России	46
ХАБДУЛИН А., ГАЛИМОВ А. Причины возникновения межэтнических конфликтов в студенческой среде их прогнозирование и профилактика	51
ТУЛЕНБЕРГЕНОВА С. Религиозный модернизм в работах турецких ученых	54
TASILOVA N., KYLMESKANNOVA S., TOISHUBEKOVA ZH. The revival of the Kazakh statehood with Khaknazar khan	59
ТҰРСЫН А. Сарбас руының шығу тегі туралы деректер.....	63

ТАРИХИ ТАНЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ

ИСИБАЕВА Е, АМАНИЯЗОВА Б. Қазіргі Қазақстандағы жер заңнамасын дамыту	65
МАРХАБА Ә., ЖЕМЕНЕЙ И., РАХМЕТУЛЛИН А. Тұраннан бастау алған қазақ тарихы	68

ОҚЫТУ. ӘДІСТЕМЕ. ТӘЖІРИБЕ.

НҰРМАНБЕТҚЫЗЫ Ж., ЖАМБАУЫЛОВА Г., ЖҰМБАЕВА К. Сана мәдениеті және Қазақстан тарихын оқытудың өзекті мәселелері	73
ҚАСЕНОВА С. Хақназар хан кезіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты	76
ИГЕНБАЕВА У. "Кейс технологиясы" арқылы қашықтан оқыту	77
БЕЙСЕКЕНОВ А. Туған жер	78
МАШЕНОВА А. Революциялық идеялардың XIX ғасырдағы Еуропаға әсері	79

FTAXP/IRSTI/MPHTI:03.20.00

Еркін ӘБІЛ¹, Аманжол КҮЗЕМБАЙҰЛЫ²,
¹т.ғ.д., профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры,
 Нұр-Сұлтан қ. Қазақстан. E-mail: yerkinabil@gmail.com:
²т.ғ.д., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
 профессоры. Қостанай қ. Қазақстан. E-mail: topai240345@mail.ru

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ «ОРТА ҒАСЫР» ҰҒЫМЫ*

Мақала тарихтану теориясындағы тарихи процестерді кезеңдеу проблемасына арналған. Әлемдік тарих ғылымындағы «Орта ғасыр» түсінігіне талдау жасалады. Авторлар қазақ тарихындағы ортағасыр кезеңінің хронологиялық шеңберін анықтайды. Қазақ тарихын кезеңдеуге бағытталған тарихшылардың пікірлерімен таныстырады. Еуропа тарихнамасынан ауысқан бұл ұғымды қазақ жеріндегі тарихи үдерісті кезеңдеу үшін пайдаланудың қажетсіз екендігін дәлелдейді.

Бүгінде тәуелсіз қазақ тарих ғылымы бөгде тарихтану дәстүрінен арылып, халқымыздың табиғатына сай тарихи терминдер мен түсініктерге зәру. Алдарыңыздағы мақала Қазақстан тарихында берік орын алған «Орта ғасыр» түсінігіне талдау жасап, оның хронологиялық шегін анықтауға арналады.

Кілт сөздер: кезеңдеу, орта ғасыр, еуропа, тарихнама, оқулық, оқу жоспары, терминдік-түсініктемелік аппарат, тарихи процес.

*Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Сібір ұлысы: Алтын Орда этносаяси жүйесіндегі Солтүстік Қазақстан және көршілес аймақтар» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды.

Еркін АБИЛЬ¹, Аманжол КУЗЕМБАЙҰЛЫ²,
¹д.и.н, профессор, директор Института истории государства,
 Г.Нур-Султан, Казахстан. E-mail: yerkinabil@gmail.com:
²профессор, д.и.н. Костанайского регионального университета имени
 Ахмета Байтурсынова. г. Костанай, Казахстан. E-mail: topai240345@mail.ru

КОНЦЕПЦИЯ «СРЕДНИЙ ВЕК» В КАЗАХСКОЙ ИСТОРИИ

Статья посвящена проблеме периодизации исторических процессов в теории истории. Анализируется понятие «Средневековье» в мировой исторической науке. Авторы определяют хронологические рамки средневекового периода в истории казахов. Знакомит с концепциями историков, по проблеме периодизации истории Казахстана. Они считают использование понятия «Средние века» заимствованные от европейской науки для периодизации исторического процесса на территории Казахстана.

Сейчас независимая казахстанская историческая наука избавилась от традиций зарубежной историографии и нуждается в исторических терминах и концепциях, соответствующих природе нашего народа. Предыдущая статья посвящена анализу концепции «Средние века», занимающей прочное место в истории Казахстана, и определению ее хронологических границ.

Ключевые слова: периодизация, средневековье, Европа, историография, учебник, учебный план, термин, понятийный аппарат, исторический процесс.

*Статья подготовлена в рамках научного проекта Министерства образования и науки Республики Казахстан «Сибирский улус: Казахстан и сопредельные территории системе золотоордынской этнополитической системы.

Erkin ABIL¹, Amanzhol KUZEMBAYULY²,
¹doctor of historical sciences, professor, director of the Institute
 of state history, Nur-Sultan, Kazakhstan. E-mail: yerkinabil@gmail.com:
²doctor of historical sciences, professor of Kostanay
 regional university named after Akhmet Baitursynov.
 Kostanay, Kazakhstan. E-mail: topai240345@mail.ru

THE CONCEPT OF "MIDDLE AGE" IN KAZAKH HISTORY

The article is devoted to the problem of periodization of historical processes in the theory of history. The article analyzes the concept of «middle Ages» in world historical science. The authors define the chronological framework of the medieval period in the history of the Kazakhs. Introduces the concepts of historians on the problem of periodization of the history of Kazakhstan. They consider the use of the concept of «Middle ages» borrowed from European science to periodize the historical process on the territory of Kazakhstan.

Keywords: periodization, middle ages, Europe, historiography, textbook, curriculum, term, conceptual apparatus, historical process.

*The Article was prepared in the framework of the scientific project of the Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan "Siberian ulus: Northern Kazakhstan and adjacent territories of the Golden Horde ethno-political system.

Кіріспе. Қазақ тарих ғылымы кеңес ғылымынан бөлініп шыққандығы барлығымызға мәлім. 1917 жылғы төңкерістерге дейін қазақтың төл тарихын зерттеген түркі-қазақ тілінде жарық көрген тарихи шығармалардың бірен-саран екендігі жасырын емес. Сондықтан да қазақ тарих ғылымы марксизм-ленинизм методологиясы дәстүрінде қалыптасты. Кеңес тарих ғылымы, Еуропа ғылыми-зерттеу әдістерін толық мойындаған, орыс тарихнамасының жалғасы еді. Кеңес-орыс тарихшылары француз, неміс, итальян және ағылшын тарихи терминдерін сол күйінде немесе кейбірін орыс тіліне аударып кеңестік тарих ғылымының категориялық-түсініктемелік аппаратына кіргізді.

Деректер мен әдістер. Мақала тарихнамалық сипатта болғандықтан оның деректері осы тақырыпта жазылған Байт Х., Блок М., Ерофеев Н.А., Савельева И.М., Полетаев А.В., Ковальченко И.Д., Қозыбаев М.Қ., Кентбеков С.Қ., Сақтағанова З.Ф., Кушумбаева Ш.Р., Тойнби А.Дж. Ясперс сияқты шетелдік және қазақстандық тарихшылардың еңбектері жатады. Оларды талдау осы мақаланың келесі бөлігінде.

Тарих ғылымының өзіне тән тарихи-генетикалық, ретроспективті, синхронды және диахронды, тарихи салыстыру, тарихи типологиялық сияқты әдістері бар. Оның үстіне тарихшылар реті келсе бақылау, эксперимент, өлшеу, салыстыру, анализ, синтез, индукция, дедукция, моделдеу, абстракциялау сияқты жалпы ғылыми әдістер де пайдаланылды.

Біз мақаламызда тарихи процестерді кезеңдеуде синхронды және диахронды әдістерді пайдаландық. Әлемнің әр елдеріндегі тарихи үдерістің жалпылай және айрықша қасиеттерін тану үшін тарихи-салыстыру мен тарихи-типологиялық әдістердің көмегі тиді.

Зерттелу тарихы. Қазақ тарихын кезеңдеу арнаулы зерттеу нысанына айнала алмады. XVIII-XIX ғасырдың басында қазақ тарихына қалам тартқан П.И. Рычков, Орынбор өлкесінің тарихын жазғанда өзіне таныс мұсылман ойшылдарының пікірлерін қолдады. Қазақтану саласы бойынша үш томдық іргелі еңбек жазған кәсіби орыс тарихшысы А.И. Левшин кезеңдеу мәселесіне онша көңіл бөлмеді. XIX ғасырдың II жартысында өмір сүрген Ш.Ш.Уәлиханов, Н.А.Аристов, В.В.Бартольд, XX ғасырдың басындағы А.Н. Бөкейханов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Т.Шонанұлы, А.Чулошников, С.Асфендияров кезеңдеу мәселесіне тоқталғанымен «Орта ғасыр» ұғымына ерекше түсініктеме бере алмады.

Қазақ тарихшыларының арнаулы білім алған, тарих ғылымның дамуына ерекше үлес қосқан жаңа ұрпағы қатарына жататын Е.Бекмаханов, М.Қ. Қозыбаев, З. Қинаятұлы, С.Ж. Жолдасбайұлы, Қ., М.Қойгелдиев, Б.З.Ақназаров, З.Алдамжар, Х.Әбжанов, Т.Омарбеков, А.Ф. Сақтағанова сияқты ғалымдардың еңбектерінде қазақ тарихын кезеңдеу проблемасына үлкен үлестерін қосты. Осы ретте қарағандылық тарихшы С.Қ.Кентбековтың диссертациялық зерттеуін айтпай кетуге болмайды. 1997 жылы Қазақ Университетінде қорғаған кандидаттық диссертациясы қазақ тарихын кезеңдеудің тарихнамасы мен принциптеріне арналған алғашқы да соңғы жұмыс екендігі қынжылтады.

Аталған авторлар тақырыпты ашуға елеулі үлес қосқанымен қазақ тарихының заманауи талаптарға сай қазақ тарихының кезеңдеуіне бүгінгі оқырман-ның зәру екендігі баршамазға мәлім. Әсіресе, мектеп оқушыларына арналған оқулықтар жазуда, оқу-әдістемелік құралдар дайындауда авторлар қиыншылықтарға кездесіп жатады.

Зерттеу нәтижесі. Қазақ тарихтану теориясындағы көптеген ұғымдар мен түсініктер Еуропа ғылымынан

ауысқандығы белгілі. Орыс-кеңес тарихнамасынан отау болып бөлініп шыққан қазақ тарих ғылымына, өзінің ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес, терминдік-түсініктемелік аппаратын қалыптастыратын уақыт жеткен сияқты. Соңғы жылдары осы жолдың авторлары бірнеше мақала жариялап, ғалымдардың пікірін білуге талпыныс жасады [Кузембайұлы, 1992, 1997, 20-07, 2013, 2014, 2016].

Қазақ тарихындағы ортақ түсінікке ие болмаған термин «Орта ғасыр». Бұл ұғымға әрбір автор өз хронологиялық шеңберін береді. Авторлардың басым көпшілігі қазақ тарихының орта ғасырының бастауын біздің заманымыздың VI ғасырында іргесін қалаған Түрік қағандығынан алады. Ал енді оның аяқталу мерзімін авторлар түрліше көрсетеді. Оқулықтар мен оқу құралдардың бірінде бұл дәуірді XVI, XVI тіпті XVIII ғасырларда аяқтайды.

Бірде бір автор «Орта ғасыр» дәуірінің хронологиялық шеңберін дәлелдеп, түсіндіруге тырыспайды.

«Орта ғасыр» ұғымын Еуропа тарихнамасында XV ғасырда итальян гуманистері антика заманы мен өздері өмір сүріп жатқан уақыт аралығын белгілеу үшін қолдана бастады. Ұлы гуманист Флавио Бьондо 1453 жылы «Medium aevum» яғни «Орта ғасыр» терминін ойлап тапты [Логиш С. В.]. XV–XVI ғасырларда тарихтағы бұл дәуір әртүрлі атауларға ие болды: media tempestas (лат.– «орта уақыт»; 1469 жылдан бастап.), media antiquitas (лат.– «орта антика заманы»; 1494 жылдан medium tempus (лат.– «орта уақыт»; 1531 жылдан), saeculum medium (лат.– «орта ғасыр»; 1596 жылдан 3]. Ал енді XVII ғасырда неміс ойшылы Христофор Келлер [Форстен, 1890] бұл терминді ғылыми айналымға кіргізді. Осы күнге дейін Батыс Еуропа ғылымында орта ғасыр Рим империясының ыдырауынан басталып қайта өрлеу заманымен аяқталады (XIV–XVI). Еуропа орта ғасырының соңында әлем тарихындағы Колумбтың Американы ашуы (1492 ж.), Алманиядағы Реформацияның басталуы (1517 ж.), Константинопольді түріктердің жаулап алуы (1453 ж.) сияқты айтулы уақиғалардың болғаны белгілі. Осы күнгі тарихнамада орта ғасыр дәуірінің хронологиялық шеңбері жөнінде әртүрлі пікірлер айтылып жүр.

Әлем тарихын осылайша кезеңдеу Еуропа тарихнамасынан орыс-кеңес тарихнамасына кірді, Ал қазақ тарих ғылымы кеңес тарихының құрамдас бөлігі болғандықтан қазақ жеріндегі тарихи процесс Еуропаның тарихтану дәстүріне сәйкес қарастырылды. Осы күнге дейін Қазақстан тарихна арналып жазылған монографиялар мен оқулықтарда осындай схема пайдаланылады. Мұның өзі біз әлі еуроцентризм ықпалынан шыға алмай жүргенімізді көрсетеді.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің аясында жарық көрген Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулығымызда біз қазақ тарихын кезеңдеудің жаңа концепциясын ұсындық [Кузембайұлы. 1992.35-38-бб.]. Оқулықта алғаш рет кезеңдеу мәселесіне арнаулы тарау берілді.

Қазақ тарихының ортағасырлық дәуірі «Алғашқы империя деңгейіне көтерілген көшпенділердің жаңа мемлекетінің құрылуымен» басталады. Сол кездегі Евразия құрлығын дүр сілкіндірген Түрік қағандығы осы күнгі Еуропа, Азиядағы көп мемлекеттердің негізін қалады. Қазақстан тарихының ортағасырлық тарихын біз екі кезеңге бөлеміз. **Бірінші кезең** – біздің жыл санауымыздың V-XIII ғасырлар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде кең байтақ қазіргі қазақтың даласында

екі саяси және мәдени орталық қалыптасты. Біріншісі – Жетісу жерінде, екіншісі – Сарыарқа даласында. Жетісу жерінде пайда болған Батыс Түрік, Қарлұқ, Қарахан қағандықтары пайда болып, бұл өлкеде көшпелі-мұсылман өркениеті қалыптасты. Сарыарқа даласында Қимақ және Қыпшақ мемлекеттерінің негізі қаланды. Бір қызығы, бұл мемлекеттердің шекарасы осы күнгі Қазақстан шекарасына мүлде сәйкес келмейді. Алтай мен Карпат таулары арасындағы Ұлы даланы мекендеген түркі тайпалары төрт мемлекеттің іргетасын қалап, оның ұрпақтары осы күнгі түркі, угрофин, славян халықтарына негіз болды. Бұл жерде қыпшақ тілі билік құрған көшпелі өркениет қалыптасты. Жалпы ортағасырдағы қазақ мәдениетін бізге түркі-қыпшақ өркениеті деп атауға болады.

Ал, енді XIII ғасыр мен XV ғасырдың арасы Қазақстан мен онымен көршілес жатқан мемлекеттердің тарихында ерекше орын алатын, шоқтығы биік кезең. Алыстағы Моңғолия жерінен қазіргі қазақ даласына қоныс аударған көшпелі тайпалар мемлекеттіліктің, шаруашылықтың, мәдениеттің жаңа үлгісін жасауға қол жеткізді. Моңғол шапқыншылығының кейбір келеңсіздіктеріне қарамай ұлан-ғайыр далада көшпелі тайпалардың дәулет пен шаттыққа толы мамыражай ғұмыры басталды. Мұны қазақ тарихында «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман деп атайды.

Аз ғана уақытта Шыңғыс хан ұрпақтары төрт мемлекет құрды. Бүгінгі Қазақстан деп аталатын даласы, шөлі бар, тауы бар, көлі бар, өзені бар, көк-орай шалғын шабындығы бар сайын далада Шыңғыстың екі бірдей ұлы Жошы мен Шағатайдың ұлыстары пайда болды. Тайпалар арасындағы қақтығыс, ұлыстар арасындағы соғыс, ру басшылары арасындағы тартыс аяқталып, әр тілде сөйлейтін, әр құдайға бағынатын, шаруашылығы да әртүрлі тайпалар мен ұлыстар ымыраласып, жақындасып, араласып, қыз беріп, қыз алып, құдандалас болып, сүйек жаңғыртып, туыстық жағдайда ғұмыр кешті.

Әсіресе, **Алтын Орда** мемлекетінің тарихы үлгі аралық. Бүгінгі Қазақстан мен Ресейдің территориясын қамтыған Ұлық Ұлыс мемлекеті әлемдік Ұлы державаға айналды. Жүздеген қалалар салынып, егіншілік, отырықшылық дамып, көшпелі мал шаруашылығы өзінің даму шегіне жетті. Мемлекеттің негізгі байлық көзі – сауда еді. Ресми тілі – қыпшақ тілі халықаралық дәрежеге көтеріліп, динар деп аталатын ақшасы әлемдік сауданың валютасына айналды. Кез келген өркениет сияқты Мұңғыл ұлыстары да XV ғасырдың екінші жартысында шаруашылық әрі саяси дағдарысқа ұшырады. Ұлық Ұлыс деп аталған Алтын Орда мемлекетінің шеңберінде бірнеше жас тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Еділ бойында Бұлғар, Қара теңіз жағасында Қырым, Орта Азияда Хорезм, шығысында Сібір, Ресейде Москва хандықтары саяси билікке ие болды. Ал енді, бүгінгі Қазақ жерінде Ноғай ордасы, Сібір хандығы, қазақ хандығы сияқты туысқан, ру-ұлыстардан тұратын тәуелсіз үш мемлекет пайда болды. Сөйтіп, қазақ тарихының ортағасырлық кезеңі осы саяси процестермен аяқталады.

Кейбір авторлар «Орта ғасырлар» терминінен мүлде бас тартты. Қазақ тарихын ғылыми негізде кезеңдеу мәселесін қолға алған ғалымдардың көшбасшысы, академик ағамыз Манаш Қабашұлы Қозыбаев болды. Ол қазақ тарихын мына төмендегіше тоғыз белеске бөледі:

1. Адам баласы қазақ сахарасында пайда болып, өмір сүрген тайпалар белесі;
2. Сақ, үйсін, қаңлы, алшын, ғұндар заманасы;
3. Түркі тектес тайпалар дәуірінен;

4. Қыпшақ белесі;
5. Моңғол үстемдігі;
6. Қазақ хандықтары: халық, ұлттық қалыптасуы;
7. Отаршылдық бұғауында;
8. Қазақ халқы кеңес империясының уысында;
9. Қазақ халқы егеменді ел болған шағында.

Академик қазақ тарихының түрік, қыпшақ, моңғол және қазақ кезеңдерін «орта ғасыр» деп атамайды [Қозыбаев 1998].

Осы мәселеге арнайы жазылған қарағандылық ғалым Салауат Кентбековтың кандидаттық диссертациясы назар аударарлық. Автор әр кезеңді анықтағанда критерийлерді кешенді түрде пайдалануды ұсынады. Диссертант жоғарыдағы ұғымды пайдаланбайды [Кентбеков: 1997].

Белгілі тарихшы Хангелді Әбжанов бұл дәуірді түріктену, исламдану және этнополитогенез (6 в. до н.э. - 15 в. терминдерін пайдаланады [Абжанов <https://e-history.kz/ru/books/library/read/24104>]

Қарап отырсаңыз осы күнге дейін қазақ тарихының ортағасырлық кезеңінің хронологиялық шеңберін шектейтін ғылыми негізделген концепция жоқ. Мұның өзі оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарда бірізділіктің болмауына әкеліп соғады. Сорақылығы сол бір типтік бағдарламада қазақ тарихының көне дәуірін он үш ғасырға созады [Жанбосинова].

Қорытынды. Жоғарыда айтылған ғылыми фактілерді синтездейтін болсақ қазақ даласындағы тарихи үдерістердің өзіне тән ерекшеліктері бар екендігіне көз жеткіземіз. Қазақ тарихы әлемдік тарихының құрамдас болғанымен оны кезеңдеуде Еуропада қалыптасқан парадигмаларға сәйкестендіруге болмайды. Осы мақаланың негізгі бөлімінде айтылған Еуропа тарихнамасындағы кезеңдеу концепцияларының негізгі таксондары (белгілері) қазақ тарихында кездеспейді. Сондықтан біз 2014 жылдың маусым айында Мемлекет тарихы институтында өткен дөңгелек үстелде біз қазақ тарихының орта ғасырын кезеңдеудің төмендегідей нұсқасын ұсындық.

Қазақ тарихындағы орта ғасыр VI ғасырда басталып XVIII ғасырдың басында аяқталады. Бұл ұзақ дәуір екіге – алғашқы және соңғы кезеңдерге бөлінеді. Алғашқысын екінші көшпенділер (түрік) империясы деп атадық. Оның өзі ғұн империясының гүлденуі (VI-VIII ғғ.); ғұн империясының ыдырауы (VIII-X ғғ.); ғұн империясынан кейінгі дәуірі (X-XII ғғ.) деп бөлінеді.

Еуропа тарихындағы орта ғасырдың соңғы кезеңіне хронологиялық жағынан қазақ тарихындағы үшінші көшпенділер (моңғол) империясы сәйкес келеді. Оны біз үш белеске бөлдік: XII ғ.–XV ғ. 20-ыншы жылдар аралығын қамтитын Жошы Ұлысының (Ұлық Ұлыс немесе Алтын Орда) құрылуы; Алтын Орданың ыдырауы, Қазақ хандығының құрылуы XV ғ. 20-ыншы жыл. XVI ғ. соңы Алтын Орда құлағаннан кейінгі дәуір. Қазақ тайпаларының қазақ хандығы айналасына топтасуы XVII ғ. басы-XVIII ғ. басы [Кузембайұлы 2014].

Егер қазақ тарихын түркі тарихтану дәстүрі бойынша кезеңдеп алсақ бұл проблемадағы евроцентризм пиғылынан құтыламыз. Еуропа тарихнамасында адамзат тарихын үш қана: индустрияға дейінгі қоғам, индустриалды қоғам, постиндустриялы қоғам деп бөледі. Мұндай кезеңдеуді қазақ тарихына пайдаланудың реті жоқ. Біздің тарихымыз бүкіл түрік халықтарына ортақ тарих. Проблеманы зерттеуде тарихи-генетикалық әдісті қолдана отырып түркі әлемінің пайда болуынан бастап бүгінгі күнімізге дейінгі тарихымызды бірлесе отырып кезеңдесе ойға қонымды пікірге қол жеткізер едік.

Мақаланың негізгі мақсаты бүкіл түркі елдеріндегі еріптестерімізді пікір-таласқа шақырамыз. Проблеманы бірлесе талдап, тарихымыздың кезеңдеу мәселесінде ортақ ойға келудің уақыты жеткен сияқты.

ӘДЕБИЕТТЕР

Абжанов Х. Периодизация истории отечества и национальной государственности как приоритетное направление разработки «Отан тарихы» // Интернет проект Qazaqstantarihy [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/books/library/read/24104>

Жанбосинова А. К содержанию типовых программ в ракурсе исторических дисциплин // Интернет проект Qazaqstantarihy [Электронный ресурс]. - Режим доступа: https://e-history.kz/ru/library/read/24123/?sphrase_id=19798

Қозыбаев М. Ата тарихы туралы үзік сыр. Тарих зердесі. Бірінші кітап. –Алматы: Ғылым, 1998.

Кентбеков С. Проблемы историографии и основные принципы периодизации истории досоветского Казахстана: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук: Алматы, 1997.

Кузембайұлы А. История дореволюционного Казахстана. Алма-Ата: Республиканский издательский кабинет по учебной и методической литературе. 1992.

Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832.

Логиш С. В. Сборник статей. Флавио Бондо // Средние века и Возрождение. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://svr-lit.ru/svr-lit/logish-sbornik-statej/flavio-bondo.htm>

Форстен Г. В. Келлер, Христофор // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: в 86 т. (82 т. и 4 доп.). СПб., 1890.

REFERENCES

Abzhanov, 2013 - Abzhanov H. Periodizaciya istorii otechestva i nacional'noj gosudarstvennosti kak prioritetnoye napravleniye razrabotki «Otan tarihy» [Periodization of the history of the

fatherland and national statehood as a priority area of development «Otan tarihy»] // Internet project Qazaqstan tarihy [Electronic resource]. - Access mode: <https://e-history.kz/ru/books/library/read/24104> [in Russian].

Zhanbosinova, 2013 - Zhanbosinova A. K sodержaniyu tipovykh programm v rakurse istoricheskikh disciplin [To the content of typical programs in the perspective of historical disciplines] // Internet project Qazaqstan tarihy [Electronic resource]. - Access mode: https://e-history.kz/ru/library/read/24123/?sphrase_id=19798 [in Russian].

Kozybaev, 1998 - Kozybaev M. Ata tarihy turaly yzik syr. Tarihy zerdesi. Birinshi kitap [A short story about the history of ancestors. The mind of history. The first book.]. –Almaty: Gylim, 1998 [in Kazakh].

Kentbekov, 1997 - Kentbekov S. Problemy istoriografii i osnovnye principy periodizacii istorii dosovetskogo Kazakhstana: avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. [Problems of historiography and basic principles of periodization of history of pre-Soviet Kazakhstan: author's abstract of the dissertation on competition of a scientific degree of the candidate of historical sciences]. Almaty, 1997 [in Russian].

Kuzembajuly, 1992 - Kuzembajuly A. Istoriya dorevolucionnogo Kazakhstana [History of pre-revolutionary Kazakhstan]. Alma-Ata: Republican Cabinet of Publishers on Educational and Methodical Literature. 1992 [in Russian].

Levshin, 1832 - Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ih ili kirgiz-kajsačkih ord i stepej. [Description of the Kirghiz-Cossack or Kirghiz-Kaisack hordes and steppes] SPb., 1832 [in Russian].

Logish, - Logish S.V. Sbornik statej. Flavio B'ondo [Collection of articles. Flavio Biondo] // Middle Ages and the Renaissance. [Electronic resource]. - Access mode: <http://svr-lit.ru/svr-lit/logish-sbornik-statej/flavio-bondo.htm> [in Russian].

Formten, 1890 - Forsten G.V. Keller, Hristofor // Enciklopedicheskij slovar' Brokgauza i Efrona: v 86 t. (82 t. i 4 dop.). [Encyclopedic Dictionary of Brockhaus and Efron: 86 t. (82 t. and 4 extra)]. SPb., 1890 [in Russian].

FTAXP/IRSTI/MPHTI: 03.20.00

**М.АЛДАБЕРГЕНОВА¹, Г.СЫЗДЫКОВА²,
М.АЛДАБЕРГЕН³, Г.ЖАДЫРАЕВА⁴,**

¹ PhD, доцент м.а., E-mail: mol-nur_an@mail.ru

² ф.ғ.к., доцент, E-mail: gaukhar.syzdykova@mail.ru

³ т.ғ.к., доцент, E-mail: m.n.aldabergen@mail.ru

⁴ аға оқытушы, E-mail: gulsinay_79@mail.ru

^{1,2,3,4} Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

КӨШПЕЛІЛЕР ҚОҒАМЫНДА ҚАЛАЛЫҚ ӨРКЕНИЕТТІҢ ОРНЫҒУЫ ЖАЙЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР

Ортағасырлық қалалар көшпелі және отырықшы-егінші әлемдердің түйіскен жерінде, негізінен Қазақстанның шеткі аймақтарында пайда болып, дамыды. Қазақстан территориясының басым бөлігі егіншілік пен отырықшылық, қалалық мәдениет дамуына кері әсерін тигізетін аридті, қуаңшылық аумаққа жатады. Осының әсерінен тұрғылықты халықтың көпшілігі осы табиғи ортаға көпғасырлық бейімделу нәтижесінде көшпелі мал шаруашылығымен айналысты.

Ортағасырлық қалалар негізінен Қазақстанның оңтүстігінде орналасуы табиғи-климаттық және тарихи жағдайларға тікелей байланысты. Орта Азиядағыдай Қазақстанның оңтүстігінде ауа-райы жылы болады. Тұрғындар аймақтың далалық және жартылай шөлейтті жер аумақтарын суару арқылы аса құнарлы жерлерге айналдырды. Бұл жерлерде үлкенді-кішілі өзендердің көптеп саналуы халықтың осы аймақта шоғырланып тұруына, олардың егіншілікпен, бау-бақша өсірумен айналысуына жағдай жасады.

Кілт сөздер: көшпелілер қоғамы, отырықшылық, ортағасырлық қалалар, тарихи деректер, географиялық орналасуы.

Қазақ тарихы

№1 (190), қаңтар-ақпан, 2021

М.АЛДАБЕРГЕНОВА¹, Г.СЫЗДЫКОВА², М.АЛДАБЕРГЕН³, Г.ЖАДРАЕВА⁴,

¹ PhD, и.о.доцента., E-mail: mol-nur_an@mail.ru

² к.ф.н., доцент, E-mail: gaukhar.syzdykova@mail.ru

³ к.и.н., доцент, E-mail: m.n.aldabergen@mail.ru

⁴ старший преподаватель, E-mail: gulsinay_79@mail.ru

^{1,2,3,4} Южно-Казахстанский педагогический государственный университет, Шымкент, Казахстан

ИСТОРИЧЕСКИЕ ДАННЫЕ О СТАНОВЛЕНИИ ГОРОДСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ В КОЧЕВОМ ОБЩЕСТВЕ

Средневековые города возникали и развивались в основном на периферии Казахстана, на стыке кочевого и оседло-земледельческого миров. Большая часть территории Казахстана относится к аридной территории, что негативно сказывается на развитии земледелия и оседлости, городской культуры. Под влиянием этого большинство коренного населения занялось кочевым скотоводством в результате многовековой адаптации к этой природной среде. Расположение средневековых городов в основном на юге Казахстана напрямую зависит от природно-климатических и исторических условий. На юге Казахстана, как и в Средней Азии, будет теплая погода. Население превратило степные и полупустынные земельные территории региона в более плодородные земли путем орошения. Большое количество больших рек в этих местах способствовало консолидации населения в этом регионе, их занятию земледелием, садоводством.

Ключевые слова: кочевое общество, оседлость, средневековые города, исторические источники, географическое положение.

M.ALDABERGENOVA¹, G.SYZDYKOVA², M.ALDABERGEN³, G.ZHADRAYEVA⁴,

¹ PhD, Acting Associate Professor, E-mail: mol-nur_an@mail.ru

² PhD., Associate Professor, E-mail: gaukhar.syzdykova@mail.ru

³ PhD., Associate Professor, E-mail: m.n.aldabergen@mail.ru

⁴ senior lecturer, E-mail: gulsinay_79@mail.ru

^{1,2,3,4} South Kazakhstan Pedagogical State University, Shymkent, Kazakhstan

HISTORICAL DATA ON THE FORMATION OF URBAN CIVILIZATION IN A NOMADIC SOCIETY

Medieval cities arose and developed mainly on the periphery of Kazakhstan, at the junction of the nomadic and sedentary agricultural worlds. Most of the territory of Kazakhstan belongs to the arid territory, which negatively affects the development of agriculture and settlement, urban culture. Under the influence of this, the majority of the indigenous population engaged in nomadic cattle breeding as a result of centuries of adaptation to this natural environment.

The location of medieval cities mainly in the south of Kazakhstan directly depends on natural, climatic and historical conditions. In the south of Kazakhstan, as well as in Central Asia, the weather will be warm. The population turned the steppe and semi-desert land areas of the region into more fertile land through irrigation. A large number of large rivers in these places contributed to the consolidation of the population in this region, their occupation of agriculture, gardening.

Keywords: nomadic society, settlement, medieval cities, historical sources, geographical location.

Кіріспе. Қазақстан аумағында қала мәдениетінің ошағы саналатын қалалардың пайда болуына бірқатар алғышарттар мен себептер ықпал етті. Аймақта, әсіресе, көне суармалы егіншілік пен қалалық мәдениеттің негізгі орталығы болған Сырдария алқабының алар орны ерекше. Сырдарияның аңғары жергілікті тұрғындар үшін маңызы мен орны ерекше екенін ортағасырлық авторлар өз еңбектерінде атап өткен. Фазлаллах ибн Рузбиханның (XV-XVI ғғ.) берген мәліметтеріне назар аударсақ: «Сейхун өзені кейбір хадистерде айтылғандай, пейіштен бастау алатын төрт өзеннің бірі. Өзен Түркістан елінде үш жүз фарсахқа жуық қашықтыққа таралып, өзбектердің қыстауларының арасынан ағып өтеді де, сол елдің тұрғындары Қарақұм деп атайтын құмдарға сіңіп кетеді. Оның салаларынан тармақтала үлкен каналдар шығады және осы каналдар арқылы егістік жерлер суарылатын болған. Сол өңірдің тұрғындары «Ходжент» деп атайтын бұл өзен Түркістан қамалдарының арасынан ағып өтеді. Сейхун өзенінен бастау алатын каналдардың жағасында қорған іспеттес биік қамалдар өзен ағатын пейіштің кереметтерін көз алдымызға келтіргендей... Нұр жауған бұл елдің шөл даласы аң-құсқа толы. Далада шалғынды жайылымдардың көптігінен ақбөкендер семіз сиырларға ұқсап жүгіре алмайтын халге жеткендігі сонша, аңшылар бұл жануарлардың

ізін аңдығанда атын қатты айдауға тырыспайды да» (Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани, 1970: 73-74). Ортағасырлық автор шығармасында келтірілген «Түркістан қалалары», Сырдария мен одан ағып шығатын каналдар бойында орналасқан Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалалары жайлы айтылса керек. Географиялық орналасуы қалалардың Сыр суынан нәр алып, өсіп-дамуына орасан зор әсерін тигізген. Сондықтан да археолог К.Ақышев «Сырдария ежелгі өркениет ошағы. Ніл Египет дамуында қандай рөл атқарса, Қазақстан тарихында Сыр сондай орынға ие» (Акишев, Байпаков, 1972: 216), -дейді. Сырдария өзенінің ежелгі атауын гректер Яксарт деп атаған, бұл атау араб шапқыншылығына дейін сақталған. Ортағасырдың жазба деректерінде Сейхун, Қаңғар, Гүл-Зариун, Йыншу-оғыз деген атаулармен кездеседі (Кляшторный, 1964: 215). Сонымен қатар Сырдария өзені «Шыр» деген атау үлгісінде де кездеседі. Сырдария өзенін шығыс авторлары Чир және Чирчик (Шыр және Шыршық) деп атаған. Хафиз-и Таныш ибн Мир-Мұхаммад Бұхари «Шыр өзенін қазір Шыршық деп атайды», - деп көрсетеді (Грошев, 1985: 156). Тек XVI ғасырда ғана өзен өзінің бастапқы Сыр атауын иеленеді. Сырдарияның суы жиі арнасынан шығып тасып жақын аймақтарды басып отырды. Сырдария суы құрамында калий мен натрий тұздарының мол кезігуі

су жайылған жерлердің құнарлығын арттыра түскен.

Оңтүстік Қазақстан территориясында тарамдала ағатын көптеген тау өзендері, олардың ішіндегі су мол Бадам, Арыс және Ақсу өзендері де Талас Алатауының алдыңғы бөлігін отырықшылыққа қолайлы алқапқа айналдырған. Суармалы жерлердің құнарлығын күшейткен Арыс өзені суының да химиялық құрамының едәуір бөлігін де калий және натрий тұздары құрайды (Грошев, 1985: 15-16). Оңтүстік Қазақстан аймағында беткейлерінде көптеген өзендер мен бұлақтар аққан Қаратау өтеді.

Сырдарияның орта және төменгі ағысы өзінің географиялық орналасуына орай көне заманнан-ақ далалық көшпелілер мен Орта Азияның отырықшы алқаптар арасындағы аса маңызды тұрақты сауда және мәдени байланыстардың орны еді. Оңтүстік Қазақстанның кең байтақ жері мен Ұлы Жібек жолының тармақтары өтіп су көздері жанында орналасқан ортағасырлық қалалардың дамуына игі ықпал етті.

Ауа райы мен жеткілікті су көздері, суарудан құнарлығы артатын топырақтың болуы едәуір көлемді және тұрақты өнім беретін егіншілікпен айналысуға мүмкіндік берді. Су көздері сауда жолдарының да бағыттарын анықтайтын факторлардың бірі болды. Сонымен жайлы табиғи-географиялық және тарихи жағдайлар Оңтүстік Қазақстанның аймақтары мен алқаптарының шаруашылық, әкімшілік және сауда орталықтары болатын қалалардың негізін қалаған егіншілердің ірі қоңыстары пайда болуына мүмкіншілік туғызды.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазу барысында жазба деректердегі мәліметтер және археологиялық материалдар тарихи дерек ретінде талданды. Ортағасырлық қалалардың қалыптасу тарихын мазмұндауда жазба және археологиялық мәліметтер сәйкестендіріліп, зерделенді. Мақаланың мазмұнында ортағасырлық қалалардағы отырықшы тіршілікке табиғи ортаның ықпалы тарихи деректерді талдау арқылы жан-жақты сипатталып ашылды; Ортағасырлық қалалардың қалыптасуына түрткі болған табиғи жағдайлар сараланды. Зерттеу объектісіне айналған Оңтүстік Қазақстан территориясында ортағасырлық қала мәдениетінің дамуында табиғи ортаның атқарған рөлі айқындалды. Мұндай нәтижелерге тарихи деректерден келтірілген үзінділерге ғылыми талдау жасау әдісін пайдалану арқылы қол жеткізілген.

Талдау. Зерттеу тақырыбына қатысты К.А.Ақышев, С.Жолдасбаев, В.А.Грошев, К.М.Байпақов және т.б. ғалымдардың іргелі монографиялық еңбектеріне сүйеніп тұжырымдалған. К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович, С.Жолдасбаев, М.Қожа еңбектеріне талдау жасау және жаңа деректік құжаттарды талдау арқылы қол жеткізген. Сонымен қатар ОҚКАЭ (Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы), САЭ (Сығанақ археологиялық экспедициясы) жүргізген қазба жұмыстары мен олардың қорытындылары және жақын және алыс шет елдерден аталмыш бағдарлама аясында әкелінген қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи маңызы бар қолжазбалар, сирек кітаптар, архивті документтер, мұрағаттар жинақ түрінде басылып шыққан басылымдарға талдау жасай отырып, қол жеткізген.

Зерттеу нәтижелері. Б.з.д. I мың жылдықтың екінші жартысында Аралға таяу аймақта Қазақстанда тұңғыш бекіністі қалалық мекендер пайда болды.

Олардың қатарында Сырдарияның көне арналарында Шірікрат, Бәбішмола, Баланды пайда болды (Байпаков, 2005:316). Сырдарияның орта ағысындағы ең көне қалашықтар қатарында б.з.б. I ғ. жататын Асаршық-Шаншар қалашығы да бар (Қожа, 2007: 91-94). Оңтүстік Қазақстандағы ең көлемді ортағасырлық қалашықтардың бірі Отырартөбенің төменгі қабаты I мыңжылдықтың ортасымен белгіленеді (Байпаков, 2005: 82). Шамамен осы уақытта, Түркістанның көне бөлігі – Ясы да осы кезеңде қалыптасты (Смагулов және басқалар, 1998: 91).

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның Түркі қағанатына кіруі көшпелілер мен отырықшы халық арасында белсенді қарым-қатынас орнатты. Сырдария өзені аңғарындағы қалалар ортағасырлық кезеңде Дешті Қыпшақ, Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияның отырықшы, егінші алқаптары арасындағы сауда-саттық қатынастар да маңызды рөл атқарды. Көшпелі түркі тайпаларының Сырдария өзені аңғарында отырықшылыққа өтуі олардың қалалармен байланыстарын күшейте түсті де, уақыт өте келе түркілік қалалар да пайда болды.

Қазақ хандығы құрамына Түркістан атты тарихи аймақтың кіруі өңірдегі күрделі этникалық процесстерді және түрлі шаруашылық-мәдени типтердің арасындағы байланыстардың нығаюын жеделдетті. Деректерде қазақтардың бір бөлігі Оңтүстік Қазақстан қалаларында тұрғаны жөнінде мәліметтер кездеседі. XVI ғ. аяғына жататын Сығанақ жарлықтарының үшіншісі Сығанақты мекендеуші тұрғындардың қоғамда атқаратын қызметінен бөлек, ұлттық құрамы жайлы біршама мәлімет алуға болады. Мәселен, бұл грамота арабтарға (арабтар деп XVI ғ. бұл аймақта, кейіннен өздерін қожа деп атаған тұрғындардың бір бөлігі болуы мүмкін), түріктерге (Сығанақтың тұрғылықты халқы солай аталуы мүмкін, жаңа кезеңде олар өздерін қазақтар мен өзбектерден шыққан халықпыз деген пікірді ұстанған), қазақтарға, қарақалпақтарға бағышталып жазылғандығы айтылады (Ибрагимов және басқалар, 1969: 650).

1693 ж. Түркістан қаласына барған Теуш мергеннің есебі бойынша онда Тәуке ханмен бірге қазақтар саны еркек пен әйелдерді қосқанда 1000 адам: «казаков живет в том городе с Тевки ханом мужеска полу и женска человек с 1000» (А.Исина, 2005: 704). 1740 ж. келіссөздердің журналға жазылған нұсқасы бойынша аргындардың басшысы Нияз батыр Түркістан қаласы тұрғыны деп белгіленген (А.Исина, 2005: 125). Ұлы жүз биі Төленің Ташкент қаласында үйі болыпты, онда әйелімен екі баласы тұрыпты. Қазақтың билеуші өкілдерімен қатар қалада кедейленген қазақтарда мекен етті. 1735 ж. Ташкент пен Түркістан арасындағы қалашықтарды атай отырып, саудагер Ш.Арсланов оларда сарттар тұрады дей отырып, олардың арасында кедейленген қазақтар тұрады дейді: «между которыми и киргиз-кайсаки убогие живут» (Ерофеева, Жанаев, 2007: 516). А.И.Левшин Ұлы жүз қазақтарының қоныс географиясын атай отырып, олардың кейбірі Ташкент, Түркістан және олармен көрші елдімекендерде тұратынын көрсетеді: «некоторые живут в самых городах Ташкенте, Туркестане и соседственных с ними селениях» (Ерофеева, Жанаев, 2007а: 620). Я.П.Гавердовский мәліметтері бойынша Орта жүздің көпшілігі қазірдің өзінде Ташкент пен Қаратау маңында тұрақты ауылдар тұрғызып алған – «многие из киргизцев

средней орды заводят уже постоянные селения около гор Каратау и в Ташкенте» (Итенов, 1989: 56-62).

Түркістан цитаделіндегі археологиялық зерттеулер барысында XVI-XVII ғғ. қалада көшпелі өмір сүру салтын ұстанатын тұрғындардың болғандығын растайтын материалдар табылды. Түркістан цитаделінің оңтүстік-батыс бұрышын қазу барысында 3 киіз үйдің астыңғы бөлігін бекітетін тас қаландылар табылды. Мұндай киіз үй негіздері бұдан алдыңғы археологиялық қабаттарда табылған жоқ (Смағұлов және басқалар, 1998: 159-161). Түркістан қаласы ішіндегі киіз үйлер Қазақ Ордасына 1694 ж. сәуір-шілде айларында іс-сапармен келген Федор Скибин және Матвей Трошиндер жазған мақалаларда көрсетіледі (А.Исина, 2005: 412-417).

Каратаудың солтүстік беткейіндегі қалаларда жүргізілген қазба жұмыстарының барысында металдан жасалған оймақ табылды. Оймақ сырты жұмыс істегенде сырғып кетпес үшін жасалған терең емес нүктелермен безендірген, мұндай оймақты қазақ әйелдері теріден киім тігу кезінде қолданған. Ран және Күлтөбе қалаларына жүргізілген қазба кезінде де күнделікті қолданылатын тұрмыстық заттардың ішінде ерекше көзге түсетіні қойдың асықты жілігінен жасалған 2 дана шүмек. Шүмек аталған қала тұрғындарының қазақтар болғандығын дәлелдей түсетін тағы бір археологиялық материалдың бірегейі десе де болады, өйткені қазақта бала бесігінің құрамдас бөлігі ретінде ертеден танымал, қыз және ер балаларға арналған шүмектің жасалуында өзгешеліктер бар (Жолдасбаев, 2012: 94-95).

Созақтың қала тұрғындарын оның айналасында көшіп жүрген қазақтар жалпы атпен «сарт» деп атаған. Алайда ол шығу тегі бойынша ала-ғұла болатын. Олардың ішінде едәуір топты, қалаға тұрақты еніп кеткен түрлі қазақ руларының: ошақты, сатек, қоралас, мырза тобының өкілдері құрады (Жилина, 1982: 137-163). Қазақтардың Орта Азия қалалары мен көрші аймақтардың орталықтарында тұрғаны жөнінде де хабарлар бар. А.И.Левшиннің пікірінше қазақтардың кейбірі Хиуада, Бұқарада, Қытай иеліктерінде, Ташкентте, Қоқанда тұрады және онда өз үйлері, жерлері, баулары бар – «некоторые живут в Хиве, Бухаре, китайских владениях, Ташкенте, Коканде и имеют там свои дома, земли, сады» (Левшин, 1996: 298). Кейінгі ортағасырлық Бұқарада қазақтардың 15 үйден тұратын жеке орамы болған (Сухарева, 1976). Қазақ көшпелілерінің отырықшы болып қалада тұрақтауын Шымкенттіктер туралы XX ғ. басында айтылған мына пікір айғақтайды: «Шымкенттіктердің пікірінше олар Отырар мен Түркістаннан шыққан және олар таза сарт тобына жатпайды, олар қазақпен араласқан топқа жатады». Көзбен көргендердің айтуынша, Түркістан тұрғындары тілі мен антропологиялық белгілері бойынша далалықтардан айырмашылығы шамалы болып келген (Добромыслов, 1912: 204).

Сырдария қалалары тұрғындарының бір тобы аймақта жүрген этникалық процесстер барысында қазақ халқының құрамына кірген. Қазіргі қазақтардың құрамында өздерін қала тұрғындарының ұрпағы ретінде қарастыратын этникалық топтар бар. Олардың алдыңғы қатарында сунақ пен қожалар бар және олар қазақ тайпаларының дәстүрлі тізімінде көрсетілген (Гродеков, 1889, 298). Сыр бойы қалаларын мекендейтін сунақтар Сығанақ қаласының тұрғындарының ұрпағы болса, қазіргі таңда аталып

жүрген қожа топтары, мәселен, Отырар қожа, Аққорған қожа секілді атаулары Оңтүстік Қазақстан кейінгі ортағасырлық қала атауларымен байланысты және олардың алдында өмір сүрген орындарынан сыр шертеді. Мәселен, ортағасырлық автор Молда Мұса бен Молда Иса қожа Сайрамы өзінің «Тарих-и амнийа» атты шығармасында Сайрам қаласының халқының құрамы жайлы мынадай мәлімет келтіреді: «Сайрам халқы үш тайпаға немесе үш руға бөлінеді: қожалар руы, шах руы, әмірлер руы» (Ибрагимов және басқалар, 1969: 487).

Сонымен, Қазақ хандығы дәуірінде қазақ көшпелілердің бір бөлігі отырықшы қала халқымен ассимиляцияға түсті және керісінше қала мәдениетінің құлдырау кезеңінде отырықшы халықтың бір бөлігі жаңа жағдайға бейімделу кезінде айналасындағы далалық көшпенді қазақтар қатарына кірігіп отырды. Олардың кейбір топтары жүзге кірмейтін топтарды құрды.

Қалаға тұрақтаған қазақтар отырықшы-егінші және қолөнер тіршіліктің қыр сырларын игерді және қалалықтардың тіршілігіне белгілі дәрежеде ықпал етті. Созақ қаласындағы қазбалар көрсеткендей, XV-XVI ғғ. керамикалық ыдыстардың түрі қазақтың этнографиялық тостағандарында байқалады. Ал кейбірі Оңтүстік Қазақстанның керамикалық бұйымдарындағы ою-өрнектер қазіргі қазақ өрнектерінде де көрініс тапқан (Ерзакович, 1966: 66-69). Көшпелілердің қалалықтарға ықпалы олардың тіршілігінде көшпелілерге тән бұйымдар мен заттар қолдануында байқалады. Мысалы, киіз үй, текемет, алаша, ши қолдануында көрініс тапты. Осындай түйе жүнінен тоқылған алаша 1972 ж. Күлтөбе қаласына жүргізілген қазба барысында сыпа еденін тазалау кезінде табылған (Жолдасбаев, 2012: 30).

Қазақтардың кейінгі орта ғасырда саздан тұрақты құрылыстар салғаны жөнінде мәліметтер бар. Атаман Телятниковтың Ташкентке сапары жөніндегі мына жазбасы «Журнал похода подпоручика и атамана Телятникова в Ташкению (май 1796 г.)» бойынша «Арыс өзені бойында Ұлы жүздің үйсін бөлігінің жайлауы, оның көптеген жерлерінде шағын бекіністер тұрғызылған және жау шапқанда сол өлкенің қазақтары әйел балаларымен бірге қалашықтарға тығылып, қарсылық көрсетеді» (Ерофеева, Жанаев, 2007: 162) деген мәлімет бар. Саздан тұрақты құрылыстар салумен қоса, оңтүстік қазақтары тұрақты үйлер салып, оны кен пештермен жылытқан, тандыр пайдаланғанын археологтар дәлелдеп отыр (Жолдасбаев, 1978: 203-212).

Қорытынды. Аталмыш деректер ауа-райы қолайлы, әрі су көздері мол Қаратау қойнауы мен Сыр бойында қалалар тұрғызып, жаудан қорғанған, тұрақты тұрғын жайлар салып, егін еккен, қолөнермен айналысқан этникалық топтардың ішінде қазақтардың болғандығының бірден-бір айғағы десе де болады. Көненің көзі іспеттес ортағасырлық қалалар дамуы, олардың қалыптасуына түрткі болған географиялық ортамен тікелей байланысты. Табиғаты қатаң Оңтүстік Қазақстан жағдайында, таулардан бастау алатын маңыздылығы жоғары өзендердің бойы мен Қаратау қойнауын қазақтардың тек қыстау ретінде ғана пайдаланбай, онда тұрақты тұрғын жайлар салып, жыл бойы мекендегенін дәлелдейтін айғақтар ортағасырлық қалалардан жеткілікті табылуда. Қала тұрғындарымен ассимиляцияға түскен қазақтар қолөнермен айналысып, егін еккен, қалалар тұрғызып,

жаудан қорғанған. Қазіргі кезде әрбір қазақ отбасы пайдаланатын қолөнер бұйымдары мен тұрмыстық заттардың қазба жұмыстарының барысында қалалардан табылуы кейінгі ортағасырлық қалаларды мекендеген этникалық топтардың ішінде қазақтардың болғандығын айқындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. - Алма-Ата: Наука, 1972. - 216 с.

Байпаков К. Қазақстанның ежелгі қалалары. - Алматы, 2005. - 316 б.

Гродеков Н.Н. Киргизы и кара-киргизы Сырдарьинской области. Юридический быт. - Ташкент, 1889. - Т.1. - 298 с.

Грошев В.Л. Ирригация Южного Казахстана в средние века. - Алма-Ата: Наука, 1985. - 156с.

Добромислов А.М. Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент. - Ташкент, 1912. - С.109-158.

Ерзакович Л.Б. О позднесредневековом городище Сузак // Известия АН Казахской ССР. Серия общественная. - 1966. - №3. - С. 66-69.

Жилина А.Н. Традиционные поселения и жилища узбеков Южного Казахстана. Жилища народов Средней Азии и Казахстана. - М., 1982. - С. 137-163.

Жолдасбаев С. Позднесредневековые города на северных склонах Каратау. - Туркестан: Туран, 2012. - 109 с.

Жолдасбаев С. Жилища казахов Южного Казахстана XV - XIX веков по данным археологии // Археологические памятники Казахстана. - Алма-Ата, 1978. - С. 203-212.

История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям XVIII - XIX века /Сост.И.В.Ерофеева, Б.Т. Жанаев.- Алматы: Дайк-Пресс, - 2007. - Т. 6. - 516 с.

История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века /Сост. И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаев.- Алматы: Дайк-Пресс, - 2007. - Т. 5. - 620 с.

История Казахстана в русских источниках / сост. А.Исина. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - Т. 1. - 704 с.

Итенов А.О. Фортификация позднесредневекового Туркестана. Маргулановские чтения. - Алма-Ата, 1989. - С. 56-62

Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. - М.: Наука, 1964. - 215 с.

Кожа М.Б. Городище Шаншар // Свод памятников истории и культуры Южно-Казахстанской области. Отрарский район. - Алматы, 2007. - С. 91-94.

Левшин А.И. Описание киргиз - казачьих, или киргиз - кайсацких орд и степей. - Алматы: Санат, 1996. - 656 с.

Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / сост. С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. - Алма-Ата: Наука, 1969. - 650 с.

Смагулов Е., Григорьев Ф., Итенов А. Очерки по истории и археологии Средневекового Туркестана. - Алматы: Ғылым, 1998. - 232 с.

Сухарева О.А. Квартальная община позднефеодального города Бухары. - М.: Наука, 1976.

Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани. Михман-наме-йи Бухара («Записки бухарского гостя») / пер. с персидского Р.П.Джалиловой; под ред. А.К.Арендса. - М.: Главная редакция восточной литературы изд-ва Наука, 1970. - С.55-167.

REFERENCES

Akishev K.A., Baipakov K.M., Erzakovich L.B. Drevniy Otrar [Ancient Otrar].- Alma-Ata: Nauka, 1972. - 216 p. [in Russian].

Baipakov K. Qazaqstannıń ejelgi qalaları [Ancient cities of Kazakhstan].- Almaty, 2005. - 316 p. [in Qazaq].

Grodekov N.N. Kirgizy i kara-kirgizy Syrdarinskoi oblasti. Iyridicheskii byt [Kirghiz and Kara-Kirghiz of the Syrdarya region. Legal life].- Tashkent, 1889. T.1. 298 p. [in Russian].

Groshev V.L. Irrigatsia Iynogo Kazakhstana v srednie veka [Irrigation of Southern Kazakhstan in the Middle Ages].- Alma-Ata: Nauka, 1985. - 156 p. [in Russian].

Dobromyslov A.M. Goroda Syr-Darinskoi oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aylie-Ata i Chimkent [Cities of Syr-Darya region. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata and Chimkent].- Tashkent, 1912. P.109-158 [in Russian].

Erzakovich L.B. O pozdnesrednevekovom gorodishe Syzak [About the late Medieval settlement of Suzak]// Izvestia AN Kazahskoi SSR. Seria obshestvennaya. - 1966. №3. P. 66-69 [in Russian].

Jilina A.N. Traditsionnye poselenia i jilisha yzbekov Iynogo Kazakhstana. Jilisha narodov Srednei Azii i Kazakhstan [Traditional settlements and dwellings of the Uzbeks of Southern Kazakhstan. Dwellings of the peoples of Central Asia and Kazakhstan].- M., 1982. - P. 137-163 [in Russian].

Joldasbaev S. Pozdnesrednevekovye goroda na severnykh sklonah Karatay [Late medieval cities on the northern slopes of Karatau].- Turkestan: Turan, 2012. - 109 p. [in Russian].

Joldasbaev S. Jilisha kazahov Iynogo Kazakhstana XV - XIX vekov po danym arheologii // Arheologicheskie pamiatniki Kazakhstana. [Dwellings of the Kazakhs of Southern Kazakhstan of the XV-XIX centuries according to the data of archeology].- Alma-Ata, 1978. P. 203-212 [in Russian].

Istoria Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI-XX vv. Pytevye dnevniki i sljebnye zapiski o poezdках po iynym kazahskim stepam XVIII - XIX veka/ Sost.I.V.Erofeeva, B.T. Janaev [History of Kazakhstan in Russian sources of the XVI-XX centuries. Travel diaries and memos about trips to the southern Kazakh steppes of the XVIII-XIX centuries].- Almaty: Daik-Pres, 2007. T. 6. 516 p. [in Russian].

Istoria Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI-XX vv. Pervye istoriko-etnograficheskie opisanja kazahskikh zemel. Pervaja polovina XIX veka/ Sost. I.V.Erofeeva, B.T.Janaev [History of Kazakhstan in Russian sources of the XVI-XX centuries. The first historical and ethnographic descriptions of the Kazakh lands. First half of the nineteenth century]. - Almaty: Daik-Pres, 2007. T. 5. 620 p. [in Russian].

Istoria Kazakhstana v russkikh istochnikakh [History of Kazakhstan in Russian sources] / sost. A.Isina.- Almaty: Daik-Pres, 2005. T. 1. 704 p. [in Russian].

Itenov A.O. Fortifikatsia pozdnesrednevekovogo Turkestana [The late medieval fortifications of Turkestan]. Margulanovskie chtenia.- Alma-Ata, 1989. P. 56-62 [in Russian].

Klashtorny S.G. Drevneturkskie rynicheskie pamiatniki kak istochnik po istorii Srednei Azii [Ancient Turkic runic monuments as a source for the history of Central Asia].- M.: Nauka, 1964. 215 p. [in Russian].

Koja M.B. Gorodishe Shanshar [The Settlement Shanshar] // Svod pamiatnikov istorii i kul'tury Iyno-Kazahstanskoi oblasti. Otraskii raion.- Almaty, 2007. P. 91-94 [in Russian].

Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazachih, ili kirgiz-kaisaskih ord i stepei [Description of Kirghiz-Cossack or Kirghiz-kaisak hordes and steppes].- Almaty: Sanat, 1996. 656 p. [in Russian].

Materialy po istorii Kazahskikh hanstv XV-XVIII vekov (izvlechenia iz persidskikh i turkskikh sochinenii) [Materials on the history of the Kazakh Khanates of the XV-XVII centuries (Extracts from Persian and Turkic works)] /sost. S.K.Ibragimov, N.N.Mingylov, K.A.Pishylyna, V.P.Iydin.- Alma-Ata: Nauka, 1969. 650 p. [in Russian].

Smagulov E., Grigorev F., Itenov A. Ocherki po istorii i arheologii Srednevekovogo Turkestana [Essays on the history and archaeology of Medieval Turkestan]. - Almaty: Gylm, 1998. - 232 p. [in Russian].

Suhareva O.A. Kvartalnaia obshina pozdnefeodalnogo goroda Byhary [Quarter community of the late feudal city of Bukhara]. - M.: Nauka, 1976. [in Russian].

Fazlallah ibn Ruzbihan Isfahani. Mihman-name-ii Byhara ("Zapiski byharskogo gostá") [Mihman-nameh-yi Bukhara («Notes of the Bukhara guest»)]/per. s persidskogo R.P.Djalilovoi; pod red. A.K.Arendsa.- M.: Glavnaia redaksia vostochnoi literatýry izd-va Nauka, 1970. - P.55-167 [in Russian].

ҒТАХР/ IRSTI/ МРНТИ: 03.01.09, 03.20.00

Зият АЙТКЕНОВ¹, Бауыржан АБДРАХМАНОВ²,

¹ т.ғ.к., доцент, E-mail: ziyat15@mail.ru

² т.ғ.к., доцент, E-mail: abdrahmanov_bayr@mail.ru

^{1,2} Павлодар педагогикалық университеті, Қазақстан, Павлодар

АКАДЕМИК С.БЕЙСЕМБАЕВТЫҢ «ҚАЙРАН БАУЫР» АТТЫ ЕСТЕЛІГІ

Ұлы даланың қасиетін, онда қалған ата-баба ізі адамзаттың даму тарихына қосылар үлкен үлес екені қазір баршаға мәлім. Осыған орай, Н.Назарбаев тарихымыздағы тұлғалар рөлі мәселесіне көңіл аударған. Бүгінде жер-жерлерде тұлғалар жөнінде ірілі-уақты кітап, кітапшалар шығып, ескерткіштер қойылып жүр. Бірақ ескерткіштердің мәртебесін анықтап, олар жөнінде деректер жинап жатқан өте сирек кездеседі. Сол себептен тұлғатану ғылымын мәселесіне қатты көңіл бөлу қажет деп есептейміз. Оның әдістемелік және теориялық негіздерінің жасалуы маңызды.

Осы тұрғыда біз көрсетіп тұрған мақаламызда академик С.Бейсембаев туралы қысқаша өмір жолы мен қызметіне тоқталдық. Ал, негізі нар тарихшы С.Бейсембаевтың өзінің бауырына тау тұлға, ұлы тарихшы Е.Бекмахановқа арнаған естелігін толық нұсқасын жариялауды жөн көрдік.

Кілт сөздер: Академик, тұлға, ғылыми-зерттеу, тарихшы, тарих, қоғам, қайраткер, кеңестік.

Зият АЙТКЕНОВ¹, Бауржан АБДРАХМАНОВ²,

¹ к.и.н., доцент. E-mail: ziyat15@mail.ru

² к.и.н., доцент, E-mail: abdrahmanov_bayr@mail.ru

^{1,2} Павлодарский педагогический университет, Казахстан, Павлодар

МЕМУАРЫ АКАДЕМИКА С.БЕЙСЕМБАЕВА «ҚАЙРАН БАУЫР»

Сейчас всем известно, что на грани Великой степи оставленные в ней следы предков являются большим вкладом в историю развития человечества. В этой связи Н. Назарбаев обратил внимание на роль личностей в нашей истории. Сегодня на местах издаются крупные книги, брошюры о лицах, ставятся памятники. Но очень редко можно определить статус памятников и собрать данные о них. Поэтому мы считаем необходимым уделить большое внимание вопросам науки о личности. Важно, чтобы были разработаны его методические и теоретические основы.

В связи этой проблемы в этой статье мы кратко остановимся на жизненный путь и деятельность академика С. Бейсембаева. Но, главное мы решили опубликовать полную версию мемуара выдающего историка С. Бейсембаева, посвященную его брату великому историку Е. Бекмаханову.

Ключевые слова: Академик, личность, научно-исследовательский, историк, история, общество, деятель, советский.

Ziyat AITKENOV¹, Baurzhan ABDRAKHMANOV²,

¹ c.h.s., associate professor, E-mail: ziyat15@mail.ru

² c.h.s., associate professor, E-mail: abdrahmanov_bayr@mail.ru

^{1,2} Pavlodar pedagogical university, Kazakhstan, Pavlodar

MEMOIRS OF ACADEMICIAN S. BEISEMBAYEV «KAYRAN BAUYR»

Now everyone knows that on the verge of the Great Steppe, the traces of ancestors left in it are a great contribution to the history of human development. In this regard, N. Nazarbayev drew attention to the role of personalities in our history. Today, large books, pamphlets about people are published on the ground, and monuments are erected. But it is very rare to determine the status of monuments and collect data about them. Therefore, we consider it necessary to pay great attention to the issues of personality science. It is important that its methodological and theoretical foundations are developed. In connection with this problem, in this article we will briefly focus on the life path and activities of Academician S. Beisembayev. But, most importantly, we decided to publish the full version of the memoir of the outstanding historian S. Beisembayev, dedicated to his brother, the great historian E. Bekmakhanov.

Keywords: academician, personality, research, historian, history, society, figure, Soviet.

Кіріспе. Қазақстанда тарих ғылымының Кеңестік дәуірде қалыптасып, дамуына өз еңбектерімен, зерттеулерімен елеулі үлес қосқан ғалымдардың үлкен шоғыры өсіп шықты. Олар Отан тарихы бойынша іргелі зерттеулер жүргізіп, республикамыздың ғылымы мен мәдениетінің өркендеуіне бар күш-жігерлерін жұмсады. Осыдан-ақ, қоғамның прогреске ұмтылған талпынысын шапшаңдатуға ықпал ететін, өздерінің көргендігімен өмір сүріп отырған кезеңінің бет-бағдарын анықтайтын негізгі күш – зиялылар қауымы екендігін байқаймыз және де, зиялылар қауымының

тарихын зерттеу, олардың рөлі мен ғылымға қосқан үлесін зерделеу, кейінгі ұрпақ үшін маңызды міндет екендігін түсінеміз.

Сондықтан да болар, бүгінгі таңда Отандық тарих ғылымы еліміздің тәуелсіздігімен бірге келген терең де түбегейлі өзгерістер мен жаңаруларды басынан өткеруде. Оның ең басты көрінісі – тарих ғылымының бұрынғы кеңестік идеологиялық қыспақтан арылып, ғалымдарымыздың төл тарихты түбегейлі зерттеуге бет бұрғаны дер едік. Ұлттық тарих жалаң күйінде емес, тұтас ұлттық таным, төл рухани құндылықтар

контекстінде қарастырыла бастады. Бірақ бұдан бүгінгі таңда тарих ғылымы өзінің міндеттерін тікелей орындай бастады, қоғам дамуының қажеттіліктеріне толық жауап беруде деген ұшқары ой тумаса керек.

Материалдар мен әдістеме. Кеңестік дәуірде өмір сүрген тарихшылардың еңбектері «маркстік-лениндік» тұрғыда жазылған деген үкімді оңай шығара салуға дайын еңжарлық пен салғырттылықтың бұл мәселеге мойын бұрып, зерттеуге кедергі жасап отыр десек, асыра айтпағанымыз болар. Кеңестік дәуірде зиялылардың рөлі жасанды түрде төмендетілді, кейінгі орынға ығыстырылды. Көптеген талантты ғалымдар, өнер, мәдениет қайраткерлері репрессияға ұшырап, есімдері көпке дейін белгісіз болып келді. Қазақ ұлтының бетіне шыққан қаймағы – оқығандарын, зиялыларын, қаламгерлері мен санаткерлерін сылып алып тастап, бірнеше буынның төбесіне қорқыныш пен үрейді төндірді де тұрды. Бұл ұлт ой-санасының жетілуі мен дәстүр сабақтастығына орасан зиянын тигізді. Ұлт дамуының күретауы рухани салада «ақтандақ» беттер көбейді. Осындай қиын да, күрделі проблемалардың қатарына жеке тұлғалардың, жеке тарихшылардың қоғамдық қызметтері мен ғылыми еңбектерін зерттеу жұмыстарының жатқызылуы да орынды. Өйткені, олардың саяси-әлеуметтік көзқарастарын, қоғамдық қызметін бағалауда, қазақ тарихындағы рөлін анықтауда белгілі бір бағыт, табан тірер негіз бар. Бұл тұрғыда кешегі кеңестік империя кезінде жүргізілген бір жақты идеологияға қарамастан халқымыздың сол ғасырдың күрделі тарихын алғашқы күйінде жеткізуге тырысқан С.Асфендияров, М.Тынышбаев, Е.Бекмаханов, Ә.Марғұлан сияқты біртуар тарихшы ғалымдардың қатарында академик, тарих ғылымының докторы, профессор С.Бейсембаевтың болуы да кездейсоқтық емес. Сондықтан да көзінің тірісінде Отандық тарихтың дамуына ерекше атсалысып, халқымыздың өткеніне, болашағына шыншыл баға беру жолында талай қиындықтарға ұшыраса да өмірінің соңына дейін адал қызмет еткен ірі тұлғаның іс-әрекеті жас ұрпақтардың ой-санасынан берік орын алуы керек деп білеміз. Сондай-ақ, жинақтау, жүйелеу, салыстыра зерттеу әдістер қолданылды.

Талдау. Мұрағат қорларындағы материалдармен танысу барысында Серікбай Бейсембаевтың соңына қалдырып кеткен тарихи мұраларының өте мазмұнды әрі бай екендігін байқадық. Ғалымды, әсіресе, еліміздегі мұраларды жинақтау, тарихи маңызды мәселелерді талдау, жүйелеу, орысшадан қазақ тіліне аудару арқылы халыққа насихаттау мәселесі көп толғантқан. Сондықтан да қоғамдық ғылымдар мамандарын даярлауға ерекше көңіл бөліп, оларға ғылыми басшылық жасауда және басшылық ететін ғалымдарды тағайындау ісінде С.Бейсембаевтың еңбегі зор деп білеміз. Сондай-ақ, кезінде оған және өзі басқаларға жазған хаттар ғалымның достық қатынастарға көп мән бергенін, қолынан келген көмегін ешкімнен аямаған ізгі жүректі, адамгершілігі мол, парасатты тұлға болғандығын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері. Әрбір талантты ғалым белгілі бір кезеңде ғылымның түрлі салаларына үлес қосады. Міне, осы орайда көзінің тірісінде белгілі қоғам қайраткері, академик-ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Серікбай Бейсембаевтың Қазақстан тарихының қалыптасып, дамуына қосқан өзіндік үлесі көл-көсір.

Кеңес дәуірінде тарих ғылымы тек маркстік-лениндік тұғырнамаға сәйкес зерттелген, дей тұрсақта, кеңестік кезінде тарих ғылымының Қазақстанда қалыптасып, дамуына, өркендеуіне С.Бейсембаев өз зерттеулерімен, еңбегімен, талантымен елеулі үлес қосқан.

С.Бейсембаев биік-биік лауазымдық қызметтерге көтерілді. Қазақ мемлекеттік университетінің КОКП тарихы кафедрасының меңгерушісі, университеттің оқу жұмысы жөніндегі проректоры, Қазақстан коммунистік партиясы Орталық комитетінің Ғылым және мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Қазақ КСР Жоғары Білім министрінің орынбасары, әр жылдары (1957-1960, 1964-1979 жж.) Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтының директоры және кеңесші-ғылыми бола жүріп, Қазақстан тарихы ғылымының дамуының теориялық мәселелерін зерттеумен қатар, ғылыми-іздену жұмыстарына да басшылық жасап, бағыт-бағдар берді, көптеген тың мәселелерді көтеріп, оларды іске асырудың ұйымдастырушысы болды. Ғалымның тікелей араласуымен 60-тан астам кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалған. Солардың 20-сы С.Б.Бейсембаевтың өз шәкірттері [1].

Ол ел тарихын зерттеу ісімен шұғылданып қоймай, республикамыздың ғылымы мен мәдениетін өркендеуіне, жалпы менталитетінің өсуіне олжа салды. С.Бейсембаев қазақ халқының ұлттық тарихы мен мәдениетін ғаламдық деңгейге жеткізуді өзінің сапалы ғұмырына өзек еткен азаматтардың бірі. Ол бұл мәселені мақсат етіп қана қоймай, оны іс жүзіне асыруда білімін, тәжірибесін сарқа жұмсаған. Сондықтан да, ғалымның еңбектері бүгінгі таңда өзінің маңыздылығын жоймаған. Ол партия қызметкерінен мемлекеттік қайраткер дәрежесіне көтерілді [2].

Ғылымға кешеуілдетіп келсе де, өмірден мол тәжірибе жинақтаған салиқалы азамат қызмет баспалдақтары арқылы тез көтерілген. Және де негізгі мамандығы қоғамдық ғылымдарға, оның ішінде тарихқа сәйкес келмесе де, соғыстан кейінгі бар саналы өмірін өз халқының тарихын зерттеп, биік белестерге көтеру үшін сарп еткен патриот азаматтардың бірі болған. Түрлі қоғамдық қызметтер атқара жүріп, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ халқының патшалы Ресейдің отарлау саясаты кезеңіндегі және Кеңес үкіметі тұсындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық хал-жағдайларын тереңінен зерттеп, оның оң және теріс жақтарын саралап берген алғашқы кеңестік ғалымдардың бірі болды [3].

Академик С.Бейсембаев Ұлы Отан соғысынан кейін, нағыз машықтанған ғалымдар жұмыс істеп жүрген ғылым саласына келді. Қазіргі күн тұрғысымен салыстырса С.Бейсембаевтың ғалым-зерттеуші ретінде қалыптасуы кешірек басталды. Біріншіден, оның жоғары тарих білімінің дипломы болған жоқ. Ол кезінде Харьков кеңестік сауда институтын бітірген (1936 ж.). Әрине, бұл біліммен ол ғылыми-зерттеу партия тарихы институтын 20-жылдай басқарамын деп ойламаған болар. Екіншіден, ғылым кандидаты дәрежесін 40-жасында ғана алған. Үшіншіден, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жанындағы партия тарихы институтының директоры болып тағайындалған кезде ол 45 жаста болатын. Оның кеудесінде тек ғана жауынгерлік ордендер мен медальдар ғана емес, сонымен қатар бейбіт өмір кезіндегі наградалар «Құрмет грамоталар», да бірсыпыра [4].

Біз С.Бейсембаевтың зерттеуі арқылы дүниеге келген еңбектерінің барлығы да бүгінгі көзқарас, бүгінгі талап-тілекке сай келеді деп айтудан аулақпыз. Отандық тарих саласында өнімді де нәтижелі зерттеулермен соңына көп мұра қалдырған Серікбай Бейсембаев кеңестік қоғамның күрделі және қарама-қайшылығы мол кезеңінде тарих ғылымына келген еді. Бұл уақыт қоғамдық өмірдің құқықтық емес әкімшіл-өміршіл биліктің еркіне бағындырылған заңсыз өктем-деспоттық режимнің қалыптасу кезеңі еді. Сондықтан аз ғана топ мемлекет тізгінін қолына ұстап, өзі қалыптастырған әкімшіл-өміршіл жүйенің басында тұрып, қоғамның дамуын өзі белгілеген жолмен жүргізді. Кезінде ол да басқа да ғалымдар сияқты «қызыл империя» саясатымен, оның бір жақты идеологиясымен санасуына тура келді. Сондықтан ол көп жағдайларды тура айтудан жалтырап, факті дерек, цифр тілімен айтуға тырысты. Оны түсінбегендер С.Бейсембаев құрғақ фактілерді үйіп, төгіп, оған талдау жасамайды деп те кінәлады. Өйткені, өткен ғасырдың 1930-1950 жылдары партиялық-өктемдік басқару мен әкімшіл-өміршіл жүйе гүлденіп, оның үстіне «Правда» газетінде жарияланған «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» мақаласы (10 сәуір 1951 жыл) мен Қазақстан КОКП VIII пленумының «О состояниях и мерах улучшения идеологической работы парторганизации республики» атты негізгі баяндамасында, оның қорытындыларында «Қазақстан тарихы мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан зерттелсін, саяси кемшіліктер жойылсын» деген ұран үстем болды. Сондықтан, кеңестік дәуірде өмір сүрген кез келген тарихшы-зерттеушінің еңбектерінің марксизм-ленинизм тұрғысынан жазылу заңдылық болды. Бұл-тарихи факт.

Академик С.Бейсембаевтың ғылыми мұрасына қысқаша тоқталып өттік, енді оның бауыры, әйгілі тарихшы ғалым Е.Бекмахановқа арнаған естелігінің толық нұсқасын жариялауды жөн көрдік.

ҚАЙРАН БАУЫР!

Міне, 1969 жылдың апрелі, бойдағы кеселдің кесірімен ауруханада жатырмын. Тағы да сол екінші терапия. Ана жылғы (май 1966 ж.) Ермұхан екеуміз жатқан терапия. Дәл Ерик (өзара осылай деп атаушы едік марқұмды) жатқан бөлменің қатарындамын.

Сол уақыттағы ауыр жағдайлардың бәрі көзге елестейді... Қатты күйзелген, қиналған, қысылған бауыр. Басын сүйеп, жанында көз жасын мөлдіретіп отырған Халима – жары. Сүйген жары. Сүйеніші. Жұрттың қаңқуына қарамай қалап алған жары.

Бауырдан мезгілсіз айырылды. Бауыр елжіреді... Өкіндік, қайғырдық, қасіреттендік. Амал не? Бұл табиғаттың заңына қарсы адам баласы әзір әлсіз.

Осы аразамыздан мезгілсіз талай жандар, ардагерлер, қайраткерлер, халқының атағын әлемге жайған ғұлама ғалымдар бірінен соң бірі кетіп жатыр... Қаныш, Мұхтар, Күләш, Мұхан, Ахмет, Төлеген, Ермұхан, Өміржан, Зейін.

Осы ардақтыларды қайтпас сапарға жөнелтіп, қоштасқанда тек Сұлтанмахмұттың:

Талай шаштар ағарар,

Талай тәнді жер алар,

Талай буын қуарар

Талай өмір суалар, –

деген зарлы-зардапты жолдары еске түседі.

Қара өлім қара жерге талайды әлі апармақ. Бірақ, қайғыратының, қиялданатының – талай сабаздар,

уақытынан ерте, өмірдегі ырзығын тауыспай, нағыз қыршын кезінде арманда кетіп жатыр.

Соның бірі – Ермұхан.

Тұрғызбай, жатқызып қойған аурухана төсегінде сұлап жатып, өткен өмірді елестетем. Ермұхан екеуміздің балалық шағымызды еске түсірем. Шалқамнан жатып осы жолдарға жол бердім.

Ермұхан менен 4-5 жас кіші. Бала күнімізден бір ауылда өстік. Төре ауылы еді. Баянның Жасыбай көлінің жағасы, Найзатас сырты. Ескіше айтқанда екеуміз екі рудан (ол – төре, мен – қозған) болсақта, ағайындығымыз да бар еді. Менің өгей әкем Бегадай Ермұханның үлкен әкесі Бегеннің інісі еді. Осы жақындық бір аласапыран кезде Ермұханның соңынан мені де жөнелткізе жаздады...

Бекмахан тек қана күн көрісі бар, жүдеу шаруа еді. Момын адам болатын. Ал Ермұханның мамасы Бәйіш өткір адам болатын. Біз ересек балалардың өзі ол кезде Ермұханға тиісуге Бәйіш ападан қатты қорқатынбыз.

Бұл жұпыны шаңырақта екі ұл: Дінше, Ермұхан, бір қыз – Қамия өсіп, жаңа талпынып келе жатқанда Бекең өте ерте қайтыс болды. Барлық ауыртпалық Бәйіш-апайдың басына түсті. Бегадай, Жармұхаммед (Сержанның әкесі, Бекмаханнның туған інісі) Қоңырбайдың (Бәйіштің ағасы) аздаған жәрдемдерін былай қойғанда, бұл алтын ана ешкімге алдырмады, талдырмады, балаларын жұртқа қалдырмады.

Әуелден Баянауыл қазақтарының оқуға құмарлығы, ынталығы ерекше болатын. Ал совет үкіметі орнағасын Дінше, Ермұхан, мен сияқты жетімдердің де оқуға қолы жете бастады.

Балалық шақтағы сәл бір қызықты жәйт еске түседі. Кіші-кірім төре ауылынан азамат соғысы бітісімен-ақ оқуға кірісе бастаған жастар аз емес. Олар көбінесе Семей, Кереку (Павлодар), Свердлов сияқты қалаларда оқитын. Оның ішінде Шамхан, Қасқатай, Тәукехановтар, Нәспен, Бидан Қоңырбаевтар, Рамазан Бегадаев, Дінше Бекмаханов тағы басқалар.

Бұлар жазда дем алуға елге келгенде, біз (Қажан, Ғаббас, Махмұт, Ермұхан, Сержан, т.б.) олардан кіші балалар мез-майрам болып қалатынбыз. Оларды үлкен қалаларда жүрген, оқымысты, құдайдай көретінбіз. Олардың европаша киіміне, ақ жағалы, мойнына шүберек байлаған көйлектеріне, судырағаны плаштарына, жылтыраған шебелеттеріне таңырқана қарап, сипап көретінбіз. Шіркін-ай біз де осылардай болар ма екенміз деп армандайтынбыз.

Олар біздің көз алдымызда орысшаға шетінен судай, әбден жетілген ағалар. Өздері өзара біз түсінбесін деп кейбір жағдайларды орысша сөйлесіп, бізден жасыратын. Біз мына түсініксіз сөздерге одан сайын құмартамыз. Оларға үйрет деп жабысамыз. Жеке-жеке сөздерді олар бізге үйрете бастады. Бұл үйрету, біздің тілегіміз бойынша, өзіміздің ойын-күлкі, қалжыңымызға керекті бірізге біріміз ат қоюдан басталды. Соның салдарынан мен «Лопухий», Ермұхан – «Курносый», Махмұт – «Нос» деп аталып кеттік.

Қазір Коммунист партиясының ұлт саясатының саясында самғап өсіп, осындай дәрежеге жеткен кезде, кейде өткен-кеткенге ой жүгіртесің, заманның талай кезеңдерін салыстырасың... Ау ескі заман болса, мен сол Ақбеттаудың Әбужүсіп болысының есігінде малшылықта қалар едім-ау дейсің.

Бұл есікте үш баласымен Бәйіш апай да қалар еді...

Мен Ермұханнан бірер жыл бұрын оқуға бардым. 1924 жылы Баянауылдың қазақ мектебінің 2-класында оқып жүрген кезім. Кішкентайымыздан Ермұхан екеуміз үйір едік. Бәйіш апай менің шешем Ықыш марқұммен сырлас-сыбайлас еді. Сондықтан болар мен Баянда оқып жүргенде Бәйіш апайдың шақыруы бойынша (біздің қыстау ол кезде Ащы бойында болатын) каникулда 15 шақырым жердегі Бекең үйіне келіп, еркелеп, тыраңдап, Ермұханмен алысып-жұлысып, жер еденге төселген қалың шөптің үстінде (ол кезде төсегіміз де сол) тасыртұсырды салып жататынбыз.

Сол кезде Ермұхан туралы есте қалған бір жағдай. Оқуға өте құмар еді. Мені үйіне бір неше каникулға шақырып, Баяннан әліппе (букварь) кітабын, қағаз-қарындаш, сия алдырып, ешбір тыныштық бермей, менен алфавитты үйреніп алып, ежелей кітап оқи бастап еді (Дінше бұл кезде Павлодар жақта оқуда болатын). Ермұхан зеректігінің арқасында Баян мектебінің екінші класына бірден түсіп, осы Сәлкен, Жұмабек, Имаш, Төлеш сияқтыларды бірден қуып жетіп, басып озған еді (мен 1926-1928 жылдар Павлодардың бастауыш мектебінде оқыдым).

1926-1930, 1930-1931 оқу жылдарында мен Семейдің промышленно-экономический техникумында оқып жүргенімде, Ермұхан Баянда оқып, орта мектепті бітіріп, Тамбовтың педагогикалық институтына кетіпті. Ол кездегі қиыншылық жылдарда, бір бірімізден көз жазып қалдық. Мен Воронеждің экономикалық институтына түсіп, 1935 жылға дейін оқып, осы жылы Харьковтің институтына көштім. Ал Ермұхан осы жылы Тамбовтан Воронеж институтына көшіпті. Сөйтіп екеуміз де Воронеждің түз-дәмін татыппыз, Россияның тарихи шаһарларының бірі Воронежде тәлім-тәрбие, білім алыптыз. Оны кейін 1937 жылы Алматыда көп жылдан кейін кездескенде білдік.

Талаптыға нұр жауар дегендей, Ермұхан талапты, талантты, өрісі кең, өрелі жан еді. Қазақ тарихшыларының ең алдыңғы сапындағы, бірінші орындағы жүлдегері еді. Докторлықты тіпті екі рет, арасы алшақ екі тақырыптан бұлжытпай қорғады-ау! Осы екі еңбекті де жазып жүрген кезінде басы-қасында болып жүрдім, қалай жазғанын көріп жүрдім. Жазғыш, ғылыми зерттеулерге қабілетті, терең ойлы, проблемаларды ғылыми қорытқыш, нағыз ғұлама ғалым еді.

Сондықтан да ол жап-жас кезінде-ақ қазақтың тарихтан бірінші докторы болды. Оны күндеушілер де, қызғанушылар да, жалған достары да, жаман пасық жолдастары да аз болған жоқ...

Әбділда айтқандайын:

Жақсының жарқылдаған жаны жомарт,

Жаманның жаны бейім дұшпандыққа,—

осылардың талайлары Ермұханға дұшпандық көрсетіп, жара салды... Ал «дос салса қанжар жоныңнан, емдеу қиын жарасын». Ермұханның ерте кетуі осы жараның да салдары болар...

Ермұхан ғылыми-зерттеу ісін өте жақсы көруші еді. Маған: «Сен осы тақты қойып қашан ғылыми қызметке көшесің»,— деуші еді. «Ау, Ерик-ау, сені мен біз коммунистерміз, партия қайда жіберсе сонда барамыз»,— деп мен стандарттық жауап бергенде. Ол: «Иә, солай-ау. Сенің денсаулығың жақсы, ғылымға да әлі үлгірерсің»,— дейтін.

Ермұханның әр саладан сауаты, өмірлік өнегесі, ынта-зар, құмарлығы болушы еді. Ол өнерді жақсы

көретін. Домбыра (солақай тартатын), гармонь, аккардион, пианино осылардың бәрін күмбірлетіп жіберетін. Менің өлең айтқанымды жақсы көруші еді. Кейде өзі қосылып, балалық шақтағы, кең жайлауда не елде байдың қозысын бағып жүргендегі айтатын өлеңдерімізді айтушы еді...

Ермұханның қызық мінезін, қулық-сұмдықсыз аңқылдаған көңілін, айтарын айтып салып қарап отыратын жарқын жүзін, оның әрі-берідесін салдық, салқамдық сегіз қырлылығын еш уақытта ұмытуға болмайды.

Біздің үймен өте дос еді. Рабиғамен қалжыңдай беретін. Оны «комиссар апай», не «сузубо партияная жеңгей» деп атайтын. Бір күні «комиссар апайына» қатты ренжіп қалыпты. Рабиға Ермұхан үйге келгенде жақсы күтпей, қазақша ет асып бермей (марқұм «бесбармақты» жақсы көруші еді) қойыпты. Осыдан кейін маған, оңашада, кәдімгідей ойын-шынын араластырып былай деді: «Сен мынау қисық аяқ, сараң қатыныңды таста. Мен өзім саған жақсы қатын тауып берем»,— дегені. Кейін оған Рабиға қайтадан ұнай қалған кезде, Ермұханның маған берген кеңесін айтып, шексілеміз қатып күлетінбіз.

Ермұхан бауырымның бейнесі, жүзі, адамгершілігі, ақылдылығы, ардагерлігі еш уақытта естен шықпас.

Май, 1969 ж. Серікбай. [5].

Қорытынды. Қазіргі заман тұрғысынан қоғамның құндылықтарына деген көзқарас қайта екселіп жатқанда С.Бейсембаевтың қызметі мен жеке басы қоғамтанушылардың сынына ұшырамаған аз ғалымдарымыздың бірі. С.Бейсембаев пен Е.Бекмаханов жеке басының мүддесінен ұлттың, халықтың мүддесін жоғары қойды.

С.Бейсембаев пен Е.Бекмахановтың артында қалған мол мұра ұрпақтардың игілігіне қызмет ете беретін байлық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- ҚРПА 811-Қ, 16-т., № 724, 58-п.
ҚРПА 811-Қ, 16-т., №98, 12-п.
ҚРПА 811-Қ, 16-т., №368, 13-п.
ҚРПА 811-Қ, 35-іс, № 18, 19-п./ 60-летие члена-корреспондента АН КазССР С.Бейсембаева. //Вестник АН КазССР, 1973, № 2, стр.55.
Объединенный ведомственный архив МОН РК л/ф. № 107 Письма С.Бейсембаева./ З.Ш.Айткенов. Академик С.Бейсембаевтың өмірі мен қоғамдық қызметі. Монография, Павлодар, 2018, 9.1 б.т. қосымша Б.

REFERENCES

- QRPA [Presidential Archive of the Republic of Kazakhstan – PARK] 811-Q, 16-t, № 724, 58-p. [in Russian].
QRPA [PARK] 811-Q, 16-t, №98, 12-p. [in Russian].
QRPA [PARK] 811-Q, 16-t, №368, 13-p. [in Russian].
QRPA [PARK] 811-Q, 35-is, № 18, 19-p./ 60-letie chlenakorespondenta AN KazSSR S.Beisembayeva. [60 th anniversary of corresponding member of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR S. Beisembayev]. // Vestnik AN Kazssr, 1973, № 2, str.55. [in Russian].
Obedinennyy vedomstvennyy arhiv MON RK L/f. [Joint Departmental Archive of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan] p/f. № 107 Pisma S.Beisembayeva. / Z.Sh.Aitkenov. Akademik S.Beisembayevtyñ ómiri men qogamdyq qyzmeti. [Life and social activities of Academician S. Beisembayev]. Monografia, Pavlodar, 2018, 9.1 b.t. qosymsha B. [in Kazakh].

Алмас ИМАНҒАЛИЕВ¹, Задаш ДҮКЕНБАЕВА²,
¹ докторант, E-mail: imangaliyev_historian@mail.ru
² т.ғ.д., профессор, E-mail: dukenbaevazo@mail.ru
^{1,2} Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

ТҰҢҒЫШ ФАРАБИТАНУШЫ-ҒАЛЫМ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ ІЗІМЕН («Руханият-Әбу Нәсір әл-Фараби» музейі қорының деректері негізінде)

Бұл мақалада шығыстың ортағасырлық ұлы ғұламасы әл-Фараби есімін және мұрасын Ұлы дала еліне алғаш ренессанстық сенсация жасаған мәшһүр ғалым Ақжан әл-Машанидің XX ғасырдың 50-жылдарында еліміздің оңтүстік өңіріне барған ғылыми сапары, ежелгі Оқсыз қаласы атауы және «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейінің қорындағы әл-Машанидің қаламынан туындаған еңбектері туралы баяндалған. Материалдар ретінде Түркістан облысының Шәуілдір ауданындағы аталған музей қорынан деректік құжаттар мен эпистолярлық мұралары алынды.

Ғұлама ғалым, энциклопедист, гуманист Ақжан әл-Машани – ҚР ҰҒА-ның негізін қалаушылардың бірі, әл-Фарабидің есімін және мұрасын Ұлы дала еліне алғаш қауыштырып, бабаның қазақ жерінде дүниеге келгендігін дүние жүзі ғалымдары алдында дәлелдеген бірден-бір тұлға. Зерттеу жұмысында жазба деректерді сараптау, синтез әдістері қолданылды.

Кілт сөздер: Әл-Фараби, ойшыл, Ақжан әл-Машани, Отырар, Оқсыз, «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейі.

Алмас ИМАНҒАЛИЕВ¹, Задаш ДҮКЕНБАЕВА²,
¹ докторант, E-mail: imangaliyev_historian@mail.ru
² д.и.н., профессор, E-mail: dukenbaevazo@mail.ru
^{1,2} Евразийского Национального университета имени Л.Н.Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан.

ПО СЛЕДАМ ПЕРВОГО УЧЕНОГО-ФАРАБИВЕДА АКЖАНА АЛЬ-МАШАНИ

(На основе источников фонда музея «Духовность – Абу Насир аль-Фараби»)

В статье рассказывается об исследователе великого средневекового мыслителя Аль-Фараби, известного ученого Акжана аль-Машани, о его поездках в южный регион Казахстана в научных целях в 50-х годах XX века. Также статья повествует об истории древнего городища Оксуз и труды Аль-Машани в фонде музея «Духовность – Абу Наср Аль-Фараби». В качестве материалов были использованы документы и эпистолярное наследие из фонда музея Шаулдырского района Туркестанской области.

Ученый, энциклопедист, гуманист Акжан аль-Машани – один из основателей Национальной академии наук Республики Казахстан. Более того, он доказал ученому миру что, Аль-Фараби был родом из Казахской земли, также открыл миру роль великого ученого Абу Насра Аль-Фараби.

В исследовании использовались методы анализа и синтеза письменных данных.

Ключевые слова: Аль-Фараби, мыслитель, Акжан аль-Машани, Отрар, Оксуз, музей «Духовность – Абу Насир аль-Фараби».

Almas IMANGALIYEV¹, Zadash DUKENBAEVA²,
¹ doctoral student, E-mail: imangaliyev_historian@mail.ru
² the doctor of historical science, professor, E-mail: dukenbaevazo@mail.ru
^{1,2} Eurasian National university L.N.Gumilyov,
Nur-Sultan, Kazakhstan.

FOLLOWING THE FOOT STEPS OF THE FIRST FARABIOLOGIST-SCIENTIST AKZHAN AL-MASHANI

(Based on the sources of the foundation of the museum «Spiritualit - Abu Nasir al-Farabi»)

The article tells about the researcher of the great medieval thinker Al-Farabi, the famous scientist Akzhan al-Mashani, about his trips to the southern region of Kazakhstan for scientific purposes in the 50 s of the twentieth century. The article also tells about the history of the ancient settlement of Oksuz and the work of Al-Mashani in the foundation of the museum “Spirituality - Abu Nasir Al-Farabi”. Documents and epistolary heritage from the foundation of the Shauldyr district museum of Turkestan region were used as materials.

The Scientist, encyclopedist, humanist Akzhan al-Mashani is one of the founders of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Moreover, he proved to the scientific world that Al-Farabi was originally from the Kazakh land, also discovered to the world the role of the great scientist Abu Nasir al-Farabi.

The study used methods of analysis and synthesis of written data.

Key words: Al-Farabi, thinker, Akzhan al-Mashani, Otyrar, Oksuz, museum of «Spirituality – Abu Nasir al-Farabi».

Кіріспе. Бүгінгі Рухани жаңғыруымыз – ұлтымыздың ұлт болып ұйысуының, тарихымызды сақтаудың, тұлғаларымызды танытудың, өткенімізді білудің, болашаққа бағдардың, келешекке кемел ғибратты із қалдырудың мәйегі болатын бастама. Осы орайда, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Ұлы даланың дана тұлғасы Әл-Фарабидің мерейтойын мемлекеттік деңгейде атап өту туралы қаулысы жарық көріп, еліміздің барлық өңірлерінде онлайн форматында ғылыми конференциялар, симпозиумдар, форумдар, дөңгелек үстелдер өткізілді. Осылайша, күллі түркі әлемінің мақтанышына айналған Әбу Нәсір әл-Фараби есімі әлемдік деңгейде қайта ұлықталуда. Осы бағытта, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани ғылым жолында қарымды еңбек етіп, бірнеше сұхбаттар беріп, көптеген ғылыми мұралар арнасын жарыққа шығарды.

Ең алдымен, Ақжан әл-Машанидің ортағасырлық ойшыл есімімен және оның мұрасымен танысуына түрткі болған оқиғаларының бірі – 1943 жылы Шығыстың ғылыми мұрасын зерттеуші, бұрынғы Чехословакия Академиясының Президенті, профессор Э.Я. Кольманнның Орта Азия мен Қазақстан ғалымдарының орта ғасырлардағы ғылымға қосқан үлесі туралы баяндамасын тыңдай отырып, әл-Фараби есімін өзінің назарына алуы еді. Ал, Ақжан әл-Машанидің әл-Фарабиді тануына себеп болған екінші жағдай – қазақ халқының ұлы данасы Абай туралы ізденісі мұсылман ренессансының көрнекті өкілі әл-Фараби тұлғасын зерттеуге серпін берді (Машанов, 2007: 10).

Осылайша, Ақжан әл-Машани Ұлы даланың екі алып тұлғасын және мұраларын зерттеп-зерделеуі негізінде табиғат ғылымдары арқылы дүниенің шындығына жетуді өзіне мақсат етті. Осы орайда, 1994 жылы «Зерде» ғылыми-көпшілік журналында (№5) Ақжан әл-Машанидің «Шындық іздеген заман жетті» атты сұхбатында: «Әл-Фарабидің ұзақ ғұмырындағы іздегені – өмірдің шындығы, мәңгілік рухтың сыры. Шындық іздеген адам адаспайды, азбайды. Сол себептен мен талапты жастарға Әл-Фараби бабаңнан шындық іздеу әдісін үйрен дер едім. Тегінде адам өмірінің мазмұны сол шындықта. Шындық жоқ жерде тұрақтылық, әділет, уағда, инабат, махаббат, қанағат, рахымдық, ар-ұят, мензелдес адамгершілік категориялары жоқтың қасы», – деген еді. Осы сұхбатында Әл-Фараби бабамыздың ұстанған жолы, «шындық» атты ұғымның түсінігі мен оның маңыздылығына кеңінен тоқталады (Машанов, 1994: 2). Бұл келешек ізденуші-жас ғалымдарға ғылым жолындағы ұстанатын негізгі бағдарды анықтап көрсетті. Осылайша, Ақжан әл-Машани ортағасырлық ойшыл есімін және мирасын Ұлы дала еліне таныту және баба мұрасындағы табиғат ғылымдарын, таңбалы тастарды және аят-хадистерді сабақтастыра (Әл-Машани, 2007: 213-214), зерттеп-зерделеудің негізінде дүниенің шындығына жетуді өзіне мұрат етті.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл мақала Түркістан облысының Шәуілдір ауданындағы «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейінің қорынан алынған деректік құжаттар мен эпистолярлық мұралардан және Ақжан әл-Машани ізімен барған ізденушінің ғылыми экспедициясынан алынған материалдардан тұрады.

Сонымен қатар, ортағасырлық ойшыл әл-Фарабидің дүниеге келген өңір туралы баяндайтын еңбектері назарға алынды. Зерттеу жұмысын жүргізуде музей қорынан алған деректерді жалпы ғылыми сараптау және синтез әдістері қолданылды.

Талдау. Ортағасырлық ғұлама-ойшыл дүниеге

келген қаланың атауы мен тарихы туралы кеңестік және қазіргі кезеңдегі зерттеушілер еңбектері назарға ұсынылады.

Орыс шығыстанушысы В.В. Бартольд аталмыш қалашық туралы келесідей атап өтеді: «Из городов Фараба на левом берегу Сыр-дарьи находились Сюткенд, где были поселены принявшие ислам тюрки из гузов и карлуков, и Весидж был родиной знаменитого философа Абу Насра Аль-Фараби; крепость существовало еще в XII веке» (Бартольд, 1963: 234 б.).

Ал кеңестік кезеңдегі авторлар арасынан Ақжан әл-Машани 1970 жылы жарық көрген «Әл-Фараби» атты еңбегінде «Отырар атты қоныс басында бірнеше қыстақтардан құралған аудан аты екен. Бертін келе солардың орталық біреуі ғана Отырар-Фараб аталып, басқалары өзге атқа ие болған. Орталық Отырар – Фараб мәдени кіндігі болғанда, оның айналасындағы қыстақтар оған көмекші қызметтер атқарған болуы керек. Қыстақтардың бізге белгілі аттары мыналар: Қарауыл төбе, Қорған-Уасиж, Гауһар-ана, Алтын төбе, Арыстанбап....» деп жазған. Әл-Машани аталған еңбегінде осы қыстақтардың ішінде Уасиж қорғаны ерекше орын алатындығын және Әбу Нәсірдің әкесі көп жылдар бойы осы қыстақты басқарғандығы туралы ақпараттарымен бөліседі (Машанов, 1970: 16). Сонымен қатар, Қорған – Уасиж туралы «Ғылым Ордасы» Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы тұрған Ақжан Машанидің қолжазбасында: «Әбунәср Фарабидің туған жерін дәлденкіреп айтушылар Отырардың дәл орталық өзі емес, оның маңындағы Уазих» атты қорған еді деп келеді. Әл-Фарабидің толық есімінің ішіндегі Узлақ /Узлағ/ деп аталуы, бәлкі осы қоныс атауымен байланысты болуы да мүмкін» деп ғылыми болжам жасалған (қ. 1727, 2). Сондай-ақ, ғалымның «Әл-Фараби» атты еңбегінде ортағасырлық ойшылдың Уасижи қорғанында дүниеге келгендігін және осыған байланысты әл-Фараби есімі кейде Уасижи деп көрсетеді (Машанов, 1970: 16).

Сонымен қатар, Ақжан әл-Машани «Өгізханның қолтаңбасы» атты 16-томдында ортағасыр қалашық Оқсыз атауына қатысты «Өгіз-оксу – оксус-өгіз суағыс-өзен» деген түсініктерді ерте кездерде әрі өгіз ретінде, әрі өзен ретінде қолданыста болғандығы жөнінде атап көрсетеді. Яғни, Ақжан Машани «Оқсыз» қалашығын «оғыз» атты тайпаның атауымен және тотемдік өгізден шыққан деген ғылыми жорамал жасайды (Әл-Машани, 2010: 208).

Сонымен қатар, 1975 жылы Алматы қаласында өткен «Аль-Фараби и развитие науки и культуры стран Востока» атты тезис ретінде жарық көрген мақалалар жинағында А.Н.Нусупбеков, Б.Көмеков «Социально-этнические и культурные процессы в Южном Казахстане (VI-X вв.)» атты мақаласында Әбу Нәсір әл-Фарабидің Отырарға жақын жерде Весидж қаласында дүниеге келгендігі жөнінде атап өтсе, (Касымжанов, 1975: 6) ал, А.Ақышев және К.Байпақовтың «Материальная культура средневекового Отрара» атты ғылыми мақаласында Әл-Фарабидің туған жері Оқсыз деп көрсетілген, бұл қаланың VII-VIII ғасыр аралығында пайда болып, IX-X ғасырларда бұл тарихи өңірде қолөнершіліктің қарқынды дамығандығын айтады. Сондай-ақ, қос автордың аталған еңбегінен Оқсыз қаласы Отырар оазисінде және Қазақстанның оңтүстік өмірінде маңызды рөл атқарғандығы туралы көрсетіледі (Касымжанов, 1975: 78).

Көрнекті жазушы Д.Досжанның «Отырар: естияр балалар үшін» атты кітабында үлкенді-кішілі

қорғандары болған Отырардың ортағасыр шығыс жауһарларының мұраларында, яғни Рашид ад-диннің М. Қашқаридің, араб тарихшылары Несеви, Жүзжани, Мұхаммед Жувейнидің еңбектерінде және «Қорқыт ата» кітабы мен «Оғызнама» шығармасында аталып өтетіндігі жөнінде көрсетсе, (Досжан, 1995: 4-5.) ал автор «Жібек жолы» романында Фараб қаласы жанында Жауһар, Бесік, Оқсыз, Балтакөл, Келінтөбе, Мейрамқала, Құпиян, Қорасан үлкенді-кішілі қорғандардың бар екендігін және Әл-Фарабидің туған жері Аққорған, яғни тарихта Весидж деп көрсетеді (Досжан, 1973: 40).

Е.Қыдыр «Отырар» энциклопедиялық кітабында Оқсыз қалашығының атауына тоқтала келе, «Оксус», «Весидж» (Уасиж) деп атай келе, қала тарихына және сипаттамасына кеңірек тоқталған. (Қыдыр, 2009: 155), ал М. Қожаев «Ортағасырлық Отырар: аңыздар, деректер, зерттеулер» атты еңбегінде Оксус-Оқсыз атауы негізінде көне түркі тіліндегі өзен – «угуз» болуы мүмкін деген ғылыми жорамалын алға тартып, Оқсыз қаласының маңында Өгізсай, Өгізарық атты жер атаулары сақталғандығы жөнінде айтады (Қожаев, 1998: 46).


Зерттеу нәтижелері. Фарабитанушы-ғалым ортағасырлық ойшыл есімін және мирасын жинақтау мақсатында еліміздің бірнеше аймақтарына және шетелдерге сапар шегіп, хат жазып, баба мұрасын жинақтады. Осы ретте, музейдің негізін қалаушы А.Жұмашев «Ақжан Машанов – фарабитанушы» атты мақаласында әл-Машанидің 1985 жылы Отырарға келіп, «Отырар мемлекеттік археологиясы қорық-музейінің» ғылыми қызметкерлерімен болған сұхбатынан былайша үзінді келтіреді: «Мен әл-Фараби мұрасын зерттеуді қолға алғанымда, 1958 жылы Қазақстанда ұлы ойшылдың бірде-бір еңбегі болмай шықты. Содан соң қасиетті Қаратау асып Түркістандағы Әзірет Сұлтанға келдім. Одан бабамның туған жері Отырарға келіп, Арыстанбабаға түнедім. Ертеңіне жаяу-жалпы Сырдың сол жағындағы Оқсызға барып, бір уыс топырақ алып, Темірден пойызға отырып, Ташкентке, әрі Қазанға кеттім. Қазаннан әл-Фарабидің Мысырдың «Ніл» баспасынан шыққан «Ізгі қаланың тұрғындарының көзқарасы туралы» деген трактатын таптым. Екі дана екен» («Ақжан Машанов» қоры, 2001: 3).

Ақжан әл-Машани Фараби мұрасын іздестіруді еліміздің оңтүстік өңіріне сапарлаудан бастады. Осылайша, біз де ғалымның қаламынан туындаған «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегімен таныса отырып, Ақжан әл-Машани ізімен Фарабидің туған жері Түркістан облысының Отырар ауданына бардық. Осы жердегі «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейінің




Суретте:
ізденуші
А.Иманғалиев.

қызметкерлері Ж. Әбжаппар және Б. Тұрсынбаевпен бірге Маяқұм елді мекеніндегі Оқсыз қалашығына барып, керемет көріністердің куәгерлері болдық. Оны төмендегі фотосуреттерден көруге болады.



Суретте: музейдің ғылыми қызметкері
Б. Әбжаппар және А. Иманғалиев.

Осылайша, Оқсыз төбешігінен кейін аталған музей қызметкерлерімен бірге Фараби мен Машани мұралары бар «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейіне жетіп, әл-Фараби және әл-Машанидің эпистолярлық мұралармен танысуға мүмкіндік алдық. Аталған музейдің бас қор сақтаушысы Қ.Құдабай, музей қызметкерлері Ә.Жанболат пен Б.Тұрсынбаев музей қорындағы құнды жәдігерлер мен сирек мұралар туралы кеңінен таныстырды. Атап айтсақ, 2006-2008 жылдары Қазақстандық делегаттардың Сирия сапарынан әкелінген Әбу Насыр әл-Фарабидің «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат» атты қолжазбасы (Мысыр, 1325/1907), «Әл-Фарабидің логикасына Ибн Баджжаттың тү




(«Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейінің
«Ақжан Машанов» қорынан алынды).

сіндірмелері» (арабша, 1994 ж.), әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітап» екі томдығы (арабша, Каир, 1967 ж.) ортағасырлық ойшылдың логика ғылымында қолданған терминдер кітабы (арабша, Бейрут, 1986), әл-Фарабидің «Саясат жайындағы рисала» (арабша, Дамаск, 2006), әл-Фараби туралы сыр шертетін мақалаларға толы газет-қиындылары, А.Машанов, М.Хайруллаев, А.Көбесов, Ә.Дербісәлиев, Ж.Алтаев, А.Қабылова және өзге де фарабитанушы-ғалымдардың ғылыми мұралары бар («Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейінің қорлар туралы каталог құжатынан алынды).

Сонымен қатар, «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейінің қорында сақталған Әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы трактатының» 1-2 томдары бар. Аталған трактат бойынша музейдің ғылыми қызметкері Ж.Әбжаппар: «Бұл трактатты тұңғыш-фарабитанушы ғалым Ақжан әл-Машани 1969 жылдары Сирия сапарында Қазақстанға әкеліп, 1987 жылы өлкетанушы, этнограф Абдулла Жұмашевқа тапсырған» деп атап өтеді. Мұны кітаптың алғашқы бетіндегі қара сиямен қалдырған А.Машановтың қолтаңбасы мен машинкамен жазылған сөзінен көре аламыз.

Сонымен қатар, аталмыш музей қорында Ақжан әл-Машанидің атына жазылған құттықтау хаттары, фото, диплом, куәлік деректік құжаттарының көшірмелері және жеке қолданған заттары бар.



(«Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейінің «Ақжан Машанов» қорынан алынды)

Қорытынды. Қорытындылай келе, баба мұрасынан шындық іздеуді мақсат еткен Ақжан Машаниден алар тағылым мол. Біртуар ғалым Ақжан Жаксыбекұлы өмірдің соңына дейін халқына білім мен ғылымның, өнеге мен үлгінің нұрын шашып, таусылмайтын рухани қазына қалдырды.

Алғыс. Осы ретте, ғылыми сапар барысында қолдау көрсетіп, сирек мұралармен және қолжазбалармен жұмыс жасауға Шәуілдір ауданының «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейінің директоры А.Жұмашев бастаған ұжымға: музейдің бас қор сақтаушысы Қ.Құдабайға, ғылыми қызметкерлер Ж.Әбжаппар пен Б.Тұрсынбаевқа және өзге де музей қызметкерлері мен кітапханашыларына зор алғысымызды білдіреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Ал-Фараби и развитие науки и культуры стран Востока: отв. ред. А. Х. Касымжанов. Тезисы докладов / АН СССР. АН КазССР. - Алма-Ата: Наука, 1975. - 115 стр.

Айтаханов Қ., Жұмашев А. Отырар жәдігерлері. «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейі мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны. – Шымкент: Шың, 2018. – 303 б.

Әл-Машани Ақжан. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2010. 15-том. Өгізханның қолтаңбасы. – 352 б.

Әл-Машани А. Табу. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007 – 296 б.

В.В. Бартольд. Сочинение. Т. I. М., 1963, стр. 234.

Досжан Д. Отырар: естияр балалар үшін. – Алматы: - Өнер, 1995. – 32 б.

Досжан Д. Жібек жолы, Роман. «Жазушы». Алматы – 1973. 272 б.

Жұмашев А. Ақжан Машанов – фарабитанушы» атты мақаланың қолжазбасы, 2001. – 66.

Көмеков. Б.Е. З.С.Ильсова. Йақұттың «Муд-жам әл-булдан» (XIII ғ.) жағрафиялық жинағы – Қазақстанның ортағасырлық тарихының дерегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 245 б.

Қожа М. Ортағасырлық Отырар: аңыздар, деректер, зерттеулер. Түркістан: А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2006. 242 б.

Қыдыр Е. Отырар. – Астана: Фолиант, 2009. – 300 б.

Машанов А.Ж. Шындық іздеген заман жетті. // Зерде. – 1994. - №5. – 42 б.

Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.

Машанов А.Ж. Әл-Фараби: тарихи-деректі кітап/ Алматы: «Жазушы» баспасы, 1970. – 244 б.

Машанов А. Әбунасір әл-Фараби. №1 / Машанов, Ақжан. – 76 б./ Қор 1727. «Ғылым Ордасы» Орталық Ғылыми кітапхананың сирек қорынан алынды.

«Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби музейінің «Ақжан Машанов» қорынан алынды.

«Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейінің қорлар туралы каталог құжатынан алынды.

REFERENCES

Al-Farabi i razvitie nauki i kultiury stran Vostoka. - отв. red. A. H. Kasymjanov. Tezisy dokladov / AN SSSR. AN KazSSR. - Alma-Ata: Nauka, 1975. - 115 str. [Al-Farabi and the development of science and culture of the countries of the East] // ed. A. Kasymzhanov. Theses of reports/Academy of Sciences of the USSR. Academy of Sciences of the Kazakh SSR. - Alma-Ata: Science, 1975. - 115 p. [in Russian].

Aitahanov Q., Jumashev A.Otyrar jädigerleri. // Rýhaniyat Ábý Násir ál-Farabı myzeii. – Shymkent: «Shyń», 2018. – 303 b.[Relics of Otyrar] // «Rukhaniyat – Abu Nasir al-Farabi» museum. – Shymkent: Shyn, 2018. – 303 p. [in Kazakh].

Al-Mashani A. Kóp tomдық shygarmalar jinagy. – Almaty: «Alataý» baspasy, 2010. 15-tom.Ögizhannyńqoltańbasy. – 352 b. [The subscription of bull] // Almaty: «Alatau» publishing, 2010 – 352 p. [in Kazakh].

Al-Mashani A.Tabý. – Almaty: «Alataý» baspasy, 2007 – 296 b.[Find] // Almaty: «Alatau» publishing house, 2007 – 296 p. [in Kazakh].

V.V. Bartold. Sochinenie. t. I. M., 1963, str. 234. [Essays] // т. I. M., 1963. - 759 p. [in Russian].

Dosjan D. Otyrar: estııar balalar ıshın. Almaty: -  ner, 1995. - 32 b. [Otyrar: for children matured] // Almaty: -  ner, 1995. - 32 p. [in Kazakh].

Dosjan A. Jibekjoly. Roman. «Jazyshy». Almaty - 1973. 272 b. [The Silk road] // Almaty: - Publishing «Zhazushi», 1973 - 272 p.

Jumashev A. Aqjan Mashanov farabitanıshy» atty maqalanyń qoljazybasy. / 2001. - 6 b. [Manuscripts of article's of «Ak-zhanMashanov-farabiologist»] // 2001. - 6. / Taken from the fund of museum of «The spirituality - Abu Nasir al-Farabi».

K mekov B.E. Iliasova Z.S. laquttyń «Mı'djam  l-bııdan» (XIII g.) jagrafiyalıq jinagy - Qazaqstannyń ortagasyrlyq tarihnıyń deregi. Almaty: Qazaq  niversiteti, 2011. - 245 b. [The geographical collection of Yakut «Mujam al-Buldan» (XIII century) is a source of medieval history of Kazakhstan] // Almaty: University of Kazakh. 2011.- 256 p. [in Kazakh].

Qoja M. Ortagasyrlyq Otyrar: ańyzdar, derekter, zertteıler. T rkistan: A. Iasaıratyndagı Halyqaralyq qazaq-t rik  niversiteti, 2006. 242 b. [A Brief History of Otrar] // Turkistan. «Miras», 1998. - 64 p.

Erkin Q. Otyrar. Astana: Foliant, 2009. - 300 b. [Otyrar] // Almaty. «Foliant», 2009, - 300 p.

Mashanov A.J. Shyndıq izdegen zaman jetti. // Zerde. - 1994. - №5. - 42 b. [It's time to look for the truth]. // Zerde. - 1994. - №5. - 42 b.

Mashanov A.J.  l-Farabı j ne Abai. Almaty: Qazaqstan, 1994. - 192 b. [ l-Farabi and Abai] // Almaty: Kazakhstan, 1994. - 192 p. [in Kazakh].

Mashanov A.J.  l-Farabı: tarihi-derekti kitap. Almaty: «Jazyshy» baspasy, 1970. - 244 b. [ l-Farabi: book of historical and source] // Almaty: «Zhazushi» publishing house, 1970. - 244 p. [in Kazakh].

Mashanov A.  b n sr l-Farabı. №1/ Mashanov, Aqjan. - 76 b. / Qor 1727. «gylym Ordasy» Ortalyq gylymı kitaphananyń sirek qorynan alyndy [Abu Nasirak-Farabi] // Taken from the rare foundation of the Central Scientific library «Gylym Ordasy». №1 - 76 b. / Fund 1727.

«R haniyat -  b  N sir  l-Farabı m zeiniń «Aqjan Mashanov» qorynan alyndy. [Taken from the fund of «AkzhanMashanov» of museum of «The Spirituality - Abu Nasir al-Farabi»]. [in Kazakh].

«R haniyat -  b  N sir  l-Farabı» m zeiniń qorlar t raly katalog qujatynan alyndy. [Taken from the fund of documents catalogue of museum of «The Spirituality - Abu Nasir al-Farabi»]. [in Kazakh].

ҚАЗАҚ ЕЛІ Ж НЕ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ

FTAXP/IRSTI/MPHTI: 03.20.00

Д улет  БЕНОВ¹, Бибіг л  БЕНОВА²,

¹т.ғ.к., доцент, Қ.Ж банов атындағы Ақт бе  нірлік университеті, Ақт бе, Қазақстан. E-mail: aben_60@mail.ru

²т.ғ.к., доцент, Қ.Ж банов атындағы Ақт бе  нірлік университеті, Ақт бе, Қазақстан. E-mail: bibigul_aben@mail.ru

АҚТ БЕ БЕКІНІСІНІҢ САЛЫНУ ТАРИХЫ

Мақалада патша  кіметінің Ақт бе қаласын жергілікті қазақ жеріндегі  скери бекініс ретінде салу тарихы қарастырылады. «Ақ т бе» атауының шығу тарихы, алғашқы к шелерімен қоныстанушылар туралы айтылады. XIX-XX ғасырлардағы тұрғындар саны салыстырмалы түрде к рсетіліп, қала халқының  су процесін сипаттайды.  лкедегі тұңғыш білім ошақтары мен діни орталықтары (храм, мешіт) ж нінде м лімет береді. Сонымен қатар, 1867-1868 жылдардағы  кімшілік реформаға наразылық танытқан  лкедегі к терілісшілер мен оларды жазалаушы отрядтардың құрамы туралы да деректер келтіріледі. Сандық к рсеткіштер нақты дерекк здерге с йене отырып берілген. Патшалық Ресейдің  лкені отарлау саясатындағы ж ргізген шаралары - қоныстандыру,  нерк сіптік-шаруашылық тұрғыда игеру ж мыстары сипатталады. Мақалада тарихи материалдар негізінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Ақт бе қаласының  леуметтік-экономикалық ж не саяси дамуы баяндалады.

Кілт с здер: бекініс, қала, уезд, аудан, к ше, губерния, қоныстанушылар, к терілісшілер, жазалау отряды, шаруалар.

Д улет  БЕНОВ¹, Бибиг ль  БЕНОВА²,

¹Акт бинский региональный университет имени К.Жубанова, к.и.н., доцент. Акт бе, Казахстан. E-mail: aben_60@mail.ru

²Акт бинский региональный университет имени К.Жубанова, к.и.н., доцент. Акт бе, Казахстан. E-mail: bibigul_aben@mail.ru

ИСТОРИЯ ОСНОВАНИЕ АКТ БИНСКОЙ КРЕПОСТИ

В статье рассматривается история основание царским правительством города Актобе как военной крепости на местной казахской земле. Рассказывается история происхождения названия «Ак Тобе», первые улицы, первые поселенцы. Показаны относительные численность населения XIX-XX веков и описывается процесс роста населения в городе. Предоставляется информация о первых учебных заведениях и религиозных центрах региона (храмы, мечети). Имеются также сведения о повстанцах в районе, протестовавших против административной реформы 1867-1868 годов и составе карательных отрядов. Количественные данные отображаются на основе фактических источников. Описаны меры, принятые царской Россией в политике колонизации региона - переселения, промышленного и экономического развития. В статье на исторических материалах описывается социально-экономическое и политическое развитие Актобе в конце XIX - начале XX веков.

Ключевые слова: крепость, город, уезд, район, улица, губерния, поселенцы, повстанцы, карательный отряд, крестьяне.

Daulet ABENOV¹, Bibigul ABENOVA²,

¹Aktobe Regional University after K.Zhubanov. Candidate of Historical Sciences, docent. Aktobe, Kazakhstan. E-mail: aben_60@mail.ru

²Aktobe Regional University after K.Zhubanov. Candidate of Historical Sciences, docent. Aktobe, Kazakhstan. E-mail: bibigul_aben@mail.ru

HISTORY OF THE FOUNDATION OF THE AKTOBE FORTRESS

The article examines the history of the founding by the tsarist government of the city of Aktobe as a military fortress on the local Kazakh land. The story of the origin of the name «Aktobe», the first streets, the first settlers is told. Shows the relative size of the population of the XIX-XX centuries and describes the process of population growth in the city. Information about the first educational institutions and religious centers of the region (temples, mosques) is provided. There is also information about the rebels in the area, protesting against the administrative reform of 1867-1868 and the composition of the punitive detachments. Quantitative data is displayed based on actual sources. The article describes the measures taken by tsarist Russia in the policy of colonization of the region - resettlement, industrial and economic development. The article on historical materials describes the socio-economic and political development of Aktobe in the late 19th - early 20th centuries.

Key words: fortress, city, county, district, street, province, settlers, rebels, punitive detachment, peasants.

Кіріспе. Ақтөбе бекінісінің салыну тарихы қазақ жерін Ресей мемлекетінің «меншігі» деп жариялаған 1867-1868 жылдардағы әкімшілік («Уақытша Ереже») реформалардың қабылдануына тұспа-тұс келді. Ереженің енгізілуіне қарсы желтоқсан айынан бастап халық наразылығы күшейіп, 1869 жылы көктемде көтерілісшілер санының 30.000-нан асуы билікті үрейлендірді. Орынбор әкімшілігі бекіністердің әскери құрамын күшейте бастады. Орал, Қарабұтақ, Ембі бекіністерінің әрқайсысына 2 жүздік пен 50 жаяу әскерден, 2 зеңбіректен тұратын құрамалар және Ембі постына қосымша 170 адамдық айрықша команда жіберілді [1].

Орынбор мен Ембі постының арасындағы 459 шақырым қашықтықта орыс бекіністерінің болмауы көтерілісшілерді батылдандыра түсті. Сондықтан, әкімшілік осы екі аралыққа тірек пункті ретінде Қарғалы және Елек өзендерінің құйылысқан жерінде Ақтөбе бекінісін, көтерілісшілердің ошағы болып отырған Ойыл өзенінің жағасындағы Қазыбек шатқалында Ойыл бекінісін салу қажет деп тапты.

Мамырдың басында қырға бірнеше отрядтарға бөлінген патша әскері аттандырылды. Жекелеген жазалау отрядтары өлкеге ішкерілей еніп, даланы көтерілісшілерден тазартуы тиіс болды. Оларға “барынша батылырақ қимылдай отырып, бүлікшілерді біржолата жою” тапсырылды. Сөйтіп, 15 сәуір мен 12 мамыр аралығында Ембі постынан Жем өзенінің төменгі ағысы бойына 2 жүздіктен тұратын Новокрещенов отряды, құрамында 170 адамы, Орынбор казактарының 3 жүздігі және 2 зеңбірегі бар Баллюэктің басшылығындағы Ақтөбе отряды, 107 адамдық Орынбор батальонынан, 2 жүздік Орал казактарынан, 13 адам артиллеристерден тұратын және екі зеңбірегі бар Штемпель бастаған Ойыл отряды, сонымен бірге, Қобда және Қиыл өзендеріне Приоров бастаған 2 жүздік отряд шығарылып, ұйымдастыру комиссияларының жанына 35 Орал жүздігі қосып берілді [2].

Патша бекіністері мен жазалау отрядтарының қару-жарақпен жабдықталып, әскер санының ұлғайтылуы арқылы күшейтілуімен байланысты көтерілісшілердің жауапқа тартылу қаупі төніп, олардың біразының “Ережеден үзілді-кесілді бас тартқан бөлігінен” бөлініп кетуіне алып келді. Бірақ көтерілісшілердің ең тұрақты белсенділері күресті тоқтатпай, одан әрі жалғастыра берді. Жамансай деген жерде, 20-27 мамыр аралығында, 20 мыңға жуық көтерілісшілер 7 күн бойы Штемпель отрядын қоршауда ұстап тұрды. Отрядтан 3 адам өліп, 5 адам жаралы болды. Отряд, сонымен бірге, 700 көлікке тиелген Ойыл бекінісіне арналған құрылыс материалдары мен азық-түліктің

біраз бөлігінен айрылды. Көтерілісшілердің одан әрі торуылдауы, күннің аптап ыстығы, көліктің жетіспеуі, азық-түліктің азаюы отрядты әбден титықтатты. Мұндай жағдайда Ойылға жетіп жығылу мүмкін емес екенін түсініп, Веревкин құрылыс материалдарын ертеуге бұйрық берді. Осы жорықта Штемпель отрядында болған Г.Федоров: “Міне, сол күні кешке кермет иллюминацияның куәсі болдық. Құрғақ ағаш сабанша жанды. Бәлкім, жазық даладағы бұл алып өрттің шапағы ондаған шақырымға дейін көрінген де болар” [3] деп жазды.

Материалдар мен әдістер. Мақала бойынша жұмыс барысында негізгі методология жүйелі және кешенді талдау болды. Бекіністің зерттелу тарихын ғылыми тұрғыдан ашып көрсету мақсатында тарихи зерттеудің объективтілік принципі басты назарға алынды.

Мақала тақырыппен байланысты әдебиеттер мен газет-журналдардың деректеріне нақты тарихи талдауға негізделіп жазылды. Сонымен бірге тарихи-жүйелі және статистикалық тарихи әдістер жиынтығы қолданылды.

Талдау. Ақтөбе бекінісінің салыну тарихы бойынша мәселелер Г.С.Сұлтанғалиеваның «Улицы города Актобе: история и современность», М.Қ.Тәжібаевтың «Ақтөбе облысы тарихы» еңбектерінде айтылады. Өз кезегінде бұл тақырыпта мақалалар 1913-1914 жылдары екі аптада бір рет шығатын «Актюбинский городской вестник» әдеби-шаруашылық журналында, 1898 жылы «Тургайская газета» баспасөз беттерінде жарияланып тұрды. Д.Қ.ӘбенOVтың «Қазақ жерін отарлау тарихы (XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басы)» монографиясында, Б.С.ӘбенOVаның «Ресей империясының қазақ өлкесіндегі аймақтық саясаты (1868-1891 жылдар)» монографиясында Ақтөбе бекінісіндегі алғашқы қоныстанушы шаруалар туралы жазылған. Сонымен қатар ҚР Орталық мемлекеттік архивінің 457-қорында мәліметтер кездеседі.

Зерттеу нәтижелері. 1869 жылғы 14 мамырда Орынбор казачествосының флигель-адъютанты граф Борхтың бастауымен 2 рота, 100 казак әскері, 14 артиллерисі бар 4 зеңбірекпен қамтылған отряд «Ақтөбе» шатқалына жетіп, 19 мамырда артиллерияның оғымен салют шашып, биік екі төбенің басындағы барбетке бекіністің негізін салды. Барбет – бекініс салуға арналған алаң.

Бекініс салуға алғашында қазақтың 8900 десятина жері бөлініп берілсе, 1887 жылы Ақтөбе болысының жерінен Елек-Қарғалы өзендерінің сағасындағы болыс басшысы К.Сүлейменовтың қыстауларын бұздырып, жердің көлемі 27101 десятинаға жеткізілді. (1 десятина 1,09 га-ға тең. Ресейде 1927 жылға дейін

пайдаланған жер өлшемі).

Аталған облысты отарлау 1869 жылы Ақтөбе бекінісінің ірге тасы қалануымен басталып, орыс шаруаларының өз бетімен келіп, бекініс жанына көптеп қоныстануының есебінен толығы түсті.

Ақтөбе бекінісі салынған кезден бастап-ақ, бұл өңірге бірлі-жарым орыс отбасылары қоныс тебе бастады. Орыс шаруаларын жаппай қоныстандыру процесі тек 1878 жылдың көктемінен бастап әскери губернатор мен уезд бастығының рұқсатымен ресми түрде іске асты.

Алғашқы қоныстанушы шаруалардың қатарында Воронеж губерниясының тұрғыны И.А.Мощенский болды. Әскери қызметтері аяқталғаннан кейін осы өңірде тұрақтанып қалған Кобляков пен Куклев және Подковыров, Саморуков, Гаврилов деген саудагерлер де алғаш орналасқан орыс азаматтары еді.

1878 жылдың күзінде бұл жерге аталған губерниядан тағы 9 отбасы, ал 1880 жылы – 40 шаруа отбасы келіп қоныс тепті. Қоныстанушылар саны осылай жылдан жылға өсе берді. 1886 жылы Ақтөбе уезінде қоныстанғандардың дені 177-ге жетті [4].

Қоныстандыру әрекеттері жергілікті халықтың мүддесі мен ұлттық, экономикалық ерекшеліктерін ескермеген әскери басшының нұсқауымен жүріп жатты.

Олай дейтініміз, облыс әскери губернаторы генерал-майор А.П.Проценко Ішкі істер министрлігіне Торғай облысын отарлау қажеттігі жөнінде бірнеше рет (1885 ж. 28 ақпан, 1886 ж. 14 ақпан) мәселе көтерді. Ол “Орынбор өлкесін Түркістаннан бөліп жатқан орасан зор кеңістікті орыстардың отарлауынсыз қалдыру жалпы мемлекет мүддесінен келгенде мүмкін емес, сондықтан Орта Азиядағы біздің иеліктерімізді Империяның ішкі аудандарымен байланыстыру үшін Торғай облысында Түркістан бағытына қарай жер өңдеуші орыс қоныстарының тізбегін құру қажет” деген ұсыныс жасады [137]. Әскери губернатор министрліктің қолдауын күтпей-ақ, шаруаларды облыс территориясына өзі қоныстандыра бастады.

Әкімшілік тарапынан қоныстанушыларға кеңінен жағдай жасалуы ішкі губерниялардан ағылған мұжықтар легінің ұлғаюына алып келді. 1895 жылы Ақтөбе жеріне қоныстанушы отбасыларының саны 2000-ға жетті.

Айта кететін мәселе, солжақтағы, яғни қазіргі телемұнара орналасқан төбеде көнекөз қарттардың айтуынша, ноғайлық Мамайдың ұрпағы Қарасай жерленген ақ тастан қаланған моласы болатын. Сондықтан, сол төбе ел арасында «Ақ төбе» деп аталынып кеткен.

Екінші, оң қапталдағы төбе, қазіргі «Астана» сауда орталығының орналасқан жері. Міне, қазіргі Ақтөбе қаласының тарихы осы жерден басталады.

1869 жылдың күзіне қарай «Ақтөбе» бекінісі жанына бірен-саран Воронеж губерниясынан келген орыс, украин шаруалары қоныстана бастады. Солардың алғашқыларының бірі, И.А.Мощенский болды. 1913-1914 жылдары Ақтөбеде екі аптада бір рет шығатын «Городской вестник» әдеби-шаруашылық журналының редакторы қызметін атқарған В.И. Мощенский осы шаруаның баласы болатын.

Бірақ, бұл қоныстану ешбір рұқсат құжатынсыз, өз беттерімен жүргізілді. Тек 1878 жылдың көктемінен бастап әскери губернатор мен уезд бастығының рұқсатымен іске асырыла басталды.

Сөйтіп, 1878 жылдың күзінде аталған губерниядан Каюдин Я., Трикозов А., Гузев Г., Богданов С., Шевцов Д., Алейников И., Литюк П., және дін өкілі, поп Золотарев бастаған тағы да 9 отбасы бекініс қасына

орналастырылды. Соның нәтижесінде Ақтөбе бекінісінде ең алғаш Старожительская көшесі пайда болды. Кейін бұл көше 1881 жылдан III-Александрдың таққа отыру құрметіне Александровская, 1920 жылы неміс революциялық қозғалысының қайраткері Карл Либкнехтің аты берілсе, тәуелсіздік жылдары, 1992 ж. бастап жерлесіміз ақын Шернияздың аты берілген.

Одан кейін әскери қызметтері аяқталған бұрынғы солдаттар Шеменев, Гаврилов, Куклев, Кобляков, Саморуков, Подковыров, ағайынды Агап пен Михаил Мисюриндер Крепостная (бекініс дегенді білдіреді), 1952 ж. бастап, қазіргі Қазақ КСР-нің 30 жылдығы атындағы және бүгінгі күнге дейін өз атауын сақтап қалған жалғыз көше, Гарнизонная көшелеріне тұрақтанды. «Горнизонная» деп алғашқы жылы қыстаған 357 солдаттан тұратын Орынбор казачествосы горнизонының атына байланысты аталды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында «Ақ төбе» бекінісінде жалпы саны 15-16 үлкенді кішілі көшелер болған.

Осы кезде татар көпестері Габбасов, Ахметов, Насыров Татар поселкесінің негізін қалады. Кейін бұл аудан халық арасында «Татарка» деп аталынып кетті.

1879 мамыр айында қоныстанушылар Тихон и Алексей Потудиндер, Г.Сергеенко, В.Крахмалев, Х.Шаповалов, Т.Демьянченко толығымен қалыптасып болған Александровская көшесіне тұрақтады.

1880 қаңтарда қоныстанушылар «Ауылдық қауымға» кіру құқығын алып, араларынан тұңғыш старостасын С. Богданды, кейінгі 1881 жылы Острожнийды, 1882-83 жж. – Сергеенконы, 1884 жылы Мощенскийді, ал 1885 жылы Барбетовты сайлады.

1884 жылы Ақтөбе бекінісі жаңадан құрылған аудан «Төменгі», ал бұрынғы аудан «Жоғарғы», немесе Татарка болып екі поселкіге бөлінеді: Жоғарғы поселкінің старостасы болып 1884 жылы көпес М.Габбасов тағайындалды [5].

1887 жылы Дон казак әскерлерінен қоныстанушылардың жаңа толқыны келіп, Татарка поселкісінен 1 верст алшақтыққа (орыстың ұзындық өлшемі, шақырым=500 сажын=1, 0668 км), орналасып, жаңа «Отарвановка» ауданы пайда болды. Алғашқы старосталары М.Марченко, Кривоножкин, Прокопенко және Бородаенколар болды.

«Татарка» ауданы бүкіл бекіністің тіршілігі, негізгі мәдени, сауда-саттық ошақтары орналасқандықтан «қала» деп аталына бастады.

Осыдан кейін, жаңадан қалыптасқан Орынбор, Лениннің қайтыс болуына байланысты 1924 жылдан Ленин, 1998 жылдың 27 наурызынан бастап Әбілхайырға дейін Кіші жүздің басқарған, қазақтың үш биінің бірі Әйтеке би (Айтық) көшесінің бойына жаңа қоныстанушылар мен көпестер Сафонов, Арнаутов, К.Приходько, Г.Домовесовтың отбасылары орнықты.

Алғашқы діни орталықтар ретінде 1880 жылы Ақтөбе бекінісінде Ресейде жинақталған қаржының есебінен Александр Невский храмы тұрғызылса, 1902 жылы қазіргі «ескі қала» бөлігінде орналасқан «Орталық мешіт» салынды. Тура осындай мешіттер Темір мен Ойыл қалаларында да XX ғасырдың басында бой көтерген.

1880 жылдары Ақтөбеде барлығы 35 үй, оның 5-і ағаштан салынған баспана анықталып, қоныстанушылардың 28 отбасы, жалпы саны 409 адам есепке алынды.

Ақтөбенің ең алғашқы халық ағарту ісінің ошағы 1881 жылы 23 қазанда Ыбырай Алтынсариннің ұсынысымен ашылған Бөрте болысындағы Бөрте шатқалындағы екі класты орыс-қырғыз (қазақ – Д.Абенев) «Ақтөбе мектебі» болып саналады. Ал,

аталған білім ордасы 1884 жылы Ақтөбе бекінісіндегі арнайы салынған мектептің жеке ғимаратына көшіріледі. Мектептің қоры уезд бастығының қарауында болып, жергілікті халықтан жиналатын салықтың есебінен жасақталынды. Білім ордасының тұңғыш мұғалімі болып Казан мұғалімдер семинариясын тәмамдаған, профессор И.Ильминскийдің тәлімгері Арсений Мазохин қабылданды. Мектептің жанынан қазақ балаларына арналған 30 орындық интернат ашылды.

1886 жылы Ақтөбе бекінісінің халық саны 862 адамды құрады.

1891 жылдың 25 наурыздағы «Дала» Ережесіне сай «Ақ төбе» бекінісіне «уездік қала» деген статус беріліп, Актюбинск болып атала бастады [6].

1895 жылы Ақтөбе жеріне орналасқан отбасыларының саны 2000-ға жетсе, 1897 жылы Ресей империясында тұңғыш рет халық санағы жүргізіліп, нәтижесінде Ақтөбе қаласы халқының саны 2817 адамды құрап, оның 1514 ер, 1303 әйел азаматтарынан тұрды.

1900-1905 жылдары салынып, 1906 жылдан іске қосылған Орынбор-Ташкент темір жолының Ақтөбе қаласының одан әрі дамуына ықпалы зор болды.

Қорытынды. Қорыта айтқанда 1915 жылы Ақтөбе қаласында 15 840 мың тұрғын, 1 аурухана, 2 кітапхана, 4 төменгі буынғы оқу орны, 35 жұмысшысы бар 3 өнеркәсіп мекемесі, 1 қалалық училище болды. Ал Елек (Ақтөбе) уезі бойынша халықтың саны 30 мыңға жетті [7].

Өкінішке орай, көптеген сол кездің ғимараттары қазіргі кезге жетпей қалды. Жас ұрпақтың бойында тарихи сананы қалыптастыруға тарихи орындар мен ескерткіштердің және ежелгі жәдігерлердің маңызы өте зор болып табылады. Өткенді білмей болашақты аңарту мүмкін емес. Философ Джордж Сантаянның сөзімен қорытындыласақ, «Өткенді білмеген, оны басынан қайта өткізуге мәжбүр».

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР

Абеннова Б.С. Ресей империясының қазақ өлкесіндегі аймақтық саясаты (1868-1891 жылдар). Алматы: Эпиграф, 2019. - 387 б. 112-б.

Абеннов Д.К. Қазақ жерін отарлау тарихы (XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басы). Алматы: ССК, 2020. - 368 б. 78-б.

Актюбинский городской вестник. Двухнедельный литературно-хозяйственный журнал. Ақтөбе. 1913. №4. 7-б.

Актюбинский городской вестник. Двухнедельный литературно-хозяйственный журнал. Актюбинск. 1914. №9.

Ақтөбе бекінісінің салыну тарихынан//Ақтөбе. 2019. №175. 4-б. Султанғалиева Г.С. Улицы города Актобе: история и современность.-Актобе, 2007. -160-б.

Обзор Тургайской области за 1915 год. Оренбург. 1916. - 24-бет.

REFERENCES

Abenova B.S. (2019) Resey imperiasynyñ Kazakh ólkesindegi aimagtyk sayasaty (1868-1891 zhyldar) [Regional policy of the Russian Empire in the Kazakh region (1868-1891)]. – Almaty: Epigraph, 2019. – 112 p. [in Kazakh].

Abenov D.K. (2020) Kazakh zherin otarlaw tarikhy (XIX gasyrdyñ soñy-XX gasyrdyñ basy) [History of the colonization of the Kazakh lands (late XIX-early XX centuries)]. - Almaty: SSK, 2020. – 78 p. [in Kazakh].

Aktyubinskiy gorodskoy vestnik (1913). Dvukhnedelnyy literaturno-khozyaystvennyy zhurnal. [Two-week literary and economic magazine]. – Aktobe, 1913. - №4. - P.7 [In Pussian].

Aktyubinskiy gorodskoy vestnik (1914). Dvukhnedelnyy literaturno-khozyaystvennyy zhurnal. [Two-week literary and economic magazine]. – Aktobe, 1914. - №9. [In Pussian].

Aktobe bekinisinin salynu tarikhy [From the history of Aktobe fortress construction]. – Aktobe, 2019. - №175. – P.4. [In Kazakh].

Sultangaliyeva G.S. Ulitsy goroda Aktobe: istoriya i sovremennost [Streets of Aktobe: history and modernity]. - Aktobe, 2007. – 160 p. [In Pussian].

Obzor Turgayской oblasti za 1915 god. [Overview of the Turgai region for 1915]. – Orenburg, 1916. – P.24. [In Pussian].

FTAXP/IRSTI/MPHTI: 03.20.00

Айнұр ҚАЛЫБАЕВА,

т.ғ.магистрі, аға оқытушы. Қ.Жұбанов атындағы АқОңУ.
Қазақстан, Ақтөбе қ. E-mail: kalybaeva_ainur@mail.ru

ӨЛКЕДЕГІ АГРАРЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАДА (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басы)

Бұл мақалада XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. басындағы қоныстандыру саясатының жүзегісіз барысындағы саяси және шаруашылық жағдайлармен қатар қоныс аударушылардың жергілікті тұрғындар арасына сіңісуі баяндалады. Сонымен қатар қоныстандыру саясатын бір жақты қарастырмай, объективті тұрғыда қарау көзделді. П.Г.Галузо, А.Б.Тұрсынбаев, Г.Ф.Дахшлейгер, Б.А.Төлепбаев және Э.И.Герасимованың аграрлық қатынастар тарихының Кеңестік кезеңдегі еңбектеріне тоқталып, талдау жасалады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ өлкесіндегі аграрлық қатынастардың дамуы өлкеде жұмыс жасаған орыс чиновниктері А.Кауфман, П.П.Румянцев, Ф.Щербина, Г.Гинс, П.Хворостанский және олардың еңбектері қамтылады. Қазақ даласындағы аграрлық қатынастар мәселесі патшалықтың мүддесі тұрғысында қаралғаны айтылады. Сондай-ақ Қазақстандағы аграрлық жағдайды шынайы көрсетіп, патша өкіметінің аграрлық саясатына сыни баға берген, демократиялық концепцияны ұстанған А.Е.Алектров, П.Герн, Т.Седельников, т.б. туралы мәліметтер топтастырылды.

Түйін сөздер: аграрлық қатынас, қоныстандыру саясаты, қауымдық жайылым, чиновниктік-отаршыл концепция, отырықшылық, көшпелі қоғам, патриархалды-феодалды, помещиктік, Столыпиндік аграрлық реформа, буржуазия.

Қазақ тарихы

№1 (190), қаңтар-ақпан, 2021

Айнур КАЛЫБАЕВА,

магистр исторических наук, старший преподаватель АРУ им. К.Жубанова.
г. Актобе, Казахстан. E-mail: kalybaeva_ainur@mail.ru

ПРОБЛЕМА АГРАРНЫХ ОТНОШЕНИЙ В КРАЕ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

В данной статье, наряду с политическими и хозяйственными условиями в ходе проведения политики расселения во II половине XIX – начале XX в. описывается ассимиляция мигрантов в местное население. При этом предполагается, что переселенческая политика будет рассматриваться объективно, а не односторонне. Анализируются работы П.Г. Галузо, А.Б. Турсынбаева, Г.Ф. Дахшлейгера, Б.А. Тулепбаева и Е.И. Герасимовой по истории аграрных отношений в советский период.

Развитие аграрных отношений в казахском крае в конце XIX – начале XX века освещают труды русских чиновников А.Кауфмана, П. П. Румянцева, Ф. Щербины, Г. Гинса, П. Хворостанского, работавших в крае. Рассмотрение вопроса аграрных отношений в казахской степи в интересах царской империи. Также были сгруппированы сведения о А. Е. Алектрове, П. Герне, т. Седельникове и др., которые реально показали аграрную ситуацию в Казахстане, дали критическую оценку аграрной политике царской власти, придерживались Демократической концепции.

Ключевые слова: аграрные отношения, политика расселения, общинное пастбище, чиновниково-колониальная концепция, оседлость, кочевое общество, патриархально-феодалная, помещичий, Столыпинская аграрная реформа, буржуазия.

A.Zh. KALYBAEVA,

magister of historical Sciences, senior lecturer. ARU named after K. Zhubanov.
Kazakhstan, Aktobe. E-mail: kalybaeva_ainur@mail.ru

THE PROBLEM OF AGRARIAN RELATIONS IN THE REGION IN THE SECOND HALF OF THE XIX – EARLY XX CENTURY IN SOVIET HISTORIOGRAPHY

This article, along with the political and economic conditions during the settlement policy in the second half of the XIX – early XX century, describes the assimilation of migrants into the local population. At the same time, it is assumed that the migration policy will be considered objectively, and not unilaterally. The article analyzes the works of P. G. Galuzo, A. B. Tursynbayev, G. F. Dahshleiger, B. A. Tulepbayev and E. I. Gerasimova on the history of agrarian relations in the Soviet period.

The development of agrarian relations in the Kazakh region in the late nineteenth and early twentieth centuries is highlighted by the works of Russian officials A. Kaufman, P. P. Romyantsev, F. Shcherbina, G. Gins, P. Khvorostansky, who worked in the region. Consideration of the issue of agrarian relations in the Kazakh steppe in the interests of the kingdom. We also grouped information about A. E. Alektorov, P. Gernet, T. Sedelnikov and others, who really showed the agrarian situation in Kazakhstan, gave a critical assessment of the agrarian policy of the tsarist government, and adhered to the Democratic concept.

Keywords: agricultural relations, settlement policy, community pasture, official-colonial concept, settlement, nomadic society, the Patriarchal-feudal, landlord, Stolypin agrarian reform, bourgeoisie.

Кіріспе. Тәуелсіздігіміздің жиырма тоғыз жылын артқа тастап, еліміздің әлемдік қауымдастықта алатын орны нақты айқындалған тұста, өткен тарихымызды кеңінен оқып-үйрену мен зерттеп-зерделеудің қажеттілігі күннен күнге арта түсіп, оған аса зор мән берілуде. Сонымен қатар Қазақстан тарихының кейбір кезеңдері мен мәселелерін мұқият зерттеп, қалыптасқан көзқарастарды қайта қарау қолға алынуда. Сондай-ақ қалыптасып келе жатқан отандық тарихнама мен деректеме мәселесіне де баса назар аударылуда.

Отандық тарихнамадағы шешімін күткен, өз зерттеуін қажет еткен мәселелердің бірі – аграрлық қатынастар тарихнамасы. Әрине, республикадағы әр түрлі тарихи кезеңдер бойынша аграрлық қатынастар тарихы мен тарихнамасына қатысты бірқатар еңбектер жазылды. Дегенмен, бұл еңбектер Қазақстан тарихының түрлі кезеңдерін қамтығандықтан, олардың басын біріктіріп, бірізділікке салып, сабақтастықта зерттеу қажет. Себебі тарих сабақтастықпен дамиды. Оның ішінде қазақ жер мәселесінің тарихы, өлкедегі аграрлық қатынастар Қазақстан тарихының қай кезеңі болмасын тығыз сабақтастықта. Себебі XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы патшалықтың өлкедегі жер саясаты мен XX ғасырдың 20-40-жылдарындағы кеңестік биліктің Қазақстандағы жер саясатының мазмұны бірдей отаршылдық сипатта болды. Міне, осы тұрғыдан келгенде XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың 20-40-жылдарындағы Қазақстандағы аграрлық қатынастар тарихы тарихнамасының өзектілігі арта түседі.

Сонымен қатар қарастырылып отырған кезеңдегі

аграрлық мәселе бойынша жарық көрген төңкеріске дейінгі, кеңестік кезеңдегі еңбектердің отаршылдық, таптық мән-мазмұнын ашып көрсету, олардың белгілі бір идеологияға сай жазылғандығын талдау да мәселенің өзектілігін арттыра түсетіні даусыз. Сондай-ақ Тәуелсіздік алған тұстағы методологиялық өзгерістер, мәселеге жаңаша қарау орын алғанын анықтау да маңызды.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы патшалықтың аграрлық отарлау саясаты, қоныстандыру тарихнамасын талдау сол кезеңдегі орыс зерттеушілері мен қазақ зиялыларының зерттеу жұмыстары мен көзқарастарын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге аграрлық тарихқа қатысты тоталитарлық жүйе кезеңінде жарық көрген еңбектердің фактілік құндылығын анықтау, бірыңғай партиялық, таптық көзқарас негізінде жазылған зерттеулерді қайта бағалап, сыни баға беру маңызды болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Бұл мақаланың теориялық-әдіснамалық негіздерін тарихи зерттеудің жалпы ғылыми әдістерінің жиынтығымен қатар тарихи талдауға тән таным теориясы заңдылықтары құрайды. Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасына мұрағат қорлары, Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві және Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві қорлары, осы тақырыпта баяндалған материалдар, әдебиеттер жатады.

Талдау. Отандық тарихнамада XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың 20-40-жылдарындағы аграрлық қатынастар тарихнамасына қатысты бірізді зерттеулер жоқтың қасы. XIX ғасырдың екін-

ші жартысы – XX ғасырдың басындағы орыс зерттеушілерінің еңбектеріне сыни талдау жасай отырып, қазақ зиялыларының еңбектері ұлт мүддесі тұрғысында зерделенді. Бұл ретте Ө.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Тынышбаевтың және т.б. еңбектерін атап көрсетуге болады.

Төңкеріске дейінгі өлкедегі аграрлық мәселе кеңестік кезеңде кеңестік идеологияға сай тап тұрғысында қаралды. Патшалықтың қоныстандыру саясатының мәдениет пен өркениет әкелушілік мәні барынша дәріптелді. Сондай-ақ 20-жылдары патшалықтың отарлау саясатын ашық сынаған авторлар да болды. Олардың қатарында Т.Шонанұлы, Қ.Кемелгерұлы, Н.Төреқұлов, С.П.Швецов, С.Асфендияровтар болды. Ал тәуелсіздік алған тұста бұл мәселеге барынша оң баға берілді.

XX ғасырдың 20-40-жылдарындағы аграрлық мәселе тоталитарлық жүйенің қыспағына түсіп, кеңестік биліктің аграрлық реформаларының бүлдірушілік, қиратушылық мәні жасырылып келді. Керісінше олардың феодалдық-патриархалдық артта қалушылықты жоюдағы прогрессивті мәні дәріптелді. Кеңестік кезеңдегі еңбектердің ішінде Ө.Тұрсынбаевтың, Б.А.Төлепбаевтың, Г.Ф.Дахшлейгердің, К.Нұрпейісовтың, Б.Сүлейменовтың, А.Ереновтың еңбектерін атап көрсетуге болады.

Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында XX ғасырдың 20-40-жылдарындағы кеңестік биліктің аграрлық өзгерістері қайта қаралып, оған жаңаша баға берілді. Басты жетістік-кеңестік аграрлық саясаттың дәстүрлі қазақ шаруашылығын түбірімен жойғаны анықталып, оған тарихи баға берілді. М.Қозыбаев, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Р.Қадысова, Ұ.Ш.Исмағұлов, Б.Әбенова, Д.Әбензов, О.Мұқатов, т.б. еңбектері осының дәлелі.

Зерттеу нәтижелері. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы өлкедегі аграрлық қатынастар тарихын зерттеу кеңестік кезеңде жалғасын тауып, мәселені таптық қағида тұрғысында қараумен ерекшеленді. Соғыстан кейінгі уақытта өлкедегі аграрлық қатынастар тарихын зерттеушілер қатарында П.Г.Галузо, А.Б.Тұрсынбаев, Г.Ф.Дахшлейгер, Б.А.Төлепбаев және басқалар болды. Олар патшалықтың өлкедегі қоныстандыру, аграрлық саясатын қарастырды. 1965 жылы П.Г.Галузоның «Аграрные отношения на юге Казахстане в 1867-1914 гг.» атты зерттеуі жарыққа шықты. Еңбекте түрлі дерек көздерін талдай отырып, XIX ғасырдың аяғы-XX ғасыр басындағы Қазақстанның оңтүстігіндегі егіншіліктің, жер өңдеу ісінің дамуын көрсетеді. Өр жылдардағы статистикалық мәліметтер негізінде қазақтар мен отырықшы келімсек халықтар арасындағы жер өңдеу мен мал шаруашылығы, көлібінің арасалмағын баяндайды. Жетісу, Сырдария, Солтүстік Қырғызстан мен Ташкент уездерін қоса 1897 жылғы халықтың шаруашылық іс-әрекетін бөліп көрсетеді (Галузо 1965а: 51).

П.Г.Галузоның пікірінше, XIX ғасырдың аяғына таман қазақтардың арасында да егін егушілер болып, олардың жерге отырықшылыққа көшу процесі жүрген. Алайда қазақтардың басым бөлігі бұрынғысына мал шаруашылығымен айналысуын жалғастыра берген. Басқа аудандардың шаруаларының өлкені отарлауының қорытындысы өлкедегі егіншіліктің дамуы болған. Егер бұған қазақтардағы жер өңдеудің дамуын қоссақ, онда XIX ғасырдың аяғына таман-ақ Қазақстанның оңтүстігі мал шаруашылықты-егіншілікті болған. XX ғасыр басында бұл үдеріс жалғасқан. 1906-1913 жылдары Қазақстанның оңтүстігіндегі жалпы мал басы саны 7 988,2 мыңнан 10 861,9 мыңға немесе 35,9 пайызға өссе, осы кезеңде егіс алқабы (картоп пен

май өсіруді қоспағанда) 613,8 мың десятинадан 920,6 мың десятинаға өскен. Осылайша, XX ғасыр басында өлке мал шаруашылығының өсіміне қарсы егіншіліктің өсіміне қарай қадам жасаған (Галузо 1965а: 52).

П.Г.Галузо Қазақстандағы аграрлық қатынастар тарихының тарихнамасына да арнап еңбек жазған авторлардың бірі. Еңбекте төңкеріске дейінгі Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы талданады. Автор төңкеріске дейінгі тарихнамадағы чиновниктік-отаршыл концепцияны қатты сынайды. П.Г.Галузо патшалық-чиновниктік тұжырымдамамен бірге демократиялық мазмұндағы пікірлер де болды деп көрсетеді. Мұндай пікірлер өлкедегі орыс интеллигенттері – дәрігерлер, мұғалімдер, статистер т.б. тарапынан жасалынған. Олардың қатарына Н.Васильевті, А.П.Румянцевті, Л.Чермакты, А.Е.Алекторовты, В.Гернды, Н.Зеландты, ішінара Ф.Щербинаны жатқызады. Бұлар демократиялық пиғылдағы адамдар болып, өз пікірлерінде шаруашылық демократияны білдіріп отырған (Галузо 1971б: 3-12).

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасыр басындағы патшалықтың Қазақстандағы қоныстандыру, аграрлық саясатына қатысты бірқатар еңбектердің авторы А.Б.Тұрсынбаев. Автор 1950 жылы жарық көрген «Из истории крестьянского переселения в Казахстан» еңбегінде патшалықтың қазақ өлкесіне көшірген шаруалар саны және оларға тартып алынып берілген жер көлемі туралы мәліметтерді молынан келтіреді. Автордың пікірінше, Сібір темір жолы салынған сәттен бастап үкімет алғаш рет қазақ даласына орыс қоныстанушыларын көшіру мәселесін қойған. Осы мақсатта және қазақтардың пайдалануындағы «артық» жерлерді алу мүмкіндігін анықтау мақсатында 1896 жылы Ф.А.Щербина экспедициясын жіберген (Тұрсынбаев 1950а: 28). Сонымен бірге Столыпиндік аграрлық реформа жылдарында қоныстану қарқыны күшейіп, 1906-1912 жылдары Ақмола облысына – 229 344, Торғай-Оралға – 53 413, Семейге – 55 315, барлығы төрт облысқа – 438 072 адам қоныстандырылған деген пікір білдіреді (Тұрсынбаев 1950а: 33).

А.Б.Тұрсынбаевтың келесі еңбегі «Казахстан в революции 1905-1907 годов» деп аталып, революция қарсаңындағы Қазақстандағы шаруалардың жай-күйі талданады. Автордың пікірінше, төңкеріске дейінгі ауылдың еңбекшілерінің экономикалық жағдайын суреттеу жерді пайдалану тәртібі туралы мәселені қарамау мүмкін емес болған. Ауылда жерді қауым болып пайдалану басым болған. Ал қауымдық жайылымды бөрінен бұрын кімнің табыны көп болса, сол иеленген. Ал бұл өз кезегінде жайылымды пайдаланудың мұндай формасының сақталуы билеуші бай-феодалдардың мүддесін қорғаған (Тұрсынбаев 1987б: 10).

Автордың қазақ қоғамын, ондағы мал мен жайылымдардың бөлінуін, қоғамдық қатынастарды сипаттауда таптық принциптерге сүйенгендігін байқауға болады. «Қазақ қоғамы таптық болды және өндіріс құралдарын антогонистік бөлу орын алған жеке меншікке негізделді. Мал мен жайылымның негізгі бөлігі бай-жартылай феодалдардың қолына шоғырланды. Олар қазақ халқының 15 пайызын құрағанымен, барлық мал басының 60 пайызын иеленді. Бір ірі бай шаруашылығына орташа есеппен малдың барлық түрінен 474 бастан келсе, ал бір кедей шаруашылыққа-8 бастан кем келген. Осылайша, ауылдағы үстемдік етуші қоғамдық қатынастар феодалдық болып, бірақ олар патриархалды рулықпен қабаттасып, патриархалды феодалды ретінде болды», – деп жазады (Тұрсынбаев 1987: 11).

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасыр басындағы пат-

шалықтың қоныстандыру саясатын, қоныстанушы шаруалардың саны туралы мәліметтерді Г.Ф.Дахшлейгер де көрсетеді. Г.Ф.Дахшлейгердің пікірінше, XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басында өлкенің экономикалық және әлеуметтік өмірінде үлкен маңызға ие болған, жаңа фактор-жаппай қоныстану қозғалысы жүзеге асырылған. Ол, әсіресе, 1906-1917 жылдары үлкен көлемде жүрген. Тартып алынған жерлер сияқты, Қазақстанда қоныстанған орыс-украин шаруаларының саны туралы нақты қорытындыланған мәліметтер болмаған. Қолда бар мәліметтер бойынша 1891-1905 жылдары Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстарына 234 134 қоныстанушы мен 184 487 жер шолушы келген. Кері қайтқандар – 133 216 адам болған. Қазақстанның төрт облысына 1 200 мыңнан астам адам орныққан (Дахшлейгер 1965: 50).

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихын зерттеушілердің бірі Б.А.Төлепбаев болды. Автор аталған кезеңдегі өлкедегі аграрлық қатынастар тарихын таптық қағида тұрғысында қарастырғанымен, патша өкіметінің қоныстандыру және қазақ жерлерін тартып алу сияқты әрекеттерін ашып көрсетеді. Сондай-ақ автор өлкеге орыс шаруаларымен бірге мәдениет, білім, ғылым келді деп көрсетеді. Автордың пікірінше Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда егіншілікке қолайлы 50 миллион гектардан астам жер болған. Қазақстанның суармалы жерлері негізінен төңкеріске дейін Түркістан өлкесінің құрамына кірген Шымкент, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған және Алматы облыстарында болған. Төңкеріске дейінгі Түркістанда 168 миллион десятина жердің 66,3 миллионға жуығы егіншілікке қолайлы болып, оның ішінде 48,7 миллион десятинасын көшпенділер иеленген. Олардың аз ғана бөлігі егін алқаптарына пайдаланылған (Төлепбаев 1984: 24-25).

Патша өкіметінің қоныстандыру саясатының мақсатымен қатар қоныстандырудың тиімді жақтары да болғандығын көрсетуде автордың таптық қағида мен кеңестік идеологияның ықпалынан шыға алмағандығын байқаймыз. «Өзінің қоныстандыру саясатында патша үкіметі мынадай екі мақсатты көздеді: бірі Орталық Ресейдегі аграрлық дағдарыс пен шаруалар қозғалысын әлсірету, екіншісі, ұлттық аудандарға кулак шаруашылықтары мен орыс шаруаларын, казактарды орналастырып, соңғыларын өзінің сенімді тірегіне айналдырып, помещиктік жер иеленуді сақтау, – дей келе қоныстандырудың салдарына кеңестік идеологияға сай былай баға береді, – қоныстандыруды жергілікті халықты ығыстырып отырды деп қарау бір жақты болар. Қоныстанушылар Орта Азия мен Қазақстанға озық мәдениет, ғылым және материалдық өндірістің көптеген үлгілерін әкелді. Мысалы, Қазақстанда егіс алқаптары тез ұлғайып, тауарлы астықтың шығымы ұлғайды, өндірістің жаңа салалары пайда болды» (Төлепбаев 1984: 36).

Соғыстан кейінгі кезеңде XIX ғасырдың аяғы-XX ғасыр басындағы өлкедегі аграрлық қатынастар тарихына арнайы еңбек жазған авторлардың бірі Б.Сулейменов болды. Автордың қаламынан туған XX ғасыр басындағы революциялық қозғалыстар, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс және тағы басқа еңбектермен қатар «XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе» атты көлемді монографиясы болды (Сулейменов 1963).

Автор Қазақстанның Ресей империясының аграрлық-шикізат көзі болғандығын нақты көрсетеді. Еңбекте XIX ғасырдың екінші жартысындағы ре-

формалар талданып, өлкенің империяның аграрлық шикізат көзіне айналғандығы дәлелденген. Сонымен бірге автор аталмыш кезеңде ауылда капиталистік қатынастардың біртіндеп енгенін көрсетеді. Зерттеуші қазақ жерлерінің патшалықтың тартып алуы аграрлық қатынастардың шиеленісуінің басты себебі ретінде қарайды. Сондай-ақ қазақ жерлерінің күшпен тартып алынып, казак әскерлері мен қоныстанушы шаруаларға бөліп берілгені де баяндалады (Сулейменов 1963: 370-375).

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы патша өкіметінің қоныстандыру саясатына өз зерттеулерінде көбірек көңіл бөлген авторлардың бірі – Н.Е. Бекмаханова. Автор «Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX века-1917 г.)» атты еңбегінің бесінші тарауында өлкедегі жерді пайдалану мәселесін кеңінен көтереді. Автор 1891 жылғы «Дала ережесі» бойынша өлкедегі жерді пайдалану, жалға беру т.б. өзгерістерді кеңінен талдайды. Автордың пайымдауынша XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Қазақстан мен Қырғызстанда қазақ және қырғыз қоғамының ыдырау процесі белсенді жүрген. Пайда болған буржуазия, байлар өз қолдарына орасан зор жер көлемін шоғырландырып, ауыл шаруашылығы шикізатын өндіретін фабрик-зауыт кәсіпорындарының иелері мен ірі мал өндірушілерге айналған. Байлардың шаруашылығында жалдамалы еңбек кеңінен қолданылған. Сонымен бірге байлар өз қаржыларын жерді жалға беруге жұмсаған. Үкімет байлардың мүддесін қорғап, жеке иеліктердің құрылуына жол берген. 1909 жылғы 9 шілдедегі нұсқауда ірі көлемде малы мен егістік жері бар ірі шаруашылықтарға жер нормасын көтеруге рұқсат етіледі. Сонымен бірге қоныстандыру басқармалары қауымдық учаскелермен бірге байларға жалға беру үшін арнайы жерлер бөлген. Байлардың жерлерді тартып алуы жаппай сипат алған (Бекмаханова 1986).

Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты және оның Қазақстанның экономикалық, шаруашылық өміріне тигізген ықпалы жөніндегі Э.И.Герасимованың да мақаласын айтуға болады. Автор 1884-1891 жылдары Орал облысында 2 299 отбасының қоныстануға рұқсат сұрағаны туралы мәліметті келтіреді (Герасимова 1962: 79).

Э.И.Герасимова: «қазақ шаруалары күштеп жерден айырылудың нәтижесінде олардың отырықшылыққа көшуі күшейді», – деп жазады. 1911 жылы Орал облысының Орал уезінен 8 577, Ілбішін уезінен 393, Темір уезінен 2 520 шаруашылық жерге орналастыру туралы өтініш білдірген (Герасимова 1962: 83).

Э.И.Герасимова қазақтардың отырықшылыққа көшуі олардың мал табындары құрамының өзгеруіне, осыған орай мал азығын дайындауға әкеліп соққанын көрсетеді. Сонымен бірге қазақ ауылына капиталистік қатынастардың енуі мүлктік теңсіздіктің күшеюіне, еңбектің қаналуына әкелді деп, коммунистік идеология шеңберінде өз пікірін былайша тұжырымдайды: «Қазақтардың көшпелі өмірден отырықшылыққа және жартылай отырықшылыққа көшуі олардың мал табынының ірі қара өсіруге қарай бағытталған өзгерісіне әкелді. 1907 жылға қарай Орал уезі бойынша мал табынының құрамы былай болды: жылқы – 27,8 пайыз, түйе – 4,5 пайыз, мүйізді ірі қара – 39,3 пайыз, қой-ешкі – 28,4 пайыз. Мүйізді ірі қараның үлесі 1898 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге ұлғайған. Байлар қауымның пайдалануындағы шұрайлы жерлерді барған сайын басып ала түс-

ті. Ауылда мүлік теңсіздігі күшейді. Қоныстандыру ұйымының статистикалық мәліметінше Орал уезінде кедей қазақ шаруашылығына орташа 2,9, ал байға – 54,7 бас мал бірлігінен келген. Орал уезі бойынша кедейлер мен орташалар шаруашылықтың 72,8 пайызын құрап, 88 640 бас малы болса, байлар тобы 27,2 пайызды құрап 133 430 бас мал иеленген. Сонымен, капиталистік қатынастар Орал облысының қазақ шаруаларының барлық салаларына енді. Бұл үдерісте қоныстандыру саясаты үлкен рөл атқарды. Натуралды, негізінен мал бағатын шаруашылық оның жаңа түрі – отырықшы мал шаруашылығына, отырықшы егіншіге өтуімен біртіндеп тауарлы-ақша шаруашылығына айналды. Отарлау қажеттіліктеріне қазақ жерлерін тартып алу қазақ тұрғындарының орташа және кедей топтарының отырықшылануын тездетті. Байлар мен феодалдар аздаған малымен жайылымдардан ығыстырылғандықтан, өздеріне өндеуге қолайлы жерге бекініп қалуды ойлап, бұрынғы өмір сүру образынан бас тартуға мәжбүр болып отырықшылыққа көше бастады» (Герасимова 1962: 84-87).

Қорытынды. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың 20-40-жылдарындағы Қазақстандағы аграрлық қатынастар тарихнамасы өз дамуында бірнеше кезеңдерден өтті. Себебі мәселенің кезеңдік ерекшеліктеріне сәйкес төңкеріске дейінгі, кеңестік кезеңдегі және қазіргі таңдағы зерттеулерден тұрды. Сондай-ақ төңкеріске дейінгі зерттеулерде патшалық-чиновниктік тарихнама өкілдері мен қазақ зиялыларының көзқарастары мен еңбектері қарастырылса, кеңестік кезеңдегі де қазақ зиялыларының көзқарастары мен кеңестік тарихнамасы салыстырыла отырып зерттелді. Бұл ретте қай кезеңде болмасын қазақ зиялылары жер мәселесін ұлт мүддесі тұрғысында қарастырғанын айта кеткен жөн. Ал патшалық-чиновниктік тарихнама өкілдері империялық отарлау тұрғысында қарастырса, кеңестік тарихнама өкілдері таптық идеология шеңберінде қарастырды. Ал мәселеге қазақ зиялыларымен қатар Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасы ғана өзінің объективті бағасын берді.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасыр басындағы қазақ өлкесіндегі аграрлық мәселе өз уақытында кеңінен көтерілді. Мәселеге қатысты арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстары болмаса да, патшалық-чиновник тарихнама өкілдері мен қазақ зиялылары бұл тақырыпты барынша талдап, қоғамдық пікірді қалыптастырды. Патшалық-чиновниктік тарихнама өкілдері Г.Гинс, А.Алектров және т.б. патшалықтың қоныстандыру, аграрлық саясатының отаршыл мәнін елеп-ескермеді.

Жалпы алғанда, XX ғасырдың 20-40-жылдарындағы Қазақстандағы аграрлық реформалар тарихын зерттеу өз дамуында бірнеше кезеңдерден өтті. Реформаны зерттеудің бастапқы жылдарында оның барысы мен нәтижелері туралы ашық пікірлер айтылды. Дегенмен, 20-30-жылдары күшіне мінген әміршіл-әкімшіл жүйе батыл қарсылықтар мен ашық пікірлерді тұншықтырып тастады. Соғыстан кейінгі уақытта бұл мәселе толық идеологияландырылды. 20-жылдардағы реформаның ауылда кеңес өкіметін нығайтудағы маңызы асыра бағаланды. Ал Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасы аталмыш мәселеге объективті баға бере алды. Қысқасы, кеңестік кезеңде патшалықтың өлкедегі аграрлық, қоныстандыру саясатын таптық тұрғысында қарау басым болды. Дегенмен, зерттеушілер патша өкіметінің қоныстандыру және қазақ жерлерін тартып алу сияқты

әрекеттерін айқындап берді. Сондай-ақ авторлар өлкеге орыс шаруаларымен бірге мәдениет, білім, ғылым келгендігін де көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX века-1917 г.). Москва: Наука, 1986. -245 б.

Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. Алма-Ата: Наука, 1965. -345 с.

Галузо П.Г. Очерк советской историографии аграрных отношений в Казахстане в период капитализма (Материалы к научной сессии по проблеме: «Развитие российского капитализма в ширь»). Алма-Ата, 1971. -113 с.

Герасимова Э.И. К истории переселения крестьян в Уральскую область в начале XX века. //Известия АН КазССР. Серия истории, археологии и этнографии. 1962. Вып.3. С.77-87.

Дахшлейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1965. -536 с.

Сүлейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX-начала XX века (1867-1907 гг.). Алма-Ата: АН КазССР, 1963. - 411 с.

Түлепбаев Б.А. Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии и Казахстане. Москва: Наука, 1984. -270 с.

Тұрсынбаев А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстан. -Алма-Ата, 1950. -102 с.

Тұрсынбаев А.Б. Казахстан в революции 1905-1907 годов. Алма-Ата: Мектеп, 1987. -88 с.

REFERENCES

Bekmahanova N.E. Mnogonatsionalnoe naselenie Kazakhstan Kirgizi v epochy kapitalizma (60-e gody XIX veka-1917 g.). [Multinational population of Kazakhstan and Kyrgyzstan in the era of capitalism (60s of the XIX century-1917)]. – Moscow: Nauka, 1986. 245 p. [in Russian].

Gal'uzo P.G. Agrarnye otnosheniya na yuge Kazakhstana v 1867-1914 gg. [Agrarian relations in the South of Kazakhstan in 1867-1914]. – Alma-Ata: Nauka, 1965. 345 p. [in Russian].

Gal'uzo P.G. Ocherk sovetskoi istoriografii agrarnykh otnoshenii v Kazakhstane v period kapitalizma (Materialy k nauchnoi sessii po probleme: "Razvitie rossiyskogo kapitalizma v shir"). [Essay on Soviet historiography of agrarian relations in Kazakhstan during the period of capitalism (Materials for the scientific session on the problem: «The development of Russian capitalism in breadth»)]. – Alma-Ata, 1971. 113 p. [in Russian].

Gerashimova E.I. K istorii pereseleniya krest'yan v Yralskuyu oblast v nachale XX veka. // Izvestiya AN KazSSR. Seriya istorii, arheologii i etnografii [On the history of the resettlement of peasants in the Ural region in the early twentieth century.] // Izvestiya AN Kaz SSR, Series of history, Archeology and Ethnography, 1962, Issue 3, Pp. 77-87. [in Russian].

Dahshleiger G.F. Sotsialno-ekonomicheskie preobrazovaniya v ayle i derevne Kazakhstana. Alma-Ata: Nauka, 1965. -536 s. [Socio-economic transformation in the village and the village of Kazakhstan]. – Alma-Ata, Nauka, 1965. 536 p. [in Russian].

Suleimenov B.S. Agrarnyi vopros v Kazakhstane v poslednei treti XIX-nachala XX veka (1867-1907 gg.) Alma-Ata: AN KazSSR, -411 s. [Agrarian question in Kazakhstan in the last third of the XIX-early XX century (1867-1907)]. – Alma-Ata, AN Kaz SSR, 1963. 411 p. [in Russian].

Tulepbaev B.A. Sotsialisticheskie agrarnye preobrazovaniya v Srednei Azii i Kazakhstane [Socialist agrarian transformations in Central Asia and Kazakhstan]. – Moscow: Nauka, 1984. 270 p. [in Russian].

Tursynbaev A.B. Iz istorii krest'anskogo pereseleniya v Kazakhstan [From the history of peasant migration to Kazakhstan]. – Alma-Ata, 1950. 102 p. [in Russian].

Tursynbaev A.B. Kazakhstan v revoliutsii 1905-1907 godov [Kazakhstan in the revolution of 1905-1907]. – Alma-Ata: Mektep, 1987. 88 p. [in Russian].

ФТАХР/IRSTI/МРНТИ: 13.51.11

Құралай БАУДИЯРОВА¹, Гүлжан МЕЙРМАНОВА²,

¹аға оқытушы, т.ғ.к., E-mail: bkb@mail.ru,

²аға оқытушы, т.ғ.к., E-mail: meirmanovaga@gmail.com

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Алматы, Қазақстан

МУЗЕЙЛІК ЭКСПОЗИЦИЯ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Бұл мақалада авторлар мұражай экспозициясын құру үдерістерін, ондағы ғылыми зерттеулерді, шығармашылық және техникалық үдерістерді жан-жақты зерттеді. Әлем музейлерінде этнография, өнер, тарих ескерткіштерінің бірегей үлгілері жиналғандықтан, оларды зерттеу қажет. Сондықтан олардың негізгі бөлігін авторлар халықтық мұра, ұлттық рухани мәдениет пен өзін-өзі тәрбиелеудің ажырамас бөлігі, өмірдің айнасы, әртүрлі халықтардың этикалық және эстетикалық идеалы ретінде қарастырды. Авторлардың пікірінше, бүгінгі таңда музей және галереялар мәдени құндылықтарды сақтап, насихаттап қана қоймай, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік іс-шараларды жүзеге асырады. Экспозицияны дұрыс құру және оны экскурсия барысында жан-жақты аша білу, қоғамдық институттар аясында ерекше музей ретінде танылуына мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: экспозиция, ғылыми концепция, тақырыптық құрылым, ғылыми жобалау, көркем жобалау.

Құралай БАУДИЯРОВА¹, Гүлжан МЕЙРМАНОВА²,

¹ старший преподаватель, к.и.н., E-mail: bkb@mail.ru,

² старший преподаватель, к.и.н., E-mail: meirmanovaga@gmail.com

^{1,2}Казахский Государственный Национальный университет им. Аль Фараби. г.Алматы, Казахстан

МУЗЕЙНАЯ ЭКСПОЗИЦИЯ И СФЕРА ЕГО ПРИМЕНЕНИЯ

В данной статье авторы всесторонне исследовали процессы создания музейной экспозиции, научные исследования, творческие и технические процессы в ней. Поскольку в музеях мира собраны уникальные образцы памятников этнографии, искусства, истории, их необходимо изучать. Поэтому основная их часть рассматривалась авторами как народное наследие, неотъемлемая часть национальной духовной культуры и самообразования, зеркало жизни, этический и эстетический идеал разных народов. По мнению авторов сегодня музеи и галереи не только хранят и пропагандируют культурные ценности, осуществляют культурно-просветительскую, воспитательную деятельность. Экспозиция – важная часть музейной коммуникации, осуществляемая в процессе создания и восприятия экспозиции, может быть признана уникальным музеем в рамках других общественных институтов.

Ключевые слова: экспозиция, научная концепция, тематическая структура, научное проектирование, художественное проектирование.

K.B.AUDIAROVA¹, G.A.MEIRMANOVA²,

¹E-mail: bkb@mail.ru, ²E-mail: meirmanovaga@gmail.com

^{1,2}senior lecturer, PhD, Kazakh National University Al-Farabi. Almaty, Kazakhstan

MUSEUM EXPOSITION AND SCOPE OF APPLICATION

In this article, the authors comprehensively investigated the processes of creating a museum exhibition, scientific research, creative and technical processes in it. Since the museums of the world have collected unique samples of monuments of ethnography, art, history, they must be studied. Therefore, the main part of them was considered by the authors as a national heritage, an integral part of national spiritual culture and self-education, a mirror of life, an ethical and aesthetic ideal of different peoples. According to the authors, today museums and galleries not only store and promote cultural values, carry out cultural, educational, educational activities. The exposition is an important part of museum communication, carried out in the process of creating and perception of the exposition, can be recognized as a unique museum within the framework of other public institutions.

Keywords: Exposure, Scientific concept, thematic structure, scientific design, artistic design.

Кіріспе. Музейдің қалыптасуы жиналған коллекцияны қоғамға жариялаумен байланысты болды. Ғибадатхананың іс-әрекетін синтездеу процесінде пайда болған музей экспозициясы өзінің бүкіл тарихында онымен терең байланысты сақтайды. Көптеген функциялары бойынша музей ғибадатханаға өте жақын, музейде тақырып сақталады, зерттеледі, қойылады.

Тақырып белгілі бір ғибадатханалық іс-әрекетке қатысты, оның орны мен рөлі бар, ең бастысы, оны қабылдайтын көрермендер үшін түсінікті белгілі бір

семантикалық және сюжеттік қатынастармен байланысты болды. Осылайша, бастапқыда тақырып белгілі бір визуалды-тұжырымдамалық серияға және әрекетке енгізілген (Каулен 1998: 77).

Музейдің қалыптасуы қоғам үшін жиналған коллекциялардың ашылуымен, ондағы экспонаттармен байланысты болды. Ежелгі «протоэкспозиция» элементтері ғибадатханалардың интерьерлерінде, сатылатын тауарлар көрмелерінде, ежелгі Римдегі әскери жеңістер рәсімдерінде көрінді. Жаудан алынған әскери олжалар мен өнер туындыларын, қымбат

ыдыстардың «көрмелерін» билеушілер маңызды қонақтарды қабылдау күндері, өздерінің байлығы мен маңыздылығын көрсету үшін ұйымдастырды. Ренессанс кезеңінен бастап ең алғашқы музейлер қалыптасып, экспозиция жұмысы ұйымдастырыла бастады. XII-XIII ғғ. жеке музейлердегі экспозицияға жәдігерлер мен таңсық заттар қойыла бастады. Бұл кезеңнің ерекшелігі бірінші жолға сәулет ескерткіштері, мүсіндер, көркемсурет туындылары ұсынылды. Уақыт өте келе экспонаттардың рөлі артып, коллекциялар зерттеліп, жүйеленді.

Қазіргі кезеңде әлем музейлерінде этнография, өнер, тарих ескерткіштерінің бірегей үлгілері жинақталған. Олардың негізгі бөлігі халықтық мұра, ұлттық рухани мәдениеттің және өзіндік қалыптасудың ажырамас бөлігі, өмір айнасы, әртүрлі халықтардың этикалық және эстетикалық идеалы болып табылады.

Материалдар мен әдістер. XIX ғасырдың аяғына қарай «қор» және «экспозиция» ұғымы қалыптасты. XX ғасырдың аяғына қарай музейтану ғылымы музей заттарын жариялау мағынасын білдірді. 2003 жылы Т.Ю.Юренева «Музееведение» еңбегінде «экспозиция – музей заттарын мақсатты және ғылыми түрде көрсету» деген анықтама берді (Юренева 2006: 82). Т.П.Поляков «Экспозиция и экспозиционер» еңбегінде «Экспозиция – адам қолымен жасалған тарихи-мәдени құндылығы бар заттардың жиынтығы», – дейді (Поляков 1997: 126). Музей экспозициясының мәні – музей коллекциясындағы тарихи және мәдени ескерткіштермен таныстыру.

Музей экспозициясын құру – өте күрделі ғылыми зерттеу, шығармашылық және техникалық процесс. Бұл процесс ғылыми қызметкерлердің, суретшілердің, дизайнерлердің, инженерлердің, музей педагогтарының бірлескен жұмысын қажет етеді. Музей экспозициясын жобалау төмендегідей құрылымнан тұрады:

1. **Ғылыми жобалау** (экспозицияның негізгі идеялары мен мазмұнын қарастырады).

2. **Көркем жобалау** (тақырыптың бейнеде қалыптасуы).

3. **Техникалық және жұмыстық жобалау** (әр экспонаттың орнын анықтау, мәтін, этикетаж, техникалық құралдар).

Ғылыми жобалау:



I Ғылыми концепция – болашақ экспозицияның қалай болатыны туралы түсінік беретін жобалаудың алғашқы қадамы. Ғылыми концепцияда экспозицияның негізгі идеясы мен тақырыптық негіздемесі анықталады. Ғылыми концепцияда:

1. Ғылым саласындағы қазіргі таңдағы маңызды идеялар қарастырылып, бөлімдердің тақырыптары жасалады.

2. Аталған жұмыстың мақсаты мен міндеттері іске асыру мүмкіншіліктері (қаржы мәселесі, экспозиция ауқымы) қарастырылады.

3. Аталған экспозицияға қатысты өз еліміздегі және шет елдегі тәжірибелер, құру принциптері айқындалады.

4. Заттық қордың сипаты мен талдау: қорда тақырыпқа қатысты экспонаттың болуы, болмаса басқа музейлерден алдыру, негізгі және көмекші қорларды қамту қарастырылады.

5. Музейге келушілердің сұранысын қанағаттандыру, экспозиция бойынша лекция, экскурсия жүргізе білу.

6. Жобалау тәсілін таңдау, көркем жобалауға ұсыныс білдіру.

Ғылыми концепция бір құжат ретінде жасалады. Оның ішіне экспозициялық бөлімдердің орналасуы, залдың сызбасы, ғылыми көмекші материалдар, техникалық материалдар көрсетіледі.

II Тақырыптық құрылым (ТСП – тематическая структура плана) – ғылыми жобалаудың екінші кезеңін қарастыратын құжат.

Тақырыптық құрылым:



Шетелдік тәжірибеде тақырыптық құрылымдық жоспарға проспект жасалады, оны бриф деп атайды. Бриф – экскурсия жұмысын ұйымдастырудан бастап, ашылуға дейінгі кезеңді қамтитын құжат. Брифке музейдің барлық бөлімдерінің барлық қызметкерлері қатысады: қор бөлімі, редакциялық бөлім (дизайн, мәтін, маркетинг), әкімшілігін (қаржы, қауіпсіздік). Бриф бекітілгеннен кейін әр бөлім өз жұмысымен айналысады.

III Тақырыптық экспозициялық жоспар (ТЭП – тематико-экспозиционный план) – үшінші аяқталушы кезеңді қамтиды. Бұл шығармашылық зерттеу еңбегі: бөлім кешен тақырыптары, мәтіндер мен аннотация, экспозициялық материалдардың тізімі, экспозициялық материалдардың сипаттамасы (түпнұсқа, көшірме, өлшемі), эспонат шифрлары мен сақтау орындары, көркем жобалау ерекшеліктері.

Көркем жобалаудың негізгі мақсаты түрлі өнер түрлері мен музей экспонаттарын келушілерге қызықты етіп көрсету. Көркем жобалауға кіріспес бұрын жеке адамдардың ерекшеліктері, педагог, психологтардың кеңесі ескеріледі. Ғылыми жобалау сияқты бұнда да музей қызметкерлері атсалысады – суретшілер, сәулетшілер, дизайнерлер, тарихшылар, экономистер, психолог, социологтар (Музейная экспозиция 1997:155).

Көркем-сәулет жобалау үшін негізгі құжат ғылыми концепция жасалады. Оның негізінде экспозицияның басты шешімі қабылданады, ол музейдің ғылыми кеңесінде қаралып, бекітіледі. Екінші кезең – эскиз жобасын жасау, ол тақырыптық құрылым негізінде жасалады. Суретші экспозиция материалдарымен жақын танысады. Үшінші кезең – жұмыстық жобалау, яғни тақырыптық-экспозициялық жоба негізінде жасалады.

Көркем жобалауда автордың көркем концепциясы, идеясы, оның негізгі принциптері, маңызы бейнеленеді. Сонымен қатар негізгі міндеттер: экспозиция залдары, негізгі экспонаттарды орналастыру, сәуле түсіру, экспозицияның түстік шешімі, құрылымдарды орналастыру, түрлі техникаларды пайдалану. Ғылыми кеңеске Басты шешім төмендегідей түрде ұсынылады: ірі көлемді экспонаттар, ерекше белгілер; қоршаған орта мен сәулет ескерткіштері қамтылған территория жоспары; экспозиция маршруты, көрсетілген экспозициялық зал жоспары; музейдің негізгі залдарының суреті.

Талдау. Суретші музей экспозициясын көркем жобалауда түрлі тәсілдерді қолданды. Жұмыс барысында суретші төмендегі факторларды есепке алуы тиіс:

1. **Маңыздылық.** Кез келген экспозицияда тақырыптардың маңыздылығына қарай бөлінуіне көңіл аудармайды. Оның кей біреуі басты, кей біреулері қосымша.

2. **Біртұтастық.** Экспозицияны құруда орта шешім болуы тиіс. Бұл тақырыптық жоспарда бейнеленеді.

3. **Тақырыпшаларды талдау.** Көп музейдің кемшілігі

барынша көп нәрсені көрсету. Тақырыпты ашатын ғана экспозицияларды қалдырып, қосымшалардан арылу дұрыс. Материялдың қажеттілігін анықтау.

4.Экспонаттарды талдау. Тақырыптық жоспарда бүкіл экспонат түгел көрсетіле бермейді. Экспозиция қойғанға дейін бұл процесс жүруі мүмкін. Суретші барынша экспозицияның пішінін, көлемін ескереді. Негізгі қор экспонатын өзгерте алмайды. Ғылыми қорды өзгертуге болады. Ұсақ экспонаттар үлкейтілген суретті қажет етеді, болмаса жарықты не түсті пайдалануға болады. Ірі көлемді экспонаттарды қорда қалдырған жөн. Дизайнер түрлі тәсілдер арқылы үйлесімділікті сақтайды (Майстровская 1989: 156). Бүгінгі күнде экспозиция құруға шығармашылықпен қарау үрдісі жақсы жолға қойылып келеді. Экспозицияға аудиовизуальды байланыс құралдарын қолдану және басқада технологияларды енгізу үлкен қызығушылық тудырады.

Қазіргі таңда ғылыми-техникалық көрмелерді құру кезінде экспонаттарды ұсынудың жаңа қағидасы – «кел және қол тигіз» қолданыла бастады. Мұндай көрмелердің мақсаты – келушілерді актерлерге айналдыру. Әдеттегі және жаңа әсер етудің айтарлықтай айырмашылықтары бар: мысалы, дәстүрлі тәжірибе эмпирикалық тәжірибеге көбірек бағытталған (келушінің өмірлік тәжірибесі), ал жаңасы эмоционалды қабылдауға әсер етеді (тікелей реакция тудырады) (Музееведение 1988:145). Олардың кеңістіктегі ұйымшылдығы да ерекшеленеді: дәстүрлі мұражайда заттар дүкен терезелеріне, қабырғаға және сөреге қойылады, ол келушіні экспонаттар әлемінен бөліп тұрады; экспозицияның жаңа түрінде, керісінше, бүкіл мұражай кеңістігі экспонаттармен және жұртшылықпен теңестіріледі. Экспозицияның жаңа түрі субъекті мен оның ортасы арасындағы ақпаратқа қолайлылыққа, үйлесімділікке қол жеткізуге бағытталғандығын білдіреді. Алайда, көптеген қазіргі заманғы музейлер екі түрдің синтезін қалайды: бір экспозициялық кеңістікте «жабық» және халықпен «еркін байланыста» заттар бар. Музей экспозициясы оның барлық жеке элементтері экспозиция кеңістігінде және уақытында сыртқы байланыспен және ішкі мағыналық біртұтастықпен біріктірілгенде ғана толық және толыққанды бола алады.

Қорытынды. Қорыта айтқанда музейлік экспозиция қазіргі таңда өзекті мәселе болып қала бермек. Бүгінгі күнде экспозиция құруға шығармашылықпен қарау үрдісі жақсы жолға қойылып келеді, сондықтан оны жүзеге асыру барысында әр түрлі бағыттар мен жанрлар қолданылады. Мысалы: арт-дизайн, орта дизайн, стилизация, дәстүрлі музейлік дизайн және тағы да басқа көптеген бағыттар. Осы бағыттардың қайсы болмасын бейнелердің өзгеше панорамасын

қалыптастыра отырып қайталанбас шығармашылық нысанға айналдыра алады. Музей экспозицияларын құруда қалыптасқан дәстүрлі үрдістер мен жаңа әдістерді қатар қолдана отырып көрермен көңіліне жол табуға қазіргі кезде мүмкіндіктер мол. Экспозицияға өнердің бір түрі ретінде жауапкершілікпен қарап, ал жәдігерді сол өнердің сөйлейтін тіліне айналдыра алсақ бұдан музейдің ұтары көп.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Каулен М.Е. Экспозиция и экспозиционер. – М., 2001.
Музейная экспозиция. Теория и практика. Искусство экспозиции. Новые сценарии и концепции. – М., 1997.
Искусство музейной экспозиции и техническое оснащение музеев. – М., 1985.
Майстровская М.Т. Очерк развития современного экспозиционного дизайна (музеи искусств) //Музееведение. На пути к музею XXI века. - М., 1989.
Музееведение. Музеи исторического профиля. – М., 1988;
Майстровская М.Т. Музейная экспозиция: тенденции развития//Музейная экспозиция. На пути к музею XXI в., М., 1997;
Юренева Т.Ю. Музееведение, М., 2006
Фармаковский М.В. Техника экспозиции в историко-бытовых музеях, Л., 1928;
Поляков Т.П. Как делать музей? М., 1997.

REFERENCES

- Kaulen M.E. (2001). Ekspoziciya i ekspozicioner [The exposition and exposition]. – M., 2001. [In Russian].
Muzejnaya ekspoziciya (1997). Teoriya i praktika. Iskusstvo ekspozicii. Novye scenarii i koncepcii [Museum exhibition. Theory and practice. Art of exposition. New scenarios and concepts.] – M., 1997. [In Russian].
Iskusstvo muzejnoj ekspozicii i tehicheskoe osnashenie muzeev (1985). [Art of Museum exposition and technical equipment of museums] – M., 1985. [In Russian].
Majstrovskaya M.T. (1989). Oчерк razvitiya sovremennogo ekspozicionnogo dizajna (muzei iskusstv) //Музееведение. На пути к музею XXI века [Essay on the development of modern exhibition design (art museums). On the way to the Museum of the XXI century.] – M., 1989. [In Russian].
Музееведение. (1998). Muzei istoricheskogo profilya [Museology. The museums of historical profile] – M., 1988. [In Russian].
Majstrovskaya M.T. (1997). Muzejnaya ekspoziciya: tendencii razvitiya//Музейная экспозиция. На пути к музею XXI века, [Museum exposition: development trends//Museum exhibition. On the way to the Museum of the XXI century] M., 1997; [In Russian].
Yureneva T.Yu. (2006). Muzeeviedenie [Museology]. – M., 2006. [In Russian].
Farmakovskij M.V. (1928) Tehnika ekspozicii v istoriko-bytovykh muzeyah [Technique of exposition in historical and everyday museums]. – L., 1928; [In Russian].
Polyakov T.P. (1997) Kak delat muzei? [how to make a Museum]. – M., 1997; [In Russian].

ЭЛЕКТРОНДЫ НҰСҚАНЫ НЕ ЖҰРНАЛДЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Кейбір авторлар «Мақала шыққанда хабарлайсыздар ғой» деп жатады. Мақала шыққанда барлық авторға хабарласу өте қиын. Сондықтан мақалаңыз шыққан айдың 15-25-інде сайттың (kaztar.kz) "Басты бетіне" кірсеңіз, жаңа журнал салулы тұрады. Содан өзіңізге қажет тұстарын көшіріп аласыз.

Ал журналдың қағаздық нұсқасы, яғни өзі қажет болса, шығарда хабарласып, 1 дана тең журналды редакциядан келіп аласыз.

Редакция алқасы.

Тел: 8\727\270-82-21;

Уатсап: 8(701)148-09-33; 8(771)404-47-82.

ҒТАХР/ IRSTI/ МРНТИ: 03.20.20

Бакдаулет БЕРЛІБАЕВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор АЭЖБУ.
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: bbt_kaznpu@mail.ru

ҚОҒАМДАҒЫ РУХ СӨЗІНІҢ МАҒЫНАСЫ: тарихи-білімдік қолданыстағы түрлері

Зерттеу жұмысында өткен ғасырдың 90-жылдарынан жариялана бастаған Қазақстан тарихына көңіл бөлудің мемлекеттік құжаттары басшылыққа алынып, шығыс өркениетін жаңғырту арқылы елімізді әлемге танытудың зор мүмкіндіктері ашылғаны баяндалады. Әсіресе, мәселеге тікелей қатысты Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылы жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласына ерекше мән берілген. XVII-XVIII ғғ. басталған еуроцентризм ағымын орнықты түрде сынаған автор тарих дәңгелегін кері айналдыруға қарсылығын білдіреді.

Мақалада рух сөзінің көшпелілер ұғымында көбінде дінмен байланысты екендігіне мән берілгенмен, автор қоғамдағы рух мағынасындағы қолданыстың бірнеше түрін көретінін айтады. Соның бірі – ұлттық рух болса, оны XX ғасырдың азулы ақыны Мұқағали Мақатаев өлеңдерімен дәлелдей білген автор басқаны былай қойғанда Әбу Насыр әл-Фарабиден Махамбет Өтемісовке дейінгі белгілі тұлғаларымызды тарихтан ысырып, 1000 жылдық рухани жауһар қазынамызды санамыздан мүлде сызуды ойлаған кеңестік саясаттың озбырлық әрекеттерін де назардан тыс қалдырмаған.

Түйін сөздер: рух, ұлттық рух, Ұлы дала, жеті қыр, «Мәдени мұра», еуроцентризм, «номадизм», «руханият» компоненттік анализ жүйесі.

Бакдаулет БЕРЛІБАЕВ,
д.и.н., профессор, Алматинский университет энергетики и связи.
Казахстан, Алматы, e-mail: bbt_kaznpu@mail.ru

ВИДЫ ПРИМЕНЕНИЯ В ИСТОРИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ ПОНЯТИЯ ДУХОВНОСТЬ, ИСПОЛЬЗУЕМОЕ В ОБЩЕСТВЕ

В данной статье отмечается, что в нашем государстве с 90 годов XX столетия усилено внимание становлению и развитию истории Казахстана, пропаганде ее мировому сообществу. Этому вопросу особое значение придавалось в работе первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Семь граней Великой степи», опубликованной в 2018 году. Н.А. Назарбаев в своей статье критически относится к евроцентризму, появившийся в 17-18 веках, пытавшийся перевернуть колесо истории.

По мнению Елбасы, нельзя считать, что понятие «рух-дух» тесно связано с религией кочевников, это понятие имеет множество значений, оно ни в коем случае не связано с религией, это понятие широко применяется в обществе в разных аспектах. Например, в XX веке великий поэт Мукатаев в своих произведениях воспевал национальных дух, к тому же Аль-Фараби еще до Махамбета Утемисова поднимал проблему развития духа, духовных начал в человеке, к сожалению, советская власть усиленно искоренила понятия «национальный дух», «духовное начало», которые существовали более 1000 лет в обществе.

Ключевые слова: дух, духовность, национальный дух, Великая степь, семь граней, культурное наследие, евроцентризм, номадизм.

Bakdaulet BERLIBAYEV,
d.h.s. prof., Almaty University of Energy and Communications.
Kazakhstan, Almaty. e-mail: bbt_kaznpu@mail.ru

THE TYPES OF APPLICATION IN HISTORICAL EDUCATION OF THE CONCEPT OF SPIRITUALITY USED IN SOCIETY

This article notes that since the 90s of the twentieth century in our state, attention has been increased to the formation and development of the history of Kazakhstan, its propaganda to the world community. This issue was emphasized in the work of the first President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev "Seven Facets of the Great Steppe", published in 2018. N.A. Nazarbayev in his article is critical of Eurocentrism, which appeared in the 17-18th centuries, trying to turn the wheel of history.

According to N.A. Nazarbayev, it cannot be considered that the concept of "rukh - spirit" is closely related to the religion of nomads, this concept has many meanings, it is in no way connected with religion, this concept is widely used in society in various aspects.

For example, in the twentieth century, the great poet Mukagali Makatayev sang the national spirit in his works, besides, Al-Farabi, even before Makhambet Utemisov, raised the problem of the development of the spirit, spiritual principles in a person, unfortunately, the Soviet government strenuously eradicated the concept of "national spirit", "spirituality", which existed for over 1000 years in society.

Key words: spirit, spirituality, national spirit, Great Steppe, seven facets, cultural heritage, Eurocentrism, nomadism.

Кіріспе. Ұлы Даланың қола дәуірінен бергі (б.з.б. 2 мың жылдықта) өркениеті дегенде, қазақтардың жаратылысы үшін ең алдымен Алтай өлкесінің қадірі ерекше. Бүгінгі таңда, елеске айналуға жақын қалған осы алтын қорымызды аршып алуға бағытталған еліміздегі бірқатар тарихи-саяси тұжырымдардың бастауы қызықтырады. Ең алдымен, өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап «арнайы қоймаларда» құпия түрінде сақталып келген құжаттардан кеңестік билік кезіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне жасалған сан түрлі зұлматтардың беті ашылды. Бұның өзі Қазақстан тарихын әлемдік, шығыстық және мұсылмандық тарихтан бөліп қарауға келмейтін біртұтас мәселе екендігін дәлелдеп, оның ұзақ та күрделі оқиғаларға толы бейнесін жаңғыртуға жол ашып берді. Сондай-ақ, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 1998 жылды «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы» деп жариялауы мен «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасының» қабылдануы тарихшыларға жаңа бағыт-бағдар сілтеген еді. Ал 2004 жылғы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қолға алынғанда, XVIII ғасырдан бастап Ресей империясы тарапынан болған зерттеу жұмыстарының барысындағы бұрмаланған Қазақстан тарихын қалпына келтіруді бастаумен бірге, шығыс өркениетін жаңғырту арқылы елімізді әлемге танытудың да зор мүмкіндіктеріне қол жеткіздік. Елбасы Н.Ә. Назарбаев, 2018 жылы жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында түркі халықтарының алғашқы мекені Алтай екендігі, жылқыны қолға үйрету мен метал өңдеудің Ұлы даладан басталғаны, Алтын адам, аң стилі мен Ұлы жібек жолының тармақтары, апорт алма мен қызғалдақ гүлінің мекені де осы Ұлы дала екендігі айтылып, шығыс өркениетінің дүние жүзілік маңызы дәріптелді. Бұл жерде ғылымдағы даналық жағынан әлемде екінші Аристотель атанған әл-Фараби бабамыздың орны ерекше, әрине. Бірақ ол, IX-X ғасырлардың замандасы, әрі сол заманның ерекше тұлғасы болғандықтан оның еңбектерін пайдалану арқылы болатын өркениеттіліктің Ұлы далаға қатысты рухани негізін жаңғыртуды әл-Фарабидің өзімен байланыстырып, оған қатысты мәселені оның өмір сүрген дәуірінен бастап, бүгінгі өмірге ықпалын мүлде бөлек қарастырған дұрыс.

XVII-XVIII ғғ. басталған еуроцентризм (еуропалық таным) ағымы сонау IV ғасырда Алтай арқылы барған Солтүстік Батыс Хұнның Мөде тәңірқұттан кейінгі аты әлемге әйгілі көсемі Еділдің (Аттила) Шығыс Еуропаға жеңілуынан басталған азиялық шығыс өркениетін көзге ілмей, күні бүгінге дейін өзінің бүкіл ғылым, ілім-білім саласындағы астамшылдығын сақтап келеді. Басқаны былай қойғанда, VI ғасырдағы Түрік қағанатының дәстүрімен XIII ғасырда Алтай тілдестердің басын біріктіріп, Шығыс есімімен хандық құрған моңғол империясының әскери тәртібі мен ел арасындағы байланыс жүйесінің орнықты түрінің тәжірибесін қалыптастырған әлемдік өркениет, әлі күнге дейін өз дәрежесінде мойындалмай отырса, бұл да сол еуропалық танымның тәккәпар озбырлығының салдары болып табылады. Сондай-ақ, бүгінгі таңда көшпелілікпен ұзақ жылдар бойы айналысқан еуроцентристік ықпалдағы кейбір зерттеушілер шаруашылықтың осы бір түрін адамзат өркениетінен артта қалу, тіптен жабайылық пен тағылықтың көрінісі ретінде түсіндіріп келді. Бірақ олар, әр аймақтағы көшпелі шаруашылықтың өзіндік даму ерекшелігін түсінбей, көшпелілердің бәріне бірдей «номадизм» атауын меншіктен тастады. Мысалы, көшпелі және отырықшы шаруашылықты бірдей жүргізе білген еуропалықтар болса, отты қаруды бірінші боп ойлап тауып, жоғары өркениетке қол жеткізгені рас. Алайда, солай екен деп Еуропаға ат үстінде желдей есіп барып, өздерімен бірге тұрмыстық және шаруашы-

лық жарақтар мен жауынгерлік құрал-саймандарды сол Еуропаға жеткізген ариліктердің Қазақстанда болған ұрпақтарының, хұндардың, мажарлардың, қыпшақтардың өркениеттік ізін қалайша тарихтан өшіріп тастауға болады? Осыны қарперіне алған жергілікті тарихшы Т.О.Омарбековтың «номадизмге» берген мына бір анықтамасы көңілден шығады: «Номадизм деп белгілі бір атамекені, географиялық аймағы жоқ және тұрақты көшу бағыттары да айқын емес, қаңғыбас, баспанасыз көшпелілер тобыры аталуы керек» [1].

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысында тарихи ұстанымға сүйенетін жалпығылымдық, рух сөзінің күрделілігін ашуға көмектесетін жазып-көшіру әдістері сияқты жан-жақтылыққа негізделген әдістер пайдаланылды. Бұл арада әдістемелік зерттеу үшін пайдаланылған деректемелік негізге Елбасының рух сөзін теориялық жағынан қарастырған «Тарих толқыны» еңбегі мен «Рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалалары басшылыққа алынды.

Қоғамдағы рух сөзі мағынасының тарихи-білімдік қолданыстағы түрлерінің мәселесін зерттегенде «өз міндетін әлдеқашан орындап болған» әдістер қатарына жатқызылса да, немесе зерттеу әдісінен шеттетілген әлеуметтік-тарихи әдісті пайдалануға тура келді. Өйткені бұл әдіс өзінің ғылымилығы жағынан бүгінгі ғылымда пайдалануға келмейді делінгенмен, біздің қоғамның дамуындағы ділдік ерекшелігімен үндесіп, мәселенің өзектілігін арттыра түсетінімен белгілі болды. Айталық, қазақтардың алғашқы қолданыстағы рух сөзі көбіне-көп дінмен байланыстырылып келсе, бүгінде бұл сөздің тарихи – білімдік қолданыстағы түрлері өте көп. Мысалы, азаматтық рух, ұлттық рух, рухият, рухани тәрбие немесе, рухани өнеге, т.б. Оның есесіне ғасырлар бойы даланың ауызша тарихына сүйенген қазақ халқы мақал-мәтелдердегі, аңыз-әңгімелердегі, ертегі-дастандардағы, қисса-шежірелердегі тарихи-білімдік қорларын әлі жүйелеп болған жоқ. Сондықтан да біз, еуроцентрлік таным түсінігі бойынша қолданыстан алынған әдістерді қайта жаңғыртуды дұрыс деп есептейміз.

Тарихнамалық талдау. Бүгінде, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жоғарыдағы біз айтқан мақаласында «Алтай-түркі халықтарының алтын бесігі» [2] ретінде ерекшеленеді. Алайда қазір біз, Алтайды төрт мемлекеттің иелігінен көреміз (Ресей, Қазақстан, Қытай, Моңғолия). Қытай еліне қарасты Алтайда өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап жоспарлы түрде жүргізіліп келе жатқан қазба жұмыстарының барысында табылған археологиялық тарихи-мәдени ескерткіштер, шар тарапқа бытырап кеткен түркі тілдес халықтардың тарихи және мәдени өмірінен сыр шертетін қыруар материалдарымен құнды болып отыр. Осы материалдардың байыбына баруда Қазақстанның тарихшы ғалымдары да шет қалған жоқ. Айталық, 2005 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері» ғылыми жобасын жүзеге асыра отырып, «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелерінің» 5 томдық жинағын шығарып, ғылыми айналысқа қосқан еді. Сондағы археологиялық экспедицияға қатысушылар Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының «Құжаттар каталогінің» 40 томын зерттеді. Жүргізілген жұмыстың барысында Қазақстан тарихына (XVIII-XIX ғғ.) қатысы бар 500-ден астам қытай тіліндегі, шағатай тіліндегі 60-тан астам, ойрат тіліндегі 40-тан астам, сондай-ақ манжұр тіліндегі 3000-нан астам мұрағаттық деректер табылды [3]. Байқап отырғанымыздай, табылған деректер Қазақ хандығы мен Қытай империясының арасындағы біздің қазіргі ғасырымызға таяу бұрынғы бір ғана ғасырдың

тарихын қамтығанмен, жинақтың екінші томынан б.з.д. хұн-түрік, сақ-үйсін дәуірінің тарихи-археологиялық ескерткіштерінің мәліметтерін де кездестіреміз. Қалай болғанда да, нақ осындай материалдардың біздің зерттеулеріміздегі күңгірт жақтарды анықтауға, кезінде ең маңызды деген деректердің тапшылығы салдарынан болған олқылықтардың орнын толтыруға септігін тигізеді деген ойдамыз. Мысалы, бұрынғы Шығыс Түркістан, қазіргі Шыңжаң өлкесінен табылған сақ-үйсін дәуіріне жататын тарихи-археологиялық ескерткіштері арқылы «Ұлы Жібек жолының» барлық тармақ жолдарының бір-бірімен түйісер тұсы байырғы Шығыс Түркістаннан өткені мәлім болса, онда өз уақытында Қытайға баратын негізгі өткел де осы арада болған [4].

Әрине, біз, хұн-түрік, сақ-үйсін дәуірінің тарихи-археологиялық ескерткіштерінің мәліметтерінен және орта ғасырдағы ғұлама ойшылдардың ой-тұжырымдарынан жалпытүркілік рухтың басымдықтарын байқаймыз. Ал таза ұлттық болмыстың үлгісін Абайдан табамыз. Бұл жөнінде қазіргі президентіміз Қ. К. Тоқаев былай дейді. «Жаңару – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде бұл – мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте біз, Абайдан айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған» [5]. Бұл арада президенттің айтайын дегені, қазақ халқының таза ұлттық рухын жаңғыртумен де байланысты деп түсінгеніміз абзал. Бүгінде біздің осы көтеріп отырған мәселеміз бойынша еліміздің бүкіл гуманитарлық сала ғылымдарының бөрінің айналыса бастауы мақтаншқа бөлейді. Мысалы, медицина және педагогика ғылымдарының докторы Совет-Хан Ғаббасов 2013 жылы Ұлы Даланың адамзат өркениетінің бесігі екендігін Елбасынан бұрын айтып, бүгінгі таңда империялық мүдде мен еуроцентризмнің қой терісін жамылған қасқыр сияқты өңін өзгертіп, Ғаламдану мен Жаһандандуды бетке ұстап, өз методологиясын жаңа жағдайға бейімдеп, өзгертіп алғанын ащы шындық түрінде жеткізіп бере алды. Сөйте отырып ол, қазірде тәуелсіздігін алып, кез келген білім мен ғылымның шыңына көтеріліп отырған біздің елімізде жоғарыда айтылған залалдармен күресудің де кейбір әдістерін ұсынады [6].

Зерттеу нәтижелері. Мәселенің ауанын біз зерттеп отырған тақырыптағы рух сөзіне аударсақ, бұл сөздің көшпелілер ұғымында көбінде дінмен байланысты екендігіне көз жеткізу қиын емес. Яғни, Алла, Құдай, төңір, жан, мәңгілік ұғымдарындағы жақсылық атаулының барлық жиынтығы рух мағынасын құрап, адамдардың қарым-қатынастарында жоғарыдағылардың атынан сол рух сөзі «рухани байлық», «рухани жетістік», «рухани тәрбие», «рухани мәдениет», «рухани өнегелік тәрбие», «рухы биік жан», «руханият» деген көптеген сөз тіркестерімен үстемдікке ие болып жүргеннің куәсі болып келеміз. Оның есесіне, «Пайғамбар рухы» немесе «Бабалар рухы мен аруақтар рухы қолдасын»! – деген сөздерді естігенде, рух сөзінің дінмен байланысты екендігіне шүбә келтіре алмаймыз. Алайда біз, қоғамдағы рух мағынасындағы қолданыстың бірнеше түрін көріп жүрміз. Соның бірі – ұлттық рух. XX ғасырдың азулы ақыны Мұқағали Мақатаев өзінің «Қара өлең» деп аталатын өлеңінде ұлттық рухты былай жырлайды:

«Қалқам! Мен Лермонтов

Пушкин де емен,

Есенинмін демедім ешкімге мен.

Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,

Онда бір сұмдық сыр бар естімеген» [7]. Әри-

не, Лермонтов, Пушкин сияқты орыс ақындарының ұлылығында шек жоқ. Бірақ, кім не десе де өз тілінде

айтса, әрі сол айтқандары тыңдаушының көңілінен шығып жатса, бұл ең алдымен өзінің ұлтына шипа болып табылмай ма? Расында, осыдан кейін азулы ақындарды тыңдаған жастар, тамсанып-талпына келе, үнемі алға ұмтылудың барысында, С. Есенин сияқты кейінгі таланттарды тарихи аренаға шығарса, онда орыс халқы өзін бүтіндей ұлт ретінде танып, сол ұлтты рухани жағынан байыта түскен жоқ па? Сол сияқты, Ұлы Даланың төрі мен қараңғылықтың шерінде жүрген кезіндегі қазақ халқы өзінің сал-серілерін пір тұтып, болған жерлеріндегі сән-салтанаттан кейін оларға шапан жауып, ат мінгізе отырып, қошаметтеп шығарып салған. Демек, ән қадірі мен сөз қадірін түсіне білген қалың қара қазақ, Ақан сері мен Біржан салдардың өнеріне тәнті болып, оларды құрметтей де білген. Олай болса Мұқағали, өлең-жыр мен ән-күй қадірін түсінген халықтың тіл мен сөзге деген құдіретінің де тұңғықтағы сырын ашуға үнемі ұмтылып отырса, бұл ең алдымен оның өз ұлтына деген құрметтің белгісі. Айталық, Мұқағали ақын өзінің қара өлеңге қатысты жоғарыдағы жырын былай қайырады: «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, Шекпен жауып өзіне қайтарамын!» [8]. Бұл өлең жолдарынан қазақтың қара өлеңінің өзін бүгінгі өркениетке лайықтап, рухани жаңғырту арқылы үлкен табысқа жетуге болады деп, қазақты оның өлеңі арқылы да әлемге танытудың кілті ақынның өзі екендігін меңзейді. Ақын оған деген сенімін нық, әрі ашық білдіреді. Бірақ, оның төңірегін торлаған көрсоқырлық қасіретке налыған ақын, қара өлең тұрасындағы мақсатына толық жете алмағанын білдіріп, өмірінің соңындағы қапаланған күндері өз замандасы әрі әріптесі Фариза Оңғарсыноваға былай деп ішкі мұңын шаққан еді: «...Біздерді де жоқтайтын жан болса егер, Шаң басқан архивтерден табылармыз.» Міне ол, өмірінің санаулы күндерінің өзінде қазақтың қара өлеңінің құдіретінен үмітін үзбей, болашақ жастардың оның жолын қуатынына зор сенім артып кетті. Мәселе, қазақтың қара өлеңінің құдіретін түсіну бүгінгі тәуелсіз еліміздің ақынының ғана ісі емес. Ол, қазіргі еліміздің рухани биігінде жүрген барлық мамандарға қатысты...

Сол Мұқағали ақын өмір сүрген кешегі кеңестік дәуірдің өзінде біздің рухани байлығымыздың қай саласына болмасын тұсау салынғаны рас. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф, өнер зерттеуші ғалым Өзбекәлі Жәнібеков бұл мәселенің шындығын былай еске түсіреді: «– Тізімге іліккендерге қарасақ, Әбу Насыр әл-Фарабиден Махамбет Өтемісовқа дейін бір адам жоқ. Бұл шамамен IX ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың ортасына дейінгі мың жылды қамтитын уақыт. Сонда мұны қалай түсінеміз? Елеусіз қалған мың жыл. Әлде он ғасыр бойы Қазақстанда бір білікті азамат тумағаны ма қалай?» [9]. Мұндағы мәселе, 1976 жылы Қазақстанның мәдениет министрлігінде болған Қазақстан тарихындағы белгілі қайраткерлерге арнап Алматыда монумент тұрғызу жөніндегі үкіметке ұсыныс енгізетін комиссияның мәжілісінде аты аталатын адамдар туралы болатын. Өкінішке орай, аталмыш тізімді сол кездегі тарих институтының директоры Ақай Нүсіпбеков жариялаған еді. Сенсеңіз, ол тізімнің алғашқы нұсқасында Мұқтар Әуезов те болмаған. Демек, сондағы 36 адам, кеңестік идеологияның ығына жығылып, дегеніне көніп, социалистік қоғамға кір келтірмей, оның белгілі қайраткерлерін барынша дәріптегендер ғана.

Қорытынды. Сонымен, кеңестік саясат Әбу Насыр әл-Фарабиден Махамбет Өтемісовқа дейінгі белгілі тұлғаларымызды тарихтан ығыстырып, 1000 жылдық рухани жауһар түрлерін санамыздан мүлде аластауды ойласа, еуропалық таным шығыстың рухани өркениет тарихын үнемі жасырып-жауып келеді. Сондықтан, Елбасы, Н.Ә.Назарбаевтың жоғарыдағы мақаласында

айтылғандай, біздің рухани қазыналарымыздың бастауын әл-Фарабиден емес, ерте темір дәуіріндегі жабайы жылқыны қолға үйретіп, темір балқытқан ата-балаларымыздың тірлігінен іздеу керектігін айтып, оны бүкіл әлемге танытудың әдістемелік жолдарын қарастыруды ұсынса, бұны үлкен көрегенділіктің белгісіне жатқызуға болады [10].

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Жәнібеков Ө. (1996). Тағдыр тағылымы (естеліктер). Алматы: Рауан. 113 б.
- Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. I том.- саяхатнамалар мен тарихи географиялық естеліктерден таңдамалар (2005). Алматы: Дайк-Пресс. 6 б.
- Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. II том.- С. Сұңғатай, Б. Еженханұлы Тарихи-мәдени жәдігерлер. (2005). Алматы: Дайк-Пресс. 13 б.
- Қ.К.Тоқаев. (2020). Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Мұқағали №1(120). 11 б.
- Мен сіре, өлмейтін шығармын. (2010). Алматы: Сарыжайлау қоғамдық қоры. 126 б.
- Мен сіре, өлмейтін шығармын. (2010). Алматы: Сарыжайлау қоғамдық қоры. 127 б.
- Назарбаев Н.Ә. (2018). Ұлы Даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. 21 қараша.
- Назарбаев Н.Ә. (2018). Ұлы Даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. 21 қараша.
- Омарбеков Т. (2016). Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттер тарихының мәселелері: мақалалар жинағы / Т. Омарбеков. Алматы: Қазақ университеті 23 б.
- Совет-Хан Ғаббасов. (2013). Ұлы дала – адамзат өркениетінің бесігі // Ұлттық тәрбие, №5 (19). 84 б.

REFERENCES

- Jánibekov Ó. (1996). Tagdyr tagylymy (estelikter). [Lessons of destiny (memories)]. – Almaty: Rayan. P. 113 [in Kazakh].
- Qazaqstan tarihy týraly qytaı derektmeleri. I tom.-sayahtnamalar men tarihi geografiyalyq esteliklerden tańdamalar (2005). [Chinese requisites on the history of Kazakhstan. Volume I. - Selections from travelogues and historical geographical memories]. – Almaty: Daik-Press. P.6[in Kazakh].
- Suńgataı S., Ejenhanuly B. (2005). Qazaqstan tarihy týraly qytaı derektmeleri. II tom. - Tarihi-mádeni jádigerler [Chinese requisites on the history of Kazakhstan. Volume II. Historical and cultural artifacts]. – Almaty: Daik-Press. P.13 [in Kazakh].
- Q.K.Toqayev (2020). Abai jáne XXI gasyrdagy Qazaqstan [Abay and Kazakhstan in the 21st century]. //Muqagalı №1(120). P. 11[in Kazakh].
- Men sirá, ólmeitin shygarmyn. (2010). [I probably won't die]. – Almaty: Saryjailay qogamdyq qory. P. 126 [in Kazakh].
- Men sirá, ólmeitin shygarmyn. (2010). [I probably won't die]. – Almaty: Saryjailay qogamdyq qory. P. 127 [in Kazakh].
- Nazarbaev N.Á. (2018). Uly Dalanyń jeti qyry [Seven sides of the Great Steppe]. // Egemen Qazaqstan. 21 november [in Kazakh].
- Nazarbaev N.Á. (2018). Uly Dalanyń jeti qyry [Seven sides of the Great Steppe] // Egemen Qazaqstan. 21 november [in Kazakh].
- Omarbekov T. (2016). Ortalyq Aziyadagy dástúrlı órkeniетter tarihyńyń máseleleri: maqalalar jınaғы [Problems of the history of traditional civilizations in Central Asia: a collection of articles]. – Almaty: Qazaq ынiversiteti. P. 23 [in Kazakh].
- Sovet-Han Gabbasov. (2013). Uly dala – adamzat órkeniетiniń besigi [The great steppe is the cradle of human civilization] // Ulttyq tárbiе, №5 (19). P. 84 [in Kazakh].

FTAХР/IRSTI/MPHTI:03.20.00
УДК 94:314 «1991/2016»

Азина ШӘРІПОВА,

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, тарих магистрі,
Қазақстан, Көкшетау. E-mail:azina_sharipovaa@mail.ru

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАҒЫН ҚАЛАЛАРЫ: тұрғындардың ресурстық қор әлеуеті

Мақала Солтүстік Қазақстанның шағын қалалары тұрғындарының ресурстық қор әлеуетіне арналған. 1991-2016 жж. аралығындағы статистикалық мәліметтер мен санақ материалдары, мұрағат құжаттары бойынша авторлар тұрғындардың әлеуметтік және демографиялық-экономикалық дамуын тарихи тұрғыда басқа аймақтармен салыстыра отырып, жан-жақты сыни және кешенді талдау жасауға тырысты. «Шағын қала» ұғымы мен типологиясы, құлдыраған қалалардың критерийлері қарастырылған.

Зерттеу нысаны – Солтүстік Қазақстанның 16 шағын қаласының тұрғындары (саны 8 мыңнан 47 мыңға дейін). Степногорск, Щучинск, Атбасар, Ерейментау, Степняк, Державинск, Булаево, Тайынша, Сергеевка, Рудный, Лисаковск, Арқалық сияқты шағын қалалардың тұрғындарының механикалық және табиғи дамуының көрсеткіштері қарастырылған. Мақалада мемлекеттік идеологияның және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағдарламаларының тығыз байланысының негіздемесі келтіріледі. Аймақтық демографиялық бағдарламалар, өлкедегі еңбек ресурстарының жағдайы баяндалған.

Кілттік сөздер: шағын қала, урбандалу деңгейі, ресурстық қор, экономикалық бағытталу белгісі, көші-қон процестері, индустриалдық даму, экономикалық бағытталу, жұмысшы поселкілері, құлдыраған қалалар.

Азина ШАРИПОВА,

Кокшетауский университет им.Ш.Уалиханова, магистр истории,
Казахстан, Кокшетау. E-mail: azina_sharipovaa@mail.ru

МАЛЫЕ ГОРОДА СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА: РЕСУРСНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ НАСЕЛЕНИЯ

Статья посвящена ресурсному потенциалу населения малых городов Северного Казахстана. Автор пыталась комплексно проанализировать в сравнении с другими регионами социально и демографически-экономические стороны развития региона на

основе материалов архивов, статистических и материалов переписи 1991-2016 годов. Дано определение и типология понятию «Малый город», было рассмотрено критерии неразвитых городов.

Исследуемый объект – население (численность от 8 тыс. до 47 тыс.) 16 - и малых городов Северного Казахстана. Рассмотрен показатель механического и природного развития населения малых городов как Степногорск, Щучинск, Атбасар, Ерейментау, Степняк, Державинск, Булаево, Тайынша, Сергеевка, Рудный, Лисаковск, Арқалық. В статье рассматривается связь между государственной идеологией и социально-экономическое развитие Республики Казахстан. Также было уделено внимание демографическим программам, трудовым ресурсам региона.

Ключевые слова: малый город, уровень урбанизации, ресурсный потенциал, знак экономического направления, миграционные процессы, индустриальное развитие, экономическое направление, рабочие поселки, неразвитые города.

Azina SHARIPOVA,

Kokshetau University named after Sh. Valikhanov, master of history,
Kazakhstan, Kokshetau. E-mail: azina_sharipovaa@mail.ru

SMALL TOWNS OF NORTHERN KAZAKHSTAN: RESOURCE RESOURCES OF THE POPULATION

The article is devoted to the resource potential of the population of small towns in North Kazakhstan. 1991-2016 according to statistics and census materials, archival documents, the authors tried to make a comprehensive critical and comprehensive analysis of the social and demographic and economic development of the population, historically comparing it with other regions. The concept and typology of "small town", the criteria of declining cities are considered. The object of the study is the population of 16 small towns of North Kazakhstan (from 8 thousand to 47 thousand). Indicators of mechanical and natural development of the population of small towns such as Stepnogorsk, Schuchinsk, Atbasar, Ereymentau, Stepnyak, Derzhavinsk, Bulaevo, Taiynsha, Sergeevka, Rudny, Lisakovsk, Arkalyk are considered. The article provides a rationale for the close relationship between state ideology and strategic programs of socio-economic development of the Republic of Kazakhstan.

Regional demographic programs, the state of labor resources in the region are described.

Keywords: small town, level of urbanization, resource base, sign of economic orientation, migration processes, industrial development, economic orientation, working settlements, declining cities.

Кіріспе. Қала тарихын қарастырушы әдебиеттерде «шағын» немесе «үлкен емес» қала түсінігінің сандық критерийі соңына дейін анықталмаған. XX ғасырдың 60-жылдарына жататын Ф.М.Листенгурттың, И.М.Смолярдың және В.Г.Давидовичтің еңбектерінде «шағын» деп тұрғындары 20 мың адамнан аспайтын қалаларды атаған. Кейін Б.С.Хорев тұрғындар санын 50 мың адамға көбейткен, бірақ та 20 мыңдық тұрғыны бар қалалардың даму ерекшелігін мойындаған [1]. Бұл позиция сол уақыттағы КСРО-ның Мемлекеттік Құрылыс мекемесі бекіткен тұрғындарының саны бойынша жалпыға міндетті қалалар классификациясымен сәйкес келеді. Көрсетілген жоғарғы меженің шамадан асуы көптеген зерттеулерде кездеседі.

ТМД бойынша қалалар мәртебесін алған қоныстар тұрғындарының төменгі межесін анықтау тәсілі өңделмеген. Бұл категориядағы қалалар үшін халықтың шаруашылығы мен заңдылықтар бойынша даму арасындағы байланыстарды анықтау қиындық келтіреді. Мысалы, Ресей қалалары тұрғындарының ең төменгі саны 12 мың адамды құрауы қажет. Украина, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан үшін – 10 мың адам, Қазақстан, Латвия, Армения, Түркіменстан үшін – 8 мың адам, Грузия, Әзірбайжан үшін – 5 мың адам [2]. Алайда, қазақстандық жетекші мамандардың пікірінше, қоныстың қалаға айналып, қалыптасуы үшін шамамен 20-25 мыңдай адамдық әлеует жиналуы қажет. Өйткені, бұл жерде сол қоныстың шаруашылық құрылымы мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың белсенді түрі пайда болуы шарт.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу нысаны – Солтүстік Қазақстанның 16 шағын қаласының тұрғындары (саны 8 мыңнан 47 мыңға дейін. 1-кестені қараңыз). Зерттеу жұмысында тарихи ұстанымға сүйенетін жалпығылымдық және шағын қалаларды бір-бірімен салыстыру әдістері пайдаланылды. Әр аймақ өзінің табиғи-географиялық орналасуымен, қалыптасып қалған ұлттық салт-дәстүрлері мен

жергілікті тұрғындардың мінезімен ерекшеленіп, тіпті сол шағын қалалардағы урбандалу деңгейін негіздейді. Солтүстік Қазақстанның шағын қалалары кеңестік кезеңде аумағындағы өнеркәсіптік және аграрлық-индустриялық игеру негізінде құрылған. Шағын қалалардың типологиясына келсек, көп жағдайда олардың экономикалық бағытталу белгісі алынады (мысалы, өнеркәсіптік – Лисаковск, индустриялды-аграрлық – Сергеевка, курорттық-шипажайлық – Щучинск және т.б.). Басқа авторлар – қалаларды әлеуметтік даму көрсеткіші бойынша топтастырады. Осылайша, екі жағдайда да біртұтас территориялық тұтастықтың жеке салалары ғана ерекшеленеді [3].

1-кесте. Облыстар бойынша шағын қалалар.

Облыс	Қала саны	Шағын қалалар атауы
Ақмола облысы	9	Степногорск (46 947), Щучинск (46 108), Атбасар (29 653), Макинск (17 842), Ақжол (13 612), Ерейментау (10 451), Есіл (28 890), Степняк (4 800), Державинск (6 311)
Солтүстік Қаз. обл.	4	Булаево (7 627), Мамлютка (7 024), Тайынша (11 647), Сергеевка (7 344)
Қостанай облысы	3	Лисаковск (41 343), Арқалық (29 662), Жігітқара (35 200)

Солтүстік Қазақстанның шағын қалаларының тұрғындарының тарихы республикамыздың тарихының көптеген жақтарымен байланысты. Сондықтан да бұл тақырып кешенді және бір-бірімен байланысты қаралады. Аймақтағы шағын қалалардың тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық және демографиялық даму сұрақтарын қамтитын барлық тарихи әдебиетті қазіргі тарих ғылымының жағдайына байланысты 3 топқа бөліп, қарастыруға болады.

Талдау. Бірінші топқа шағын қалалар тұрғындарының қалыптасуы мен дамуының мәселелері айқындалған республикамыздың индустриалдық дамуына арналған еңбектерді жатқызамыз. Урбаниза-

цияның кеңестік кезеңі, әсіресе, шағын қалалардың басқарылуы, қызмет етуі мен дамуына көп әсер етті. Осы тақырыпқа байланысты жалпылама зерттеу жүргізгендер: Ю.Л.Пивоварова (1976), Б.С.Хорев (1975), Г.М.Лаппо (1978). Республикамыздың тұрғындары жөніндегі бағалы мәліметтерді, жұмысшы кадрлардың қалыптасуы мен дамуы туралы тарихшылар А.Н.Нусупбеков (1966), М.Х.Асылбеков, Х.М.Абжанов (1984), Г.Ф.Дахшлегер, К.Н.Нурпеисовтардың (1985) еңбектерінен кездестіруге болады.

Нарықтық қатынастар кезеңіне өту жағдайындағы шағын қалалардың дамуына экономикалық анализ жасалған «Малые города при переходе к рынку (проблемы и приоритеты)» (1992) атты еңбекті А.К.Қошанова мен М.Х. Айдарханова жазды.

Екінші топқа отанымыздың тұрғындарының демографиялық дамуын зерттеген қазақстандық зерттеушілердің жалпылама және аймақтық жұмыстары жатады. Алғаш рет 1926 жылғы санақ материалдары, мұрағаттық деректер негізінде А.Б. Галиевтың «Население Казахстана в конце восстановительного периода: численность, национальный, социально-профессиональный состав» деген еңбегі жарық көреді. 1897 жылғы санақ бойынша Қазақстанның қалаларының тұрғындарына арналған Ж.К. Қасымбаевтың еңбектері бар (1980). Кеңестік уақыттағы көші-қон мәселесіне Ф.Н.Базанованың «Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР. Национальный аспект» атты монографиясы арналады. Қазақстанның жергілікті тұрғындарының демографиялық дамуы М.Х.Асылбеков пен В.В.Козинаның «Казахи» деген монографиясында ашылып айтылған. Аталған еңбектерде тұтас республиканың демографиялық процестерін зерттеуде Солтүстік Қазақстанның шағын қалаларының демографиялық дамуының тек кейбір жақтары қарастырылған.

Үшінші топқа қалалар тарихы туралы, әсіресе, шағын қалаларға арналған еңбектерді жатқызамыз. Қалалар тарихын жазуға деген қызығушылық XX ғ. 50-60 жж. басталды. Оған А.А.Горячеваның (1955), П.С.Беланның (1959), Г.Е.Москалевтың (1956) еңбектері жатады. Онда авторлар үлкен және шағын қалалардың тұрғындарының психологиялық ерекшеліктері мен рухани өмірін салыстыра жазады. Шағын қалаларға арналған ең алғашқы зерттеу – неміс тарихшысы Г. Зиммельдің «Большие города и духовная жизнь» атты мақаласы болып табылады (1905).

Зерттеу нәтижелері. Шағын қалалар бір-бірінен ресурстық қор потенциалы, демографиялық жағдайы, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерімен де айырмашылықтары болады.

Өндіруші өнеркәсібі айрықша дамыған қалалар – 3-еу: металлдық рудаларды өндіру – Лисаковск, Арқалық; басқа шикізат қор түрлерін өндіру – Жітіқара.

Өңдеуші өнеркәсібі айрықша дамыған қалалар – 3-еу: химиялық өнеркәсіп – Степногорск; машина жасау, құрылыс, тоқыма және тамақ өнеркәсібі – Макинск, Ерейментау.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін айрықша қалалар – 9: Ақкөл, Арқалық, Атбасар, Есіл, Степняк, Булаево, Мамлютка, Сергеевка, Тайынша.

Ғылыми-тәжірибелік орталық – 1 қала: Степногорск. Емдеу-сауықтыру қызметін атқаратын орталық – 1 қала: Щучинск. Бұрынғы өнеркәсіптік функциялары бірте-бірте өшіп бара жатқан – 1 қала: Державинск.

Көптеген шағын қалалардың дамуы экономиканың белгілі бір саласымен байланысты болғандықтан, әр шағын қалада әр түрлі жағдай орын алған. Статистикалық көрсеткіштің салыстырмалы анализіне қара-

сақ, шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық динамикасын, тұрғындардың өмір сүру деңгейі мен сапасын көруге болады.

Бүгінгі күнде жағдайы жоғарғы деңгейдегі Солтүстік Қазақстанның шағын қалаларына Лисаковск (Қостанай облысы) және Степногорскіні (Ақмола облысы) жатқызуға болады. Бұл қалалар ауқымды табиғи-ресурстық және өндірістік қорға ие болып қана қоймай, сонымен қатар тұрғындарының табыстары да жоғары.

Алайда, барлық шағын қалалардың ішінен құлдыраған қалаларды да ажыратуға болады. Олардың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері өте төмен жағдайда. Мұндай құлдыраған қалаларды анықтау үшін келесідей критерийлер алынды:

– әрбір жан басына шаққандағы тұрғындардың өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі орташа республикалық деңгейден 20%-ға төмен;

– ресурстық қордың жоқ болуы немесе таусылуы;

– қаланың өнім өткізу ірі рыногынан алшақ болуы;

– соңғы 3 жылда жұмыссыздықтың орташа деңгейі орташа республикалық деңгейден 50% немесе одан да жоғары пайызда;

– орташа аймақтық еңбекақы республикалық орташа еңбекақымен салыстырғанда 1,5 есе төмен;

– өндірістік инфрақұрылымның дамымауы;

– қолайсыз экологиялық жағдай.

Осы критерийлерді жинақтай келе, құлдырағандар категориясына мына шағын қалаларды жатқызуға болады: Державинск, Степняк (Ақмола облысы), Арқалық, Жітіқара (Қостанай облысы).

Аудандарға бағынышты шағын қалалардың өздерінің бюджеттері болмағандықтан, аудандық бюджеттің қаржылық жоспары бойынша қаржыландырады. Аудандық бюджет көбінесе оларға тек демеушілік қаржы ғана бөле алады.

Елизавета ИСИБАЕВА¹, Бағдагүл АМАНИЯЗОВА²,¹доц, к.и.н. E-mail: isibaeva liza@mail.ru.²магистр гуманитарных наук, E-mail: bagdagul-1977@mail.ru.^{1,2}Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Казахстан, Актөбе.

ЗЕМЕЛЬНАЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ: основные тенденции и перспективы развития

В статье рассказывается об основных тенденциях и перспективах развития земельного законодательства в современном Казахстане по вопросам обеспечения надлежащего сельскохозяйственного использования. В связи с переходом к рыночной экономике возникла объективная необходимость создания новой земельной системы, обеспечивающей эффективное использование земельных ресурсов. Земельная реформа стала составной частью общей политики государства Республики Казахстан по разгосударствлению и приватизации в экономике нашей страны. Нормы земельного законодательства направлены на обеспечение рационального использования земель. Поэтому очевидно, что правовое обеспечение рационального использования земель состоит из комплекса взаимосвязанных правовых мер и подходов, направленных на стимулирование требуемого поведения субъектов права собственности на земельные участки и права землепользования. Критерии рационального использования земель зависят от категории землепользования в зависимости от его правового режима.

Ключевые слова: земельное законодательство, земля, правовая норма, государственная политика, страна, сельское хозяйство, территория.

Elizaveta ISIBAEVA¹, Bagdagul AMANNIAZOVA²,¹Associate prof., cand. of hist. sciences. E-mail: isibaeva liza@mail.ru²Master of Arts. E-mail: bagdagul-1977@mail.ru^{1,2}Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Kazakhstan, Aktobe.

DEVELOPMENT OF LAND LEGISLATION IN MODERN KAZAKHSTAN: main trends and prospects

The article describes the main trends and prospects for the development of land legislation in modern Kazakhstan on ensuring proper agricultural use. Due to the transition to a market economy, there was an objective need to create a new land system that would ensure the effective use of land resources. Land reform has become an integral part of the overall policy of the state of the Republic of Kazakhstan on denationalization and privatization in the economy of our country. The norms of land legislation are aimed at ensuring rational use of land. Therefore, it is obvious that the legal support for rational land use consists of a set of interrelated legal measures and approaches aimed at stimulating the required behavior of subjects of land ownership and land use rights. The criteria for rational land use depend on the category of land use and its legal regime.

Keywords: land legislation, land, legal norm, State Policy, country, agriculture, territory.

Кіріспе. Жер қорын басқару жөніндегі мемлекеттік саясаттың мақсаты – елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде жерді пайдаланудың тиімділігін арттыру, жерді қоршаған ортаның негізгі компоненті

және ауыл шаруашылығындағы өндірістің басты құралы ретінде қорғау. Осы жұмыс шеңберінде жер қорын басқару жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының арасында жер учаскелерін тиісінше пайдаланбауына

байланысты оларды алып қою тәртібін, сондай-ақ алып қоюға байланысты іс-шараларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктерін нақтылауды жетілдіру қажеттігін атап өткен жөн. Оның ішінде пайдаланылмайтын жер учаскелерін шаруашылық айналымға тарту және мелиорацияланған жерлерді тиімді пайдалану жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік қолдау бойынша шараларды айқындау да бар. Аталған проблеманы жер қорын мемлекеттік басқаруды айқындайтын негіз қалаушы құжатта бөлу жер учаскелерін тиісінше пайдаланбауына байланысты оларды алып қою тәртібін қамтамасыз ететін құқықтық тетікке өзгерістер енгізу қажеттігін, сондай-ақ мемлекеттің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиісінше пайдалануды қамтамасыз ету мәселесіне аса назар аударуын куәландырады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің тиісінше пайдаланылуын қамтамасыз етуге, осы жерлердің сапалық жай-күйін сақтауға және арттыруға бағытталған шаралардың арасында жер қорын басқару жөніндегі мемлекеттік саясаттың негіздері мемлекеттік жер қадағалауды және жеке меншіктік жер бақылауды жетілдіру, сондай-ақ жердің мемлекеттік мониторингін дамыту қажеттілігін белгіледі.

Материалдар мен әдістер. Бұл мақаланың теориялық-әдіснамалық негіздерін тарихи құқықтық жағынан зерттеудің жалпы ғылыми әдістерінің жиынтығымен қатар тарихи талдауға тән таным теориясы заңдылықтары құрайды. Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын құқықтық нормативті актілер мен осы тақырып төңірегінде басып шығарылған материалдар мен ғылыми әдебиеттер құрайды. Мақалада қазіргі Қазақстандағы жер заңнамасын дамытудағы негізгі тенденциялар мен оның перспективалары талданды. Бұл ретте көптеген ғалымдар мен әлеуметтанушы, тарихшы, құқықтанушылардың еңбектерін атап көрсеттік.

Талдау. Табиғи ресурстарға деген қоғам қажеттілігін қанағаттандырудың жаңа талаптарына сәйкес бүгінде жерді қорғауға, жер заңнамасын дамыту және оның перспективалары жерді пайдалануға және жерді қалпына келтіруге қатысты құқықтық мәселелер жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Қоғамдық ғылымдар саласында, отандық әдебиеттерде жер ресурстарын қорғау және пайдалану мәселесінің құқықтық аспектілері Б.Ж. Абдраимов, А.Т. Ащеулов, Д.Л. Байдельдинов, С.Б. Байсалов, А.Е. Бектұрғанов, А.Е. Еренов, Л.К. Еркінбаева, Ж.Х. Қосанов, С.Т. Құлтелеев, Н.Б. Мухитдинов, М.С. Сахипов, А.С. Стамқұлов, К.А. Шайбеков, А.Х. Хаджиев, С.М. Дүсіпов сынды ғалымдар қарастырған. Ал Түркия Республикасында Ф. Ерен, У. Башпынар, Е. Пекжанытез, О. Аталай сынды ғалымдар тарапынан қолға алынған. Сондай-ақ, табиғи ресурстарды пайдаланудың кейбір құқықтық мәселелерін зерттеуге М.Н. Айдаболов, А.П. Асылбеков, Г.Б. Ахмеджанова, А.А. Мұқашева, К.Х. Рахымбердин, С.Ж. Сүлейменова, Сүхейла Сузан Алыжа, А.М. Гүнеш, А. Парлар, М.Хатибоғлу, Ш.Ерташ, т.б. жас зерттеушілер де өз үлестерін қосқан. Бұл мәселеге М.М. Бринчук, Б.В.Ерофеев, И.И.Краснов, В.Н.Яковлев секілді ТМД елдерінің ғалымдары да өз назарын аударған. Жоғарыда аталған зерттеулерде жер саласындағы қазіргі заманғы құқықтық қатынастардың мәні мен мазмұнының жалпы теориялық аспектілері; жер заңнамасын дамыту заңдылықтары мен тенденциялары; ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану құқығының ерекшеліктері; жер ресурстарын ұтымды пайдалануды және қорғауды ынталандыру, жер құқығын бұзушылық әрекеттерге бағандарды ескерту және заңдық жауапкершілікке тарту шараларын тиімді қолдану механизмдері және т.б. қарастырылған. Сонымен қатар,

жерді құқықтық қорғау мен пайдалануға қатысты көптеген мәселелер әлі де болса жіті ұғынылмай әрі іс жүзінде қолданылмай, практикалық шешімін таппай отыр. Сол себептен, зерттеу жұмысының маңызды және құнды екені теориялық әрі практикалық тұрғыдан айқын байқалады.

Зерттеу нәтижелері. Қазақстан Республикасының жер қорын пайдаланудың мемлекеттік саясатының негіздерімен жер қорын санаттарға бөлу принципін жер заңнамасынан алып тастау және оны аумақтық жоспарлаумен алмастыру ұсынылды. Нарықтық қатынас жағдайында туындаған негізгі ойлар – ол ауыл шаруашылық кәсіпорындарының агроөнеркәсіп, акционерлік қоғамдарға айналып, елді мекендерден тыс жерлерге құрылыстардың салынуы. Мұндай құбылыстар болашақта өзінің даму деңгейіне жетеді. Сонымен қатар, жер пайдалану субъектілерінің жерінің құрамында (бұрынғы совхоз, колхоздардың) ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерден шектелетін жердің басқа да категориялары бар: мемлекеттік орман қорының, су қорының елді мекендердің жерлері [1,45]. Ауыл шаруашылық жер пайдаланушыларына жерді ауыл шаруашылығы сияқты ауыл шаруашылық емес мақсатқа да беруге болады. Ауылшаруашылық жерлерінің басымдылығы, онда тауарлы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру сол арқылы халық әл-аухатын арттыруды көздейді. Жер қорында жер алдымен ауыл шаруашылық мақсаттарға беріледі. Бүкіл әлемде маңызды мәселелердің бірі қазіргі және келешек ұрпақ мүддесінде ауыл шаруашылық алқаптарының сапасын арттыру және жер көлемін сақтау болып отыр. Шет елдердің тәжірибесіне жүгінетін болсақ, мысалы, Америка, Азия, Еуропаның көптеген елдерінде жерге жеке меншіктен бас тартып, шаруа-фермерлердің дербес шаруашылық құқығын қамтамасыз етуге назар аударылды. Мысалға, 1982 жылы қабылданған Қытай Конституциясы бойынша тың жерлер, қыр, тау, орман, және қала жерлері тек мемлекеттің меншігінде болады. Қазіргі кезде Қытай дүние жүзінде ауыл шаруашылық өнімдерінің негізі өндіріушісі болып табылады. Қазіргі кезде ауылды одан әрі дамыта шешу үшін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің негізгі бағыттары анықталған. Қазақстан Республикасының аграрлық саясатының негізінде жаңа ереже – жерге жеке меншік құқығының болуы да аса маңызды болып табылады. Жерге меншік құқығы мәселесі қоғамда қажеттігін Қазақстан Республикасы Президентінің өзі ұсынған болатын. Жерге жеке меншікті енгізудің басты негіздемесі болып инвесторлардың ауыл шаруашылық саласына қызықпаушылығы болып табылады [2,14]. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы жердің кейінгі нарығы ашық немесе құпия түрде жүзеге асырылады. Оған дәлел мынадай ресми мәліметті атауға болады: тек инвестор компаниялардың өзіне 3 млн.га жер сатылған немесе басқаруға берілген. Өңдеуші жерлердің құнарлығының бірден төмендеуін атап өтпеге болмайды. Бұл өндіріс технологиясын дөрекі түрде бұзудың қаржы ресурстарының жетіспеушілігінің белгілі бір ауыл шаруашылық өнімдеріне сұраныстың азаюының және техниканың тозуының салдарынан болады. Аталған мәселелердің барлығы өндірісті жүргізудің нақты бір табиғи климаттық жағдайларымен қалыптасқан мамандандыруды үздіксіз ауыстырып отыруға мәжбүр еткізді. Жоғарыда аталған жағдайлардың барлығында бүкіл әлемдік тәжірибедегі сияқты күшті мемлекеттік қолдау қажеттілігі туындап отыр. Жер кодексін қабылдау кезінде қоғам арасында әртүрлі көзқарастар орын алды. Бірқатар депутаттар тобы Қазақстан Республикасы Президентіне хат жолдады. Бұл хатта жерде тікелей жұмыс істейтін адамдардың жерге меншік құқығының жоқтығына қатысты көңіл

толмаушылықтарын айтып, жер сатылатын жағдайда елеулі саяси және әлеуметтік салдар орын алатыны аталып кетті. Жоғарыда аталған депутаттар тобы жерді сату туралы мәселені қажетті алғы шарттар орын алғанға дейін кейінге қалдыруды ұсынды. 2003 жылы сәуір айының соңында Президент мәжіліс екінші созылымда Жер кодексінің жобасын көпшілік дауыспен қолдады. Іс жүзінде Парламент Мәжілісі жер туралы заңнаманың мүлдем жаңа жобасын ұсынды. Үкімет аталған жобаның бес негізгі сауалына қатысты келісім бермеді. Біріншіден, депутаттардың шартты жер үлесіне ие тұлғаларға жер телімін тегін тарату туралы ұсынысымен келіспеушілік. Себебі, ол мұндай үлеске ие емес азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзады. Егер бұл ұсынысты жетекшілікке алсақ, онда 1994 жылғы агроқұрылымдарға сәйкес қалыптасқан құқықтар жойылды. Ал, бұл тұйыққа алып келді. Ол өндірістің ерекше құралы ретіндегі өзіндік құнға ие жердің құқықтық жағдайына қайшы келді [3,76]. Сонымен қатар жеке меншік иесіне сатылуы тиіс жер учаскелерінің көлеміне келіспеушілік білдірді. Алғашқы ұсыныс бойынша мұндай жерлер аудандардағы ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің он пайыздан аспауы тиіс болатын. Ал, Мәжіліс бұдан екі есе аз жер көлемін ұсынды. Үкіметтің ойынша, бұл инвесторлардың қызығушылығын төмендетіп, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің ыдырауына алып келеді.

Үшінші келіспеушілік ретінде Үкімет жеке және заңды тұлғалар үшін айтуға болады. Егер азаматтар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді меншікке заң күшіне енісімен алатын болса, заңды тұлғалар (яғни агроқұрылымдар) үшін бұл мерзім 3,5 жылға шегерілді. Бұл таңқаларлық жәйт, мұндай жағдайда құрылған шаруа қожалығы немесе серіктестік жерді мемлекеттен емес, өз-өзінен жалға алады.

Төртінші келіспеушілік субарендаға қатысты орын алды. Мәжіліс депутаттары субаренданы 2007 жылға дейін созуды ұсынды. Үкіметтің ойынша бұл жол ауыл шаруашылық өнімдерінің өзіндік құнының өсуіне әкеп соғады деп атап көрсетті.

Бесінші мәселе, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді сатудан түскен қаражатты қолда бар жинақтаушы қорларда емес, құрылуы бюджеттен қосымша шығындарды қажет ететін белгілі бір жаңа институттарда жинақтау. Жер Кодексінің жобасы Үкіметте, Қауіпсіздік Кеңес пен Ұлттық Кеңестің отырысында талқылаудың барлық кезеңдерінен өтіп, мақұлданды. Қ.Р. Парламентімен қабылданған Жер кодексі 2003 жылы 10 маусымда Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесімен қаралып, заңды деп танылды. Қазақстан Республикасының Президенті субаренда институтының мерзімін ұзартуға қатысты үйлесімді жол ұсынды. Ол екі жолдың – Үкімет пен Парламент ұсынған жолдардың арасынан алтын аралықты таңдады. Бұл ұсыныс 2005 жылдың 1-қаңтардан бастап жүзеге асырылды. Президент жер бөлімшелерінің қатаң шектері белгіленетін кезде, сол жердің жергілікті ерекшеліктері мен табиғи климаттық жағдайына назар аударуды ұсынды. Себеі, олар барлық жерде бірдей емес [4,65]. Сондықтан, аталған ұсыныс шаруашылығы өндірісінің тиімділігінен көрініс тапты. Бұл жағдайда жергілікті жерлердегі барлық деңгейдегі әкімдер мен маслихаттардың бірлескен әрекеттері талап етіледі. Жер туралы заңнаманың нормалары конституциялық нормаларға қайшы келмейді. Мәселен, Жер Кодексінің мемлекеттік және жеке меншік туралы нормалары жер қатынастарына қатысушылардың жүріс-тұрысының басқарушы ережелеріне мемлекеттік басқару органдарының құқықтары мен міндеттері жатады. Мысалы, мұндай ережелер, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23-қаңтардағы «Қазақ-

стан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 2-тарауында көрініс тапты. Ұсынушы нормалар субъектілердің белгілі бір мәселелерді шешу үшін бірқатар оң әрекеттерді өз қалауымен жүзеге асыру мүмкіндігін білдіреді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 51-бабының 3-тармағына сәйкес бөлінетін жер учаскесінің бөлігімен мәміле жасалған кезде бұл бөлік белгіленген тәртіппен алдын-ала дербес жер учаскесі болып бөлініп шығарылды [5,13]. Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 84-бабының 1-тармағына сәйкес жер бөлімін мемлекеттік қажеттіліктер келісімімен құны тең басқа жер учаскесін беру арқылы алып қойылуы мүмкін. Ауыл өмірін жақсартып дағдарыстан алып шығудың бір жолы – жер және жерге иелік қатынастарын жетілдіру осыларды реттеу жөнге келтіру. Жер реформасын жүргізуде көптеген құжаттар қабылданды. Олардың ішінен 1991 жылы қабылданған Жер реформасы туралы заңы, 1994-1995 жылдары күшіне енген Елбасының «Жер қатынастарын жетілдіру туралы» және жер туралы жарлықтарын атауға болады. Жер еңбек заты, ерекше өндіргіш күш және еңбек өнімі ретінде дамып келе жатқан қоғамдық өндірістегі объективті қалыптасқан тәуелділіктерге бағынады. Жеке алғанда материалды өндіріс элементі ретінде меншік объектісі ретінде көрініп, оған оның барлық құқы таралады. Кез келген шаруашылық жүргізуші субъектілердің тәртіп формаларын анықтайтын ережелерге бағынады. Алайда, бұл жағдайда жер ресурстарын көптеген өндіргіш күш элементтерінің құрамынан ажырататын оның ерекше қасиеттері өз күшін жоймайды. Бұл біріншіден, оның тек ғана өндіріс емес, сондай-ақ жалпы тұрмысқа материалдық базасы ретіндегі рөлі; екіншіден, өнім түрінде жаңа құнды қалыптастыру қабілеттілігі; үшіншіден, оның көлемінің табиғи шектеулілігі. Жердің осы ерекше қасиеттері жерге қатысты қатынастар механизмін жасауда ескеруді талап етеді. Ал бұл өз кезегіндегі жерге меншік пен шаруашылық жүргізу мәселелеріне ерекше тоқталу қажеттілігіне алып келеді. Жер қатынастары – бұл жерде иемдену, пайдалану және басқару бойынша тұлғалар арасында туындайтын қатынастардың жиынтығы. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Жер кодексіне сәйкес жеке меншікке қосалқы шаруашылық, бақша, тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін жер учаскелері беріле алады. Үкіметтік нормаға сәйкес жер учаскелері қайтарымсыз негізде меншікке беріледі. Ал нормадан асқан жер учаскелері белгілі бір төлем ақыға беріледі.

Қорытынды. Қазір елімізде 4 млн.-нан астам жеке меншік жері бар адам бар және олар 600 мың га астам жерді иемденіп отыр. Жеке меншіктегі жер учаскелері барлық нарықтық келісімдердің объектісі бола алады. Жер учаскелерінің меншік иелері екінші нарықта келісімді баға бойынша оларды сата, кепілге беру, сыйлауға, жарна ретінде шаруашылық жүргізуші субъектінің жағарлық қорына енгізе, басқа да заңмен белгіленген келісімдерді жүргізе алады. Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жерді пайдалану құқығы сондай-ақ барлық жоғарыда аталған келісімдерге қатысу объектісі болып табылады. Ал жерді қайтарымсыз беру тек қана ауыл шаруашылық бағытындағы жерлерге қатысты.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- Боголюбов С.А. «Жер құқығы»: Учебник для бакалавров. 5-е изд., перераб. и доп. М.: Издательство «Юрайт», 2013.
- Киселев С. Земельный вопрос// Юрист.-2007.-№3.-С.14-17
- Певницкий С. Приобретение права на земельные участки при инвестиционно-строительной деятельности.// Хоз. и право.-2007.-№11.-С.76-84
- Сыроедов Н. А. Возникновение прав на землю//Гос. и право.-2004.-№10.-С.65-72

Земельный кодекс Республики Казахстан: кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2003 года № 442 (по сост. на 03.07.2014 г.).

REFERENCES

Bogolyubov S.A. «Jer quqygy»: Ýchebnik dlia bakalavrov. 5-e izd., pererab. i dop. [«Land rights»: Textbook for bachelors. 5th ed., reprint]. – Moscow: «Yurayt» Publishing House, 2013 [in Russian].

Kiselev S. Zemelny vopros [Land issue]. – Yurist. 2007. No.3. p. 14-17 [in Russian].

Pevnitsky S. Priobretenie prava na zemel'nye uchastki pri

investitsionno-stroitel'noj dejatel'nosti [Acquisition of the right to land plots in investment and construction activities and right]. – Hoz. i pravo. 2007. - No. 11. p. 76-84 [in Russian].

Syroedov N. A. Vozniknovenie prav na zemlju//Gos. i pravo [The Emergence of land rights//State and law]. – 2004. - No. 10-p. 65-72 [in Russian].

Zemel'nyj kodeks Respubliki Kazakhstan: kodeks Respubliki Kazakhstan ot 20 iyunja 2003 goda № 442 [Land Code of the Republic of Kazakhstan: Code of the Republic of Kazakhstan dated June 20, 2003 No. 442]. (according to comp. as of 03.07.2014). [in Russian].

ҒТАХР / IRSTI / МРНТИ: 03.20.
ӨЖ 904

Ә. МАРХАБА¹, И. ЖЕМЕНЕЙ², А.К. РАХМЕТУЛЛИН³,

¹ PhD докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті.

Қазақстан, Семей қ. E-mail: adil.marhaba.imam@mail.ru

² ф.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ. E-mail: jemeneyislam@yahoo.com

³ т. ғ.к., Қазақстан, Семей қ. E-mail: aman150176@mail.ru

ТҰРАННАН БАСТАУ АЛҒАН ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Мақаланың басты мақсаты – «Тұран» сөзінің шығу тегі мен оның мағынасы және тарихта алған орнының маңыздылығын ашу және зерделеу. Әйткені, біріншіден, бүгінгі Орталық Азия бұрынғы тарихта «Түркістан» одан бұрын «Тұран» деп аталған. Сол «Тұран» сөзін алғаш рет қандай жазба деректерден көре аламыз? Әрі тұран сөзі кейінгі тарихи-әдеби шығармаларда қалай қолданылып келді? Әрине, бүгінгі Орталық Азия ежелгі «Тұран» елінің территориясының бір бөлігін қамтиды. Сондықтан ол сөзді жазба деректерден қарастыру аса маңызға ие. Әсіресе, тұран атауы көбінесе парсы тілінің ежелгі және орта ғасырлардағы жазбаларында кездеседі. «Тұран» атауы кейін түрік тектес халықтар үшін олардың ежелгі тарихының аты болып әдебиеттерде қалыптасты. Оған Мағжан Жұмабай ақынның Түркістан өлеңі анық дәлел. Ендеше тұран сөзінің шығу тегі мен тарихтағы қолданыс аясы өрекше мәңге ие екені айқын.

Кілт сөздері: Тұран, Түркістан, Виспурд, Вандидад, Авеста, «Базэнд», Македония, Гахан диалектісі.

А. МАРХАБА¹, И. ЖЕМЕНЕЙ², А.К. РАХМЕТУЛЛИН³,

¹ PhD докторант, Казахский гуманитарно-инновационный юридический университет.

Казахстан, г.Семей. E-mail: adil.marhaba.imam@mail.ru

² д. филол. н., проф., Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы. E-mail: jemeneyislam@yahoo.com

³ к. и. н., Казахстан, г.Семей. E-mail: aman150176@mail.ru

КАЗАХСКАЯ ИСТОРИЯ, НАЧИНАЮЩАЯСЯ С ТУРАНА

Основная цель этой статьи «Туранистический источник казахской истории» заключается в происхождении и значении слова «Турани» и значимости его места в истории. Потому что, во-первых, Центральная Азия сегодня в прошлом называлась «Туркестан». Из каких письменных источников впервые встречается слово Турани. И как слово Турани использовалось в более поздних исторических и литературных произведениях. Конечно, сегодняшняя Средняя Азия охватывает часть территории древней страны «Турани». Поэтому важно смотреть на слово по письменным данным. Имя Турани особенно часто встречается в древних и средневековых персидских рукописях. Название «Турани» впоследствии стало названием древней истории тюркских народов в литературе. Яркое тому подтверждение – туркестанская поэма поэта Магжана Жумабая. Таким образом, очевидно, что происхождение и использование слова Турани в истории имеют особое значение.

Ключевые слова: Турани, Туркестан, Виспурд, Вандидад, Авеста, «Базэнд», Македония, Гаханский диалект.

А.МАРХАБА¹, И. ЖЕМЕНЕЙ², А.К. РАХМЕТУЛЛИН³,

¹ PhD student, Kazakh Humanitarian Innovative Law University, Kazakhstan, Semey. E-mail: adil.marhaba.imam@mail.ru

² Professor, Doctor of Philology, Kazakh National University named after Al-Farabi, Kazakhstan, Almaty. E-mail: jemeneyislam@yahoo.com

³ Candidate of Historical Sciences, Kazakhstan, Semey. E-mail: aman150176@mail.ru

KAZAKH HISTORY BEGINNING FROM TURAN

The main purpose of this article "Kazakh history, which began with Turan" will be about the origin and meaning of the word "Turan" and the importance of its place in history. First of all, today's Central Asia is called

"Turkestan" in the past. From what written sources the word Turan is first encountered. And how the word Turan was used in later historical and literary works. Of course, today's Central Asia covers part of the territory of the ancient country "Turan". It is therefore important to look at the word for written data. The name Turan is especially common in ancient and medieval Persian manuscripts. The name "Turan" later became the name of the ancient history of the Turkic peoples in literature. A vivid confirmation of this is the Turkestan poem of the poet Magzhan Zhumabay. Thus, it is obvious that the origin and use of the word Turan in history has a special meaning.

Keywords: Turan, Turkestan, Vispord, Vandidad, Avesta, "Bazand", Macedonia, Gakhan dialect.

Кіріспе. Түркілердің тарихы XIX-XX ғасырлар аясынан бастап бүгінгі уақытқа дейін «Тұран» атауымен саяси аренада ерекшеленіп келе жатыр. Бұл атау түркілер үшін ежелгі тарихының аты ретінде оларды мақтанышқа бөлесе, түркілерге қарсы саяси топтар үшін «пантүркист» ұранының жағымсыз атауы ретінде қолданылып келе жатқандығы да шындық. Алайда түркінің ежелгі тарихи дәуірі жалпы алғанда «тұран» деп аталып келген. Бірақ оның түркілер тарихы үшін тұңғыш тарихи есімі ретінде терең зерттеліп, зерделенбей келе жатқанын ескерту керек. Осы орайда: «Қазақ халқының да ғасырлар қойнауынан бастау алатын тек-тамыры, мәдени-рухани болмысы жалпы адамзаттық тарихтың, жалпы адамзаттық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Осы орайда, Орта және Орталық Азия тарихының өзіндік түйінді мәселелері» (1.9) бар. Соның бірі тарихтың әр дәуірінде түркілер тілі, діні, салты бір этностардан болса да түрлі есімдермен аталып келді. Өйткені: «...осы уақытқа дейін Шығысында Сарыөзен (Хуан-хэ), батысында Жерорта теңізі осынау байтақ аралықтағы түркі тілінде сөйлейтін отыз шақты халық бірін-бірі аудармашысыз түсінеді» (1.9) бұл тілдік ерекшелік түркінің ежелгі тарихынан бастап күні бүгінге дейін қаншама заман өтсе де, талай тарихында саяси-мәдени өзгерістер болып келе жатса да өзгермей келе жатқан тілдік құбылыс. Қазіргі дәуірде түркілер Орталық Азияда Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Анадолыда Түркия, Қапқазияда Әзірбайжан және Қапқазбен бірге Сібір және Қытайда бірнеше автономиялық Республикаларды құрайтын түркі территориясы ғалымдар тарапынан әуелі Тұран сосын Түркістан және қазіргі заманда Орталық Азия аталып келе жатқанын қабылданып, қолданыста жүр*.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазғанда орта ғасырлардағы араб, парсы, түрік тілдерінде жазылған жалпы қоғамдық саяси даму, тарих, жаратылыстану мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер мен тақырыпқа қатысты қолжазба деректер пайдаланылды. Олар: түркиялық ғалым Арслан Текин «Түркінің тарихы» атты еңбегі, Иранның көне жәдігері Зердөшт (Зоротуштра) дінінің «Авеста» жазба дерегі, түркиялық ғалым Ұмай Түркеш Гүнай «Түркілердің тарихы» еңбегі, Әбілқасым Фирдаусидің «Шаһнама» дастаны және т.б. Мақаланы жазу барысында сипаттамалық-баяндамалық (нормативті) және жүйелілік-құрылымдық әдіс-тәсілдер қолданылды.

Талдау. Зерттеу тақырыбына қатысты бірқатар шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін атап көрсетуге болады. Мысалы, түркінің тегі жайында сөз қозғағанда түркиялық Арслан Текин «Түркінің тарихы» атты еңбегінде түркі тегі тарауында: «Тұран типті ерлердің үлгісі Орта Азия, Мауароннәһр және Тау шығыстағы басқа түріктер ақ денелі, жарқыраған қою көзді, ақ құба, бадана көз, ірі денелі, кеуделі еркек пен әйелдері орта ғасырлардағы әдебиеттерде сұлулықтың символы болып саналатын. Тіпті иран әдебиетінде «Түрік» сөзі ару, көрікті, сұлу мағынасында да қолданылып келген. Мысалы, Иранның әйгілі шайыры Сағди Ширази (1203-1292) «түрік» сөзін «сұлу» мағынасында қолданған» (5-17,18). Осында тарихшы ғалым түркілердің типін баяндауда «тұран типті» деген тіркесті пайдаланған. Сондай-ақ Моңғолиядағы қазақ ғалымы

«Тұран әлемі» атты еңбек жазған. Онда: «Кітап моңғол, қытай деректері бойынша жазылған, бұрын бұрмаланып келген деректер жаңаша тұжырымда жазылғанымен де құнды. Онда түрік тілді Тұран халықтарының тарихи жәдігерлерімен, сақтар мен скифтер, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар, Найман мемлекеті, Керей мемлекеті, әзірбайжандар, түрікмендер, өзбектер, қырғыздар, түркі-моңғол араларындағы ру, ұлыстар тарихымен таныс боласыздар», – деп кітап жайында түсініктеме жазылған. Сонымен бірге кітапта: «Тұрандықтардың арғы дәуірінен сыр шертер көне жылнамалар, негізінен екі түрлі бұлақтан нәр алады. Бірі – батыстағы көршілері: Иран, Парсы, Араб, Грек, Рим жиһанкездері мен тарихшыларының жазбалары. Екінші көзі – қытайдың көне жылнамалары. Мұның бәрін ыждағаттықпен екшей келе, көне заман жылнамаларын қазіргі ғылыми жетістіктерімізбен: археология, этнография, этнолингвистика, антропологиялық дерекпен дәлелдей отырып, құпияның бетін ашу бүгінгі күннің үлесіне тиіп отыр.» (7.4). Сондай-ақ қазақ тарихшысы Жұмажан Байжұмин орыс тілінде түркілердің ежелгі дәуір тарихын зерттеп төрт кітаптан тұратын еңбек жазып атын «Тұран» деп қойған.

Зерттеу нәтижелері. Тұран атауы түркі әлемінде кеңінен қолданыста бола тұра ғалымдар түркі тарихын жазғанда ежелгі тарихымыздың «тұран» атымен байланысына онша көңіл бөлмеген жайттар да бар. Оған бір мысал түркиялық ғалым Ұмай Түркеш Гүнай «Түркілердің тарихы» еңбегінде: «Тарих сахнасына шығулары б.з.д. IV ғ. Түркілер алғашқы жұрттарын қорғай келе жаңа жерлерге иелік еткен. Содан көптеген түрлі мәдениет пен діндердің кеңістігіне кірген. Сөйтіп жаңа мәдени синтездер жаратқан. 16 империя мен жүздеген үкімет құрған», – деп жазған. Сонда: «Бастапқы жұрты Түркістан және одан кейінгі иелік еткен жұрттарын да ешқашан тастап кетпеген. Бұл жұрттарынан саяси билігінен айырылып қалса да, сонда қалған түркілер мәдениетін сақтап, түркі тарихын жалғастыра берген. Сол себептен бастапқы Азия жұртынан әлем жағрафиясында барлық замандарда тәуелсіз, автономия немесе тәуелді күй кешсе де Түркі ұлыстары өмір сүруін жалғастыра берген» (8-19). Бұл еңбекте түркілердің ежелгі тарихынан сөз қозғаса да «тұран» атауын пайдаланбайды. Ал қазақтың ақыны Мағжан Жұмабай өзінің «Түркістан» толғауында былай жырлаған:

*Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің тәңірі берген несібі ғой (9-124).
Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер өткен.
Арыстан елге отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолы Қасым ханы,
Тұранның талай жерін билеп тұрған (9-126).
Бұл Тұран – ежелден-ақ Алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған Алаш шері.*

Осы мақалада біз үш сұраққа жауап іздегенді жөн көрдік. 1. Тұран сөзі қайдан шықты және тұңғыш рет қандай жазба деректе тіркелген? 2. Тұран сөзінің ма-

ғынасы бар ма? 3. Тұран сөзі түркі елінің атауы ретінде ел ауызында қолданылып келеді. Сондықтан оның жағрафиялық кеңістігінің ауқымы қанша болған?

«Тұран» сөзінің тұңғыш дерегі – «Авеста»

Авеста кітабын тек қана дерек ретінде қараймыз. Аталған кітап Тұран елін Иранның жауы деп қарастырып, тұрандықтарды жағымсыз кейіпкер етіп көрсеткен. Бұл бөлек әңгіме, өйткені ешбір ел өзіне жау санаған елді жағымды сипатпен сомдамайды. «Құлашын кеңге жайған қос өзен Амудария мен Сырдария атырабы Каспий теңізінен Алтайға дейінгі аралықта Тұран елі тағдыр қосқан қоңсы Иран елімен бірде тату, бірде қату болса да онымен бірге әлем өркениетіне елеулі үлес қосқанына ешкім күмән тудыра қоймайды. Екі елдің тарихи-мәдени қатынастары өлкеге ислам діні тарағанға дейін де жоғары қарқынмен жүріп жатқанды. Оған Тұран елі және Тұран патшасы туралы ежелгі ««Авеста»» һәм біздің дәуіріміздің Х ғасырында дүниеге келген Әбілқасым Фирдаусидің «Шаһнамасында» кеңінен сөз болғаны айқын айғақ бола алады» (10-14). Иранның көне жәдігері Зәрдөшт (Зорутуштра) дінінің «Авеста» шығармасының жалпы көлемі 815 бөлім, жиырма бір кітаптан тұрады екен. Бірақ оның тек қана алты бөлімі қазіргі заманға жеткен. Олар: Гаһан, Иәсна (Гаттар тағы басқа діни өлеңдерден тұрады), Иәшттер, Вәндидад, Виспурд, шағын Авеста. Алты бөлімнің ретіне көре Гаһан бөлімі «Авестаның» ең көне жазбасы болған. Ал Гаһанның бір бөлігі Зәрдөштқа аян болып, оның ауызымен жырға айналған.

«Авеста» заман өлшеміне салғанда үш кезеңде жазылыпты. Алғашқы көне бөлімінің мазмұны Зәрдөшттің өмір сүрген заманынан бұрынырақ шамамен 2800 жыл бұрынғы уақытқа сәйкес келеді. Бірақ Зәрдөшт өлгеннен кейін хатқа түскені байқалады. Бұл бөлім хатқа түсіп жатқан кезде оның көне мазмұнына жаңа ой-пікірлер қосылып, бастапқы мазмұнына біраз өзгерістер енгенін байқатады. «Авестаның» екінші Иәсна бөлімінің гаттар тарауы Зәрдөшттің тәңірлік (минуви) әндеріне арналған. Бұл бөлімнің мазмұны Гаһан бөлімінен кейін жырланған болса да, оның жазылуы Гаһан бөлімінен бұрынырақ хатқа түскені үшін Авестаның ең көне бөлімі болып саналады. Авестаның үшінші бөлімі алдыңғы екі бөлімнен кейінірек жазылып жаңа Авеста болып табылады. Оның құрамына: Иәсна, жаңа Иәшттер, Виспурд, Вәндидад және шағын Авеста енеді. Дегенмен, бұл жаңа бөлімдердің ой-пікірлері көне жазбалардан алынған болса да, оның мазмұндары бір-бірімен қатты араласып кеткені үшін көне және жаңа мазмұндарды бір-бірінен ажырату мүмкін емес. Бірақ «Авеста»ның тілін екі диалектіге бөліп қарауға болады. Біріншісі Зәрдөшттің өз сөзі, ол Гаһан диалектісі. Екіншісі Авестаның Гаһаннан өзге бөлімдері жазылған жаңа диалектісі деп аталады.

Түйіндеп айтқанда «Авеста» кітабы б.з. дейінгі VI-V ғасырларда жазылған ежелгі Иран халқының киелі кітабы болып есептеледі. Сондықтан қазіргі заманның өзінде Иранның әйгілі тарихи шаһары Исфаһанда Зәрдөштті пайғамбар деп, оның дінін ұстанғандардың ғибадатханасы һәм отханаларының есігі өз табынушыларына ашық тұр. Онда зәрдөшттер күнделікті ғибадаттарын орындап, Мұғтары (дінбасылары) діни уағыздар айтып, Зәрдөшт дінін түсіндіріп, насихаттап жатады.

«Авестаның» мазмұны жақсылықтың «құдайы» – Әһурамәзда және жамандықтың жаршысы – Әһримән, жаннат-тозақ, адамзаттың бұл әлемде атқаратын міндеттері туралы, сондай-ақ, ұлттық дастандарды қамтиды. «Авестаның» сөзі негізінде «Әуиәснак» сөзінен шыққан, орнықты, берік ірге деген мағынадағы сөз. Ол

мағына берік аят, орнықты шариғат деген мағынаны меңзейді. Ғалымдардың пікірінше тағы бір мағынасын білім, таным деп көрсеткен. Сондай-ақ «Авеста» сөзі үнділердің ең көне діни кітабының есімі «веда» сөзімен түбірлес болып келеді. Сондықтан «Авеста» кітабы «Білім кітабы» немесе «Даналық кітабы» делінеді. Тәбәри және одан бұрынғы араб тарихшылары өздері жазып қалдырған тарихнамаларында «Авеста» сөзін «Истақ», «Әфсқақ» түрінде тіркелген. Парсы дәрі тілінде ««Авеста», әста, вәст, әст» түрлерімен хатқа түскен. Өйткені ежелгі «Әуиәснак» сөзінің «данак, төванак» жұрнақтары парсы дәрі тілінде алынып тасталады. Оның дұрыс айтылуы ғалымдардың пайымдауынша «Әвиәсна» болу керек. Бірақ ақындар сөздің қисынын келтіру үшін оны қысқартып жырларына «Авеста» түрінде келтірген. Соның салдарынан «Авеста» сөзі кеңінен қолданылып кетті.

Зәрдөшттердің діни рауаяттарына қарағанда: «Мысыр тағында отырған римдік Ескендір сорлы кезбе, дінсіз, оңбаған, жаман іс пен сөздің иесі Әһримәннің бұйрығымен Иран еліне шабуыл жасап, Авеста мен Зәндті алып өртеді. Тәнсер Мазандаран патшасына жазған хатында Ескендір Иран астанасы Естәхр қаласын жаулап алған соң он екі мың сиыр терісінде жазылған авеста жазбаларын алып, оның ішіндегі медицина, астрономия, философия сынды ғылыми мәтіндерін грек тіліне аудартып грек еліне жіберді. Ал, түпнұсқалық жазбаларын өртеуге бұйырды» (10-32). Яғни батыс өркениетінің өкілі Ескендір Филиппұлы Македония (291-323) адамзат өркениетіне орны толмас қастық жасап, тарих жадында қалған.

Ескендір Филиппұлынан кейін Әшк династиясының патшасы Вәлхш (51-78) Авеста мәтіндерін жан-жақтан жинақтап, оны қайта құрастырып, ежелгі дінді жаңартты. Вәлхш патша Белаш есімімен аталады. Сондықтан қазіргі қолда бар «Авеста» кітабының нұсқасы Әшк пен Сасан династиясының патшалық еткен дәуірінде әр жерде қалған мәтіндері мен ел есінде қалған әңгімелері жинақталғаны анық. «Авеста» кітабының жинақталып, ретке келуі соңғы рет жиырма жылнамасы бойынша 5-6 ғасырларда (шамамен 11-12 ғасырға дейін) іске асып, қазіргі заманғы нұсқасын құрады. Зерттеуші ғалымдар Сасанидтер дәуірінен 345700 сөзден тұратын 21 кітап жинақталғанын айтады. Бірақ тарих өткелінен аман қалып мұра болып қалғаны 83000 сөзден тұрады. Бұл жағында авестатанушы ғалымдардың парсы тіліндегі қортындысы болып табылады. Иран елінде авеста кітабын пәһлеви тілінен қазіргі парсы дәрі тіліне аударып, түсінік жазған Паризи Бастани мен Жәлел Достха зерттеушілердің орны ерекше екенін айту керек.

Түрік халықтарының өмір сүріп, салтанат құрған ежелгі аумағын «Тұран» деп атап жазған, да осы «Авеста». Сол дәуірдегі Тұранды басқарған, Иран еліне жорық жасаған, Иранды жеңіп сонда билік еткен Тұран патшасы Афрасиаб есімімен де аталғанын кітаптан кездестіреміз. Мәселен, «Авестаның» мәтіндерінде Афрасиаб (2 рет), тұрандық Афрасиаб (1 рет), жауыз Афрасиаб (1 рет), тұрандық жауыз Афрасиаб (4 рет), аса қайратты Афрасиаб (5 рет) жазылған.

Иран тілі ежелден бүгінге дейін үш дәуірге бөлініп қаралады: Бірінші мыңжылдығында – авеста тілі, екінші мыңжылдығында – пәһлеви тілі, үшінші мыңжылдығы – бүгінгі парсы дәрі тілі Х ғасырдан басталады. Сол себептен Афрасиаб есімі үш дәуірде түрлі фонетикалық ерекшелігімен жазылып жүрді. Мәселен, «Авеста» кітабында Франграсиан (Frangrasyan), Пәһлеви жазбаларында Фрасиак, Фрасиаб. Ал Әбілқасым Фирдауси (940-1030) «Шаһнамасында» «Афрасиаб» түрінде жазылған. Авеста кітабының сөздігін жазған

немістің ирантанушы ғалымы Фердинанд Юсти (1837-1907) Афрасиаб сөзінің лексикалық мағынасын: «Үрей тудыратын адам» деп берген. Сондықтан ирандықтар Тұран патшасын ең мықты жауынгер әрі ұлы қолбасшы деп тани отырып, оны Афрасиаб атымен атаған өздері болған. «Авестада «Тұр» сөзі (Tūra) түрінде жазылған. Онда «Тұр» сөзі тұрандық қауымға телінген. Және батыр, ер деген мағынада екен. Оны санскрит сөзі екенін және батыр мағынасы бар екендігі айтылған» (12-238). Авеста шығармасынан басқа иран жазбаларында Тұран мен Афрасиаб туралы түрлі мәліметтер бар. Бірақ осы мақалада иранның ұлттық ақыны Әбілқасым Фирдауси (941-1030) шығармасы «Шаһнама» дастанына тоқталмақпыз.

Шаһнамада Афрасиаб тұлғасы иран тарихының аңыз бен ақиқатқа негізделіп жазылған жазбаларында ежелгі кезеңінен аталып келеді. Мәселен, Афрасиаб – Тұран әскерінің ұлы сардары болып, Иран патшасы Мәнучерді әкесі Тұрдың кегін алу мақсатында кескілескен шайқаста күйретіп шегініс жасауға мәжбүр етеді. Кейін Мәнучердің ұлы Наузәрді тағынан тайдырып, оны бірнеше соғыста жеңіліске ұшыратып, өлімінен соң Иран тағына 12 немесе 28 жыл отырады. Рауаяттарға қарағанда жүз қырық жыл ғұмыр кешкен Афрасиаб Иран патшасы Кейқауыс және оның ұлы Кейхұсрау дәуірінде де Иран-Тұран елдерінің тарихи оқиғаларының дәл ортасында басты кейіпкерлердің бірі болған.

Әбілқасым Фирдауси «Шаһнама» дастанын жырлағанда Иран елінің Пәһлеви тілінен мұра болып қалған көптеген жазбаларын пайдаланды. Солардың қатарында Афрасиаб туралы да жеткілікті деректер болған. Сол себепті Фирдауси жырында Иран еліне шабуылдар жасаған Тұран елінің ең мықты патшасы болған Афрасиабты басты кейіпкер етіп алған. Сондықтан 981-982 жылдар шамасында жырланған «Шаһнама» – түрік халықтары үшін терең зерттелуге тиіс өте маңызды шығарма. Онда Иран жұрты жақсылықтың құдайы Әһурамазданың символы болса, Тұран елі жамандықтың құдайы Әһримен құдайының өкілі болып саналады. Сондықтан Афрасиаб Тұран елінің патшасы болғаны үшін жағымсыз тұлға болып сомдалады. Бірақ оның батыр болғанына күмән келтірілмейді. Ал «Тұр» сөзі де болымды мағынада қолданыс тапқан. Мәселен, тұр сөзі жеке және тіркес түрінде «Шаһнамада» қандай мағынада қолданылған. 1. Тұр: тұрандық. 2. Тұран құдайы: тұран патшасы, тұран билеушісі. 3. Тұран земи: тұран жері, тұран территориясы. 4. Тұран земин: тұран мемлекеті, тұран елі. 5. Тұран сепаһ: тұран қосыны, тұран жауынгерлері, тұран армиясы. 6. Тұран шәһ: тұран шаһы, тұран патшасы. 7. Тұран груһ: тұран әскері, тұран жауынгерлері, тұрандықтар. 8. Тұран нежад: тұран текті, тұран жұрты. 9. Тұри: тұрандық, тұран елінен. 10. Тұри нежад: түрік тегінен, тұрандық тегінен (14-685-86). Сондай-ақ «Шаһнамада» «Тұран» атауының шығу себебін де жазған. Онда Иранның апсанауи патшасы Придунның (Феридун) үш ұлы болған. Олар: 1. Сәләм. 2. Тұр. 3. Ирәж.

*Үлкенім сенсің, Сәлім, атың таралғай,
Бағың сенің күллі әлемге жайылғай.
Асқан батыр ортаншым тентек болған әу бастан,
Батырлықпен оның да күннен-күнге даңқы асқан.
Арыстандай айбарлы Тұр деп оны атаймыз,
Күштілігін өзінің пілді жеңіп байқатқан.
Шапшаң бола тұрса да, байсалды болған,
Жаратылған секілді тас шеңгелден.
От пен судың ортасында қалса да,
Қиындықты кенжеміз ақылмен жеңген.
Өзі батыр, өзі жас, парасатты болған.
Һәм әлемге атағы мадақ болған.*

*Атың сенің, кенжетай, Ираж болғай,
Ғұмырың ұзақ, тағдырың ұлпа болғай.*

Осылай Феридун әлемді үшке бөліп, үш ұлына үлестіреді. Рим мен Батысты Сәлімге, Түркістан мен Қытайды Тұрға, Иран мен Дешт-е нейзевәрәнды (Арабия немесе Бабыл) Ирәжға береді. Үшеуінің билікке таласуының салдарынан, Иран мен Тұран арасындағы ұзаққа созылған шайқас басталады. Бұнда жауыз да, шабуылды бастаушы да тұрандық болса, қорғанушы, ақиқаттың қорғаушысы да ирандықтар болып сомдалады. Ондағы Иран-Тұран елдерінің саяси бақталасы ұзақ әңгіме. Біздің айтайын дегеніміз – Тұран атауы сол Тұр елі дегенді Фирдауси айтады. Әрі «Авеста» кітабындағы Тұр мен Түрік атауының мағынасы бірдей екен. Яғни: батыр, ержүрек Афрасиаб «Авеста» мен «Шаһнама» жырынан да басқа парсы, түркі тілінде жазылған көптеген деректерде хатқа түскен. Сондықтан Афрасиабтың тарихта айтарлықтай айрықша орны бар тұлға екенін сезу қиын болмайды.

Түркі тілінде жазылған XI ғасырда өмір сүрген түрік халықтарының рухани қос жұлдыздары Жүсіп Баласағұнның 1069-1070 жылдар аралығында он сегіз айда жырланған «Құтты Білік» және 1072-1078 жылдарында жазылған Махмұт Қашғаридің «Диуани лұғат-әт-түрік» атты екі ұлы шығармалары дәлел. Жүсіп Баласағұн түркілік сананың оянуына өлең жолдарын арнап былай өрнектейді:

*Бұл қара жер мыстай қызыл болғанша,
Жасыл от, гүл, дала тозып оңғанша,
Түркі құты, мың жасасын, кесірсіз,
Көре алмастың көзі отпен тесілсін.*

Бұл өлең жолдары ақынның саяси даналығы болып есептеледі. Сонымен қатар, Афрасиаб тұлғасын түркінің тарихымен ұштастыра жырлап, түркілердің өз тарихына талғампаздықпен қарауға да үндейді. Өйткені сол заманда қоғамның тұрмыс-тіршілігінің және саяси ерекшелігі елін қорғай алатын ерлерін ел ынтымағының негізгі терегі деп білетін. Ол:

*Назар салсаң, бұл түріктің бектері,
Жаһанның өз бектері, асыл тектері.
Түрік бектері ішінде атын асырған,
Алып Ер Тоңа ер еді, құты тасыған.
Білімі-даңқы ұлы, көптің сарасы,
Білімді, ойлы әрі халық ағасы.
Зерек, дана көңілі сара, сері еді,
Жұтты жалған елге тұтқа ер еді!
Тәжіктер оны Афрасиаб атаған,
Елдерге ол көп ізгілік жасаған.
Қажет білсең білім, ақыл, даналық,
Қолға алуға дүниені қаратып.
Тәжіктер де хатқа мұны түсірген,
Кітапта жоқ болса кімдер түсірген!?*

Афрасиаб түріктердің Алып Ер Тоңа екендігін Махмұт Қашғари да өз кітабында растайды. Ол Алып Ер Тоңа өлгеннен кейін араға XVII ғасыр салып, халық аузынан жазып алған төрттаған түрінде жырланған «Алып Ер Тоңа жоқтау» жырларының үзінділерін кітабында жариялады. Онда батырын аңсаған халық:

*Алып Ер Тоңа өлді ме?
Жалған дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар!–*

деп жоқтау айтқан. Осыған қарап Алып Ер Тоңа (Афрасиаб) өлімі туралы айтылған екі нұсқаның біріншісі тарихи деректер негізінде Афрасиабты ирандықтар соғыс майданында жеңе алмаған соң оны достық пейілмен алдап патша сарайына шақырып, қонақ асы дастарқанында кесесіне у қосып өлтіреді. Екіншісі, Фирдауси «Шаһнамасында» келтірілген Кейхұсрау

патшадан жеңіліп, қашып жүріп қаза табады. Әрине, бұл парсылардың рухын оятып, саяси беделін ойлаған ақынның шайырлық түйсігінен аса алмаған қиял деуге болады.

Түйіндеп айтқанда, Алып Ер Тоңа – түркілік тарих бастауындағы басты кейіпкер. Оның бір қыры – саяси тарихымызға бастау болса, екінші қыры – түркі халқы батыр патшасын ғасырлар бойында жоқтауын естен шығармай келгендігі олардың елге қорған бола алатын ерлеріне құрметі деп білген абзал. Осылайша мұра қалдырған Афрасиапқа арналған жоқтау өлеңі түркі әдебиеті тарихының бастау тарихы да бола алады.

Қорытынды. Біздің мақсат түркілердің саяси-мәдени аясында кеңінен қолданылып келе жатқан «Тұран» атауының қайдан, қалай шыққандығын анықтау болатын. Осы орайда «Авеста» мен «Шаһнама» шығармаларын негізге алып, ондағы қолданылған тұран сөзіне шолу жасап, ой бөлістік. Сондағы ұстанымымыз аталған тарихи-әдеби, саяси-діни шығармаларды тек қана дереккөз ретінде қарастырғанды жөн көрдік. Өйткені олардың екеуінде де Тұран елін Иран еліне қарсы дұшпан ретінде сомдап, жағымсыз және шайтани істердің қайнары деп көрсетеді. Екіншіден, Тұран-Иран елдерінің түп-тамыры бір ошақтан болғанын айтып, жамандықты ұлттық болмыстан емес, адамның жеке нәпсілік сұраныстарынан туындайтынын меңзеп, тұрандықтарды ел ретінде күнәден арылтқан болады. Әрине, шығармалардың саяси-философиялық бағытындағы көздеген мақсатты тереңдеу зерделеген абзал. Себебі, жауластық сынды көне жараны даналық ғасырдың емімен сауықтырып, елдер арасындағы достық пен игі істер мен қатынастарға жол ашқан дұрыс болар нәтиже екендігіне сенеміз. Осындай ниетпен тарихи оқиғалардың ақиқатын ашуда жазба дерек көздерге тура және батыл һәм игі ниетпен қарағанды жөн санаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Ақселеу Сейдімбек. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы, «Санат» баспасы, 1997, - 464 бет.

Ислам Жемей. Түрік халықтарының әдебиет тарихы. Оқу құралы. – Алматы, «Таңбалы», баспасы, 2014, - 200 бет.

Ислам Жемей. Түрік халықтарының әдебиеті тарихына кіріспе. Оқу құралы. – Алматы, «Қазақ университеті», баспасы, 2019, - ... бет.

Ислам Жемей. Парсы және түркі жазба деректеріндегі қазақ тарихы. (Ежелгі және орта ғасырлық дәуір). – Алматы, «Сардар», баспасы, 2019, - 224 бет.

Арслан Текин. Түркі тарихы, 3-басылым. – Ыстанбұл, карьер басылымдар, 2015, 584 бет.

Сағди Ширази. «Ғазалдарына түсініктеме». Үсейінәли һерәви, төртінші басылым, бірінші том. – Тегеран, «Симұрғ» баспасы, 1375, - 690 бет.

Ислам Қабышұлы. Тұран әлемі, Түркі-моңғол халықтарының тарихы. – Алматы, «Санат» баспасы, 2007, 120 бет.

Ұмай Түркеш Гүнай. «Түркілердің тарихы», екінші басылым. – Анкара, «Ақчағ» баспасы, 2007. 648 бет.

Мағжан Жұмабай. Көп томдық шығармалар жинағы, 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: Жазушы, 2002, - 208 б.

Ислам Жемей. Түрік халықтары әдебиеті тарихына кіріспе. – Алматы, «Қазақ университеті» баспасы, 2019, 274 б.

«Авеста» ирандықтардың ежелгі әндері. Баспаға дайындаған, зерттеген: Жәлел Достха, IV басылым, екі томдық. – Тегеран, «Морварид» баспасы, 1377, 1206 бет.

Үсейін Шәһиди Мазандерани (Бижән). Шаһнаманың түсіндірме сөздігі, бірінші басылым. – Тегеран, «Бәлх», 1377, 812 бет.

Жұмажан Байжұмин. «Тұран», төрт томдық. – Алматы, «Арыс» баспасы, 2012 ж.

Әли Рәвағи. Шаһнаманың түсіндірме сөздігі, 1-том, бірінші басылым. – Тегеран, «Тәлиф» баспасы, 1390 ж. 1187 бет.

Әбілқасым Фирдауси. Шаһнама, алтыншы басылым. – Тегеран, «Қөтре» баспасы, 1379 ж. 1367 бет.

Әбілқасым Фирдауси. Шаһнаманың желісімен жырланған тарихи дастан, екі томдық. – Астана, «Сарыарқа» баспа үйі, - 2009 ж.

Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. Ауд. А. Егеубаев. – Астана: Аударма, 2003. 128 б.

Махмұт Қашғари. Түрік сөздігі, 3-том, Алматы: «Хант» баспасы, 1997 ж. 551-554 б.

REFERENCES

Akseleu Seidimbek. Qazaq әlemi. Etnomádeni pайymdaу. Oqу quraly [The Kazakh world. Ethnocultural thinking. Textbook]. – Almaty, “Sanat” publishing house, 1997, 464 pages [in Kazakh].

Islam Zhemenei. Tүrik halyqtarynyń әdebiet tarihы. Oqу quraly [History of the literature of the peoples Turkey. Textbook]. – Almaty, “Tamgaly”, publishing house, 2014, 200 pages [in Kazakh].

Islam Zhemenei. Tүrik halyqtarynyń әdebiet tarihyna kirispe. Oqу quraly [Introduction to the history of literature of the Turkic peoples of Textbook]. – Almaty, “Kazakh University”, Publishing House, 2019, ... pages [in Kazakh].

Islam Zhemenei. Parsy jáne tүrki jazba derekterindegi qazaq tarihы. (Ejelgi jáne orta gasyrlyq dáyir) [Kazakh history in Persian and Turkic written sources. (Ancient and medieval times)]. – Almaty, “Sardar”, publishing house, 2019, 224 pages [in Kazakh].

Arslan Tekin. Tүrki tarihы, 3-basylym [Turkic history, third edition]. – Istanbul, career editions, 2015, -584 pages [in Turkish].

Sagdi Shirazi. «gazaldaryna túsiniктеme». Useináli herávi, tórtinshi basylym, birinshi tom. [“Commentary on ghazals”. Useinali Heravi, fourth edition, first volume]. – Tehran, “Simurg” publishing house, 1375, 690 pages [in Kazakh].

Islam Kabysuly. Turan әlemi, Tүrki-moңgol halyqtarynyń tarihы [The World of Turan, History of the Turkic-Mongol peoples]. – Almaty, “Sanat” Publishing House, 2007, 120 pages [in Kazakh].

Umai Turkesh Gunay. «Tүrkilerdiń tarihы», ekinshi basylym [“History of the Turks”, second edition]. – Ankara, “Akçag” Publishing House, 2007. 648 pages [in Turkish].

Magzhan Zhumabay. Kóp tomdyq shygarmalar jınagy, 1-tom. Óleńder, dastandar, әngime [Collection of multi-volume works, 1 volume. Poems, epics, stories]. – Almaty: Writer, 2002, 208 pages [in Kazakh].

Islam Zhemenei. Tүrik halyqtary әdebiet tarihyna kirispe [Introduction to the history of literature of the Turkic peoples]. – Almaty, “Kazakh University” Publishing House, 2019, 274 pages [in Kazakh].

«Avesta» irandyqtardyń ejelgi әnderi. Baspaga дайындaған, zertтеген: Jálel Dostha, IV basylym, eki tomdyq [“Avesta” is an ancient Iranian song. Prepared for publication, researched by Zhalel Dostkha, Avetai and Persian, IV edition, two volumes]. – Tehran, “Morvarid” publishing house, 1377, 1206 pages [in Kazakh].

Useyin Shahidi Mazanderani (Bizhan). Shahnamanyń túsindirme sózdigi, birinshi basylym [Explanatory Dictionary of Shahnameh, first edition]. – Tehran, “Balkh”, 1377, - 812 pages [in Kazakh].

Zhumazhan Baizhumín. «Turan», tórt tomdyq [Turan, four volumes]. – Almaty, Arys Publishing House, 2012 [in Kazakh].

Ali Ravagi. Shahnamanyń túsindirme sózdigi, 1-tom, birinshi basylym [Explanatory Dictionary of Shahna, Volume 1, First Edition]. – Tehran, Talif Publishing House, 1390. 1187 p. [in Kazakh].

Abylkasym Firdausi. Shahnama, altynshy basylym [Shahnama, sixth edition]. – Tehran, “Qatre” publishing house, 1379. 1367 p. [in Kazakh].

Abylkasym Firdausi. Shahnamanyń jelisimen jyrlangan tarihі dastan, eki tomdyq [A historical epic sung in the line of Shahnameh, two volumes]. – Astana, «Saryarka» Publishing House, 2009 [in Kazakh].

Yusup Balasagun. Qutty bilik. Aýd. A. Egeýbaev [Good luck. Translated by A. Egeybaev]. – Astana: «Aударma» Publishing House, 2003. 128 p. [in Kazakh].

M. Kashgari. Tүrik sózdigi, 3-tom [Turkish Dictionary, Volume 3]. – Almaty, «Hunt» Publishing House, 1997. Pp. 551-554 [in Kazakh].

Ж.НҰРМАНБЕТҚЫЗЫ¹, Г.ЖАМБАУЛОВА², К.ЖҰМАБАЕВА³,¹т.ғ.к. профессор, zhumakhan.nurmanbetkyzy@mail.ru:²докторант, E-mail:gula-12345@mail.ru:^{1,2}Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан.³п.ғ.магистрі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.
Алматы, Қазақстан. E-mail:zhumabaeva1995@list.ru:

САНА МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Мақалада жаңа сана мәдениетін қалыптастырудағы Қазақстан тарихын оқытудың рөлін зерттеу және анықтау мәселелері қарастырылған. Бұл қазіргі заманның жаһандық проблемасы жас ұрпақтың білім деңгейін, ең алдымен, қоғамның мәдени әлеуетін сақтауға және дамытуға мүдделі мемлекеттің саясатына елеулі әсер ететін маңызды әлеуметтік индикаторға айналдыру, сондай-ақ білім беру жүйесін қоғамның алдағы онжылдықтардағы даму мүмкіндіктеріне қоғамдағы әлеуметтік-мәдени процестердің құрылымы мен бағытының өзгеруіне сәйкес келтіру.

Түйін сөздер: Қазақстан тарихы, сана, әділет, жаңа технология, мәдениет, пән аралық байланыс.

Ж.НҰРМАНБЕТҚЫЗЫ¹, Г.ДЖАМБАУЛОВА², К.ЖҰМАБАЕВА³,¹к.и.н., профессор. E-mail: zhumakhan.nurmanbetkyzy@mail.ru:²докторант. E-mail: gula-12345@mail.ru:^{1,2}ҚазНПУ им. Абая, Алматы, Қазақстан.³магистр п.н., ҚазНУ им. Аль-Фараби,
Алматы, Қазақстан. E-mail: zhumabaeva1995@list.ru:

КУЛЬТУРА СОЗНАНИЯ И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

В статье рассмотрены проблемы изучения и определения роли преподавания истории Казахстана в формировании культуры нового сознания. Это глобальная проблема современности в превращение уровня образования молодого поколения как важный социальный индикатор, оказывающий существенное влияние, прежде всего, на политику государства, заинтересованной в сохранении и развитии культурного потенциала общества, а также приведение системы образования к возможностям развития общества в ближайшие десятилетия в соответствии с изменением структуры и направления социокультурных процессов в обществе.

Ключевые слова: История Казахстана, сознание, юстиция, новые технологии, культура, межпредметные связи.

ZH.NURMANBETKYZY¹, G.DZHAMBAULOVA², K.ZHUMABAYEVA³,¹candidate historical Sciences, professor,

E-mail: zhumakhan.nurmanbetkyzy@mail.ru:

²doctoral student, E-mail: gula-12345@mail.ru:^{1,2}KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan.³master of Pedagogical Sciences, KazNU named after Al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan. E-mail: zhumabaeva1995@list.ru:

CULTURE OF CONSCIOUSNESS AND CURRENT PROBLEMS OF TEACHING THE HISTORY OF KAZAKHSTAN

The article deals with the problems of studying and determining the role of teaching the history of Kazakhstan in the formation of a culture of new consciousness. This is a global problem of our time in transforming the level of education of the younger generation as an important social indicator that has a significant impact, first of all, on the policy of the state, which is interested in preserving and developing the cultural potential of society, as well as bringing the education system to the opportunities for the development of society in the coming decades in accordance with the change in the structure and direction of socio-cultural processes in society.

Key words: History of Kazakhstan, consciousness, justice, new technologies, culture, intersubject connections.

Кіріспе. Қазақстан тарихын оқытудың еліміздегі жаңа сана мәдениетін қалыптастырудағы рөлін анықтау мәселесін зерттеу бірқатар теориялық және практикалық мақсаттармен анықталады. Соның ішінде, ең алдымен, білімнің қоғамның мәдени әлеуетін сақтау мен дамытуға мүдделі мемлекеттердің саясатына айтарлықтай әсер ететін қазіргі заманның

жаһандық проблемасы және жас ұрпақтың білім деңгейінің маңызды әлеуметтік индикаторға айналуы, сонымен қатар сенімділіктің жоғары деңгейімен, қоғамның алдағы онжылдықтардағы даму мүмкіндіктеріне жас ұрпаққа білім беру жүйесін қоғамдағы әлеуметтік-мәдени үрдістердің құрылымы мен бағытының өзгеруіне сәйкес келтіру, әсіресе,

елдегі жоғары білімнің басым мақсаттары мен міндеттерінің трансформациялануы, оның ішінде жоғары мектептің жаңа функцияларының пайда болуы, жаңа білім беру практикасының қалыптасуы, жоғары мектеп қызметкерлерінің заманауи білім беру технологияларын игеруі және оларды жоғары мектеп тәжірибесіне енгізу ерекшеліктерін атап өтуге болады.

Бүгінде қоғамдағы әлеуметтік-мәдени үрдістер аясында жоғары білім-жоғары ұтқырлықты, халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарын біріктірудің практикалық мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін қоғамның өзгеруінің қуатты факторына айналууда. Осы орайда Қазақстандағы жаңа сана мәдениетінің қалыптасуындағы отан тарихын оқытудың маңызы зор.

Зерттеу әдістері. Қазақстан тарихын оқыту мен жаңа сана мәдениетінің қалыптасуы мәселесін зерттеуде тарихи оқиғаларға және Отан тарихын талдау мен сараптау әдістері қолданылды. Сонымен қатар кеңінен қолданылатын тарихи-салыстырмалы және жүйелеу әдістері де мақалаға арқау болды. Бұл әдістер Қазақстан тарихын жаңаша оқытуда және жаңа сана мәдениетінің қалыптасуындағы рөлі мен орнын жүйелі түрде айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге тарихи сана мен жаңа сана мәдениетінің қалыптасуының теориясы мен әдістемесі отандық және шетелдік зерттеушілердің жаңа концепциялары мен парадигмаларына, әдіснамалық ерекшеліктеріне негізделеді.

Талдау. Қазақстан тарихын оқытумен және жаңа сана мәдениетінің қалыптасуының негізгі факторлар қатарына, әлем және Қазақстан тарихына байланысты мәселелерге саяси көзқарастың өзгеруін жатқызуға болады. Оның ішінде: Отан соғысындағы қазақстандық жауынгерлердің ерен ерліктеріне деген күмәнмен қарау, тіпті оны жоққа шығаруға бағытталған пікірлер (кейбір Ресейлік топтар), Қазақстан мемлекеттілігіне байланысты мәселелер, Алтын Орда тарихына байланысты тұжырымдар, Қазақстанның әлемдік экономикалық жүйеге интеграциялануы, қоғамдық сана, діни радикализм мен діни сана, жаһандану үрдістері және т.б. Сондықтанда Қазақстан тарихын оқытуда жаңа технологияларды оның ішінде дамыта оқыту, модульдік дамыта оқыту, перспективтік оқыту, ірі-блоктық оқыту, проблемалық оқытуды кеңінен қолдану маңызды. Бұл технологиялар қазіргі қазақстандық қоғамда, әсіресе, жас ұрпақта танымдық белсенділікті, ізденушілікті қалыптастыруға көмектеседі.

Жалпы жаңа технологияларды қолдану мәселелері (Коменский, 1982:656), (Дистервег, 1993:197) еңбектерінде дамытылды. Сонымен қатар, (Бурдин, 2015:13) зерттеулерінде бұл мәселеге айтарлықтай көңіл бөлінген. Ал, тарихи сананың қоғамдағы орны мен рөліне байланысты және философиялықәдістеме мен оның әдіснамамен арақатынасын Аристотель [3], (Гегель, 1972: 295-303), (Маркс,Энгельс,1977: 37-38,44) өз еңбектерінде қарастырған. Диалектиканың әдістері мен эволюция теориясы туралы (Кедров, 1983: 7), (Вернадский 1989: 41), (Тимофеев-Ресовский, 1969: 237), (Воронцов), (Яблоков), (Берг,1977: 222), (Орбели,1962: 501) жазды.

Осы тұрғыдан алғанда, Елбасы, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты жұмысы отандық тарихнамада, мәдени өмірдегі маңызды және мәнді оқиға болып табылады, өйткені бұл зерттеуі өзінің мазмұны жағынан да, көптеген әдіснамалық аспектілері бойынша да тарихымызды қайта ойлау мен неғұрлым терең игеру проблемаларын шешудің жаңа бетін ашады.

Отандық тарихнамада ұлттық психология және

қазақ этнопедагогикасына байланысты зерттеушілер (Джангельдин, 1971: 78-79),

(Жамансариева, 1993: 202 с.), (Жарықбаев, 1994: 270 б.), (Қожахметов 1998: 317 с.) еңбектерін атап өтуге болады. Ал, тарихи санаға байланысты зерттеулер қатарында Н.Нысанбаев, М.К.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, Х.М.Әбжановтардың еңбектері өзіндік пікірлермен ерекшеленеді. Дегенмен де тарихи сананы тарих субъектісінің рухани-практикалық қызметінің құбылысы ретінде зерттеуге, оның орнын анықтауға жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Жаңа сана мәдениетінің қалыптасуы, оның жалпы тарих философиялық категориялар жүйесіндегі орны әлеуметтік сана мен рухани мәдениетті зерттеудегі әдіснамалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Сондықтанда жаңа сана мәдениетінің қалыптасуымен оның қоғамдық сана жүйесіндегі, рухани мәдениеттегі орны мен рөлін анықтау жан-жақты түсіну қажеттілігінен туындап отыр.

Зерттеу нәтижелері. Жаңа сана мәдениетінің қалыптасу мәселесінің өзектілігі бірнеше факторларға байланысты. Оның ішінде: тарихи сана, қоғамдық сана, әлеуметтік даму, жаңа ұрпақтарда тарихи жадқа, Отандық тарих пен мәдениетті білуге негізделген пәрменді тарихи сананы қалыптастыру қажеттігінен; өткен жолды бағалаумен де, сондай-ақ қоғам дамуының одан арғы жолдарын таңдаумен де байланысты міндеттерден туындайды. Жаңа сана мәдениетінің қалыптасуы ішкі және сыртқы әлеуметтік шындықтармен де өзекті. Қазіргі уақытта жаһандық деңгейде айтарлықтай өзгерістер орын алуда, бұл модернизм дәуірінен постмодерн дәуіріне, постиндустриалды ақпараттық қоғамға, жаһандану қайшылықтарына көшумен байланысты. Сонымен бірге, жаңа сана мәдениетінің проблемаларын өзектендіруде философиялық білім саласындағы факторлардың да рөлі зор.

Философиялық әдебиетте тарихи сана XX ғасырдың 60-жылдарының соңында мақсатты зерттеу объектісіне айналған болатын. Тарихи сана феноменіне философиядағы қол жетімді көзқарастар, оның ерекшелігін түсінудің бай мүмкіндіктеріне ие болды.

1.Отан тарихын оқыту барысында жаңа сана мәдениетін қалыптастыру.

Қазақстан тарихын, жалпы тарихты оқыту тарихи фактілерді меңгеруден басталады. Ал тарихи фактілер қайталанбайды және оны бақылау мүмкін емес. Сондықтанда тарихи фактілер негізінде оқушыларда жаңа сана мәдениетін қалыптастыру үшін, оны қазіргі заманғы саясатпен, құбылыстармен байланыстыру маңызды. Дегенменде жекеленген тарихи оқиғаларды білу – тарихты меңгерді дегенді көрсетпейді. Сондықтанда тарихты оқыту үрдісінде өткен оқиғалар мен қоғам заңдылықтарын сабақтастықта қарастыра отырып, салыстырудың маңызы зор. Қазақстан тарихын оқыту арқылы жаңа сана мәдениетін қалыптастыру үшін тарихи фактілерді дұрыс топтастыра алу маңызды. Тарихи фактілерді топтастырудың екі сипаты бар:

Біріншіден, бір рет, қайталанбайтын, бір уақыт аралығында болған оқиғалар. Екіншіден, бір тұтас дәуірге тән сипат алатын тарихи құбылыстар. Мысалы, Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялауы, бұл жеке, ерекше сипат алатын тарихи факт. Мұндай фактіні біз тарихи құбылыстарға жатқызамыз.

Тарихи фактілер жаңа сана мәдениетін қалыптастыруда өзінің көлемі мен күрделілігі жағынан ерекшеленеді. Мәселен, 1986 жылғы Алматыдағы Л.И.Брежнев атындағы алаңдағы желтоқсан оқиғалары.

Бұл жеке қайталанбайтын тарихи факт. Бұл оқиғаны дұрыс түсіну үшін, Қазақстандағы тарихи сананың, ұлт азаттық қозғалыстар тарихын, батырлар тарихын, т.б. құбылыстар мен фактілермен танысу арқылы игеру керек. Яғни, желтоқсан оқиғасы толық ашылуы үшін неғұрлым күрделі фактілерді білудің маңызы зор. Сондықтан тарихи оқиғаларды ұштастыра отырып, жаңа сипатта оқиғаны тарихи фактілер негізінде нақты талдау арқылы жаңа сана мәдениетін қалыптастыруға болады.

Жаңа сана мәдениеті ұлттық санамен тығыз байланысты. Ал, ұлттық сана – ұлт руханиятының негізі. Ұрпақтан ұрпаққа тарихтың білімі, тұлғалар тағылымы, ұлттық тәрбие арқылы беріліп отырады. Ұлттық сананы ұлт руханиятының өзегі дейтін себебіміз, тарихта қазақты ұлт ретінде сақтап қалған дүние – ұлттық сана, ұлттық сананың рухы. Ұлттық сана ұлттың рухани әлемінде сақталып, ұрпаққа рухани дүниелер арқылы беріліп отырғандықтан да тарихтың қиын кезеңдерінің өзінде елдің бірлігі жоғалмаған.

2. Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі және жаңа сана мәдениеті.

Жүйелі білімдерді қалыптастыру үшін, дүниетанымдық идеологияны түсіну үшін пәнаралық байланыстар әдістемесінің маңызы зор. Пәнаралық методология Қазақстан тарихының әлемдік тарихпен біртұтастығын, маңыздылығын, дүниетанымдық идеяларды меңгеруді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар пәнаралық байланыстар ортақ фактілер мен идеяларды қалыптастыруда әмбебаптық сипатта болады. Себебі олардың атқаратын функциялары ортақ. Пәнаралық байланыссыз дүниетанымдық көзқарастың біртұтастығын сақтау мүмкін емес. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру ұстаздан терең мәдениетілікті талап етеді.

Сонымен бірге пәнаралық әдістеменің маңызды функциясы бұрын белгілі оқу материалдарын жаңа қырынан түсінуге көмектеседі. Пәнаралық байланыс жаңа қорытындылар жасауға да көмектеседі. Сондықтан Қазақстан тарихын оқыту оқушылар мен студент жастарды теориялық біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, дүниежүзілік тарихи үрдістерді де сараптауға, оларды өзара байланыста қарастыруға және жаңа сана мәдениетін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Тарихи сананың жаңғыруына себепші болып отыр.

Пәнаралық байланыстардың негізгі тәсілдері – тарихи құбылыстар мен үрдістерді, тарихи заңдылықтарды, концепцияларды талдау; дәріс барысында практикалық сұрақтар қою; қорытынды жасау мен шешім қабылдау; тематикалық баяндамалар жасау және т.б.

Сондықтан да жаңа сана мәдениетін қалыптастыруда пәнаралық байланыс әдістемесінің алатын орны маңызды.

Қорытынды. Жаңа сана мәдениетінің қалыптасуында Қазақстан тарихын оқытудың және жалпы мұғалім мәртебесінің алатын орны мен рөлі ерекше. Осы сабақтастықты сақтай отырып, біз жас ұрпақтың бойында елге деген мақтанышты қалыптастыра аламыз.

Сонымен сана мәдениеті және Қазақстан тарихын оқытудың өзекті мәселелері тақырыбын қорытындылай келе төмендегідей тұжырымдар өзекті:

- тарихи фактілер – жас ұрпақта жаңа сана мәдениетін қалыптастырушы фактор;

- жаңа сана мәдениетінің қалыптасу мәселесі тарихи сана, қоғамдық сана, әлеуметтік дамумен тығыз байланысты;

- Қазақстан тарихын оқытуда жүйелі білім негізінде жаңа сана мәдениетін қалыптастыру үшін пәнаралық

байланыстар әдістемесіне басымдылық берілуі маңызды.

Алаштың біртуар ақыны Мағжан Жұмабаев айтқандай «Алты алаштың басы қосылғанда төр – ұстаздікі», – деген қағида бүгінгі заман үшін де өзекті болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Аристотель. Соч. В 4 т. Т. 3. М., 1976-1983. С. 265, 520.
Берг Л.С. Труды по теории эволюции. Л., 1977. С. 222.
Бурдин Н.П. Методы учебной деятельности по И.Я. Лернеру и М.Н. Скаткину в дисциплине «Основы конструирования в дизайн-проектировании» // Концепт. - 2015. - Спецвыпуск № 18. - ART 75244. - 0,34 п. л. - URL: <http://e-koncept.ru/2015/75244.htm>. - Гос. рег. Эл № ФС 77-49965. - ISSN 2304-120X.
Вернадский В.И. Несколько слов о ноосфере // Кузнецов М. А., Вернадский В. И. О ноосфере. М., 1989. С. 41.
Гегель. Наука логики. Т. 3. М., 1972. С. 295-303.
Джангельдин Н. Природа национальной психологии. Алма-Ата, «Казахстан», 1971. С. 78-79.
Дистерверг А. О природосообразности и культуросообразности в обучении // Народное образование. 1998. - № 7 - С. 193 - 197.
Жамансариева С.Д. Идеи и традиции казахской народной педагогики в современной практике воспитания в семье и школе: Дисс.канд. пед. наук.-М., 1993. -202 с.
Жарықбаев К. Психология: Оқулық.- Алматы: Білім, 1994.- 270 б.
Кедров Б.М. О методике изложения диалектики. М., 1983. С. 7.
Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. -Алматы: Ғылым, 1998. 317 с.
Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения: В 2-х т. Т. 1.—М.: Педагогика, 1982.—656.
Маркс К., Энгельс Ф. Соч. 2-е изд. Т. 46. Ч. 1. М: Политиздат, 1977. С. 37-38, 44.
Орбели Л.А. Избранные труды: В 2 т. Т. 2. М; Л., 1962. С. 501.
Психологические воззрения аль-Фараби / К. Б. Жарикбаев // Вопросы психологии. - 1974. - №. 4. - С. 159-166.
Тимофеев-Ресовский Н.В., Воронцов Н.Н., Яблоков А.В. Краткий очерк теории эволюции. М., 1969. С.237.

REFERENCES

- Aristotel'. Soch. V 4 t. T. 3. M., 1976-1983. S. 265, 520.
Berg L.S. Trudy po teorii evolyucii. L., 1977. S. 222.
Burdin N.P. Metody uchebnoj deyatel'nosti po I. YA. Lerneru i M.N. Skatkinu v discipline «Osnovy konstruirovaniya v dizajnprouektirovani» // Koncept. - 2015. - Specvypusk № 18. - ART 75244. - 0,34 p. l. - URL: <http://e-koncept.ru/2015/75244.htm>. - Gos. reg. El № FS 77-49965. - ISSN 2304-120X.
Vernadskij V.I. Neskol'ko slov o noosfere // Kuznecov M.A., Vernadskij V.I. O noosfere. M., 1989. S. 41.
Gegel'. Nauka logiki. T. 3. M., 1972. S. 295-303.
Dzhangel'din N. Priroda nacional'noj psihologii. A-Ata, «Kazakhstan», 1971. S. 78-79.
Disterverg A. O prirodosoobraznosti i kul'turosoobraznosti v obuchenii // Narodnoe obrazovanie. 1998. - № 7 - S. 193 -197.
Zhamansarieva S.D. Idei i tradicii kazahskoj narodnoj pedagogiki v sovremennoj praktike vospitaniya v sem'e i shkole: Diss.kand. ped. nauk.-M., 1993. -202 s.
Zharykbaev K. Psihologiya: Oqulyk.- Almaty: Bilim, 1994.- 270 b
Kedrov B. M. O metodike izlozheniya dialektiki. M., 1983. S. 7;
Kozhahmetova K.ZH. Kazahskaya etnopedagogika: metodologiya, teoriya, praktika. -Almaty: Fylym, 1998. 317s.
Komenskij YA. A. Izbrannye pedagogicheskie sochineniya: V 2-h t. T. 1.—M.: Pedagogika, 1982.—656
Marks K., Engel's F. Soch. 2-e izd. T. 46. CH. 1. M: Politizdat, 1977. S. 37-38,44.
Orbeli L.A. Izbrannye trudy: V 2 t. T. 2. M.; L., 1962. S. 501.
Psihologicheskie vozzreniya al'-Farabi / K.B. ZHarikbaev // Voprosy psihologii. - 1974. - №. 4. - S. 159-166.
Timofeev-Resovskij N.V., Voroncov N.N., YAblokov A.V. Kratkij ocherk teorii evolyucii. M., 1969. S.237.

ХАҚНАЗАР ХАН КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Самал ҚАСЕНОВА,

Аршаты орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Зерттеу сұрағы. Неліктен Хақназар хан билеген кезеңді Қазақ хандығының «қайта жаңғыруы» деп атайды?

Оқу мақсаттары: 6.3.1.10 Қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау.

6.3.2.6 – Хақназар ханның тұсындағы Қазақ хандығының сыртқы саясатын талдайды.

Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы бірліктер.

Талқылауға арналған тармақтар:

Хақназарды тарихшылар «қазақ пен қырғыз ханы» деп атайды, өйткені

Сіз неліктен Хақназарды «әкесі Қасым ханның саяси бағытын жалғастырушы» деп атайтындығын айта аласыз ба?

..... неліктен Хақназар ханның ұрпағы бұдан былай хандық етпеді?

Жазылым/диалогқа қажетті тіркестер:

Хақназар хан Абдаллахпен (достық және әскери одақ құру) келісім жасайды, себебі

Сабақтың басы (10 минут).

Ұйымдастыру шаралары (сәлемдесу, оқушыларды түгендеу) 2 мин.

1-тапсырма.

«Жалған сұрақ» әдісі арқылы «Қасым хан» тақырыбы бойынша үй жұмысын тексеру. 5 мин.

1.Қазақ хандығының бірінші ханы?

Қасым хан қандай елдермен қарым-қатынас жасады?

2.Шыңғыс хан қай жылдары қазақ жерін жаулап алды?

Қасым ханның заңдар жинағы қалай аталады және неше бөлімнен тұрады?

3.Қасым ханның әскер саны?

Қасым хан туралы жақсы пікірлер қалдырған тарихшылар.

4.Қасым хан қай жылдары өмір сүрді?

Қасым хан қай ханның ұрпағы?

ҚБ екінші аспектісі: «Ойлау бутерброды» арқылы оқушылар бір-бірімен кері байланыс жүргізеді.

Мұғалім саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілін қолданып оқушылардан жауап алу үшін алдын-ала дайындалған сұрақтар қояды:

-Қасым ханға ұрыссыз берілген қала?

-Қасым мен Мұрындық арасында өзара қыр-қыстың болмау себебін қалай түсіндіресіңдер?

-Қасым ханның қызметіне куә болып, оны сипаттаған деректерді атаңдар.

2-тапсырма.

Хақназар хан туралы аудио тыңдатып, сұрақтар қою арқылы диалогке тарту.

-Бұл әңгіме қай хан туралы?

-Ол таққа қалай келді?

Сонымен бүгін сабақтың тақырыбы не туралы деп болжайсыздар?

Сабақта ол туралы қандай мәлімет білгілерің келеді?

Сабақтың ортасы 17 минут.

3-тапсырма. Жұптық тапсырма.

1-әрекет. Оқулықтағы мәтінді «Инсерт» әдісі арқылы оқып, келесі жұпқа түсіндіреді.

2-әрекет. «Денататты граф» кесте түрінде ханның саясатын талдау.

1-жұпқа. Хақназардың ішкі саясатын талдау.

2-жұпқа. Хақназар ханның сыртқы саясатын талдау.

Концепт: өзгеріс және сабақтастық.

4-тапсырма.

Дөңгейлік тапсырма:

А: Жаңа тақырыптан тірек сөздерді теріп жазыңыз.

В: Билік басына Хақназар келген кезеңдегі саяси жағдайды сипаттап беріңіз.

С: Хақназарды оның әкесі – Қасым ханның саяси бағытын жалғастырушы деп есептеуге бола ма? Өз пікірлеріңізді дәйектеніздер.

ҚБ смайлик беру.

Сабақтың соңы 10 мин.

1-тапсырма.

«Тарихи диктант» мәтіндегі бос орындарды қажетті мағлұматтармен толтырыңыз:

2-тапсырма.

«Неліктен Хақназар хан билеген кезеңді Қазақ хандығының «қайта өрлеуі» деп атайды» деген тақырыпта 20-30 сөзден тұратын ойтолғау жазыңыз.

Дескриптор:

Білім алушы.

-Хақназар хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі саясатын атайды;

-Хақназар хан тұсындағы Қазақ хандығының саяси жағдайын атайды;

-Хақназар ханның мемлекетті нығайтудағы рөлін атайды;

-Хақназар ханды саяси тұлға ретінде көрсет.

Үйге тапсырма беру:

Тапсырма соңындағы тесті шешу.

Хақназар хан туралы қосымша ақпарат оқып, әңгімелеу.

Шығыс Қазақстан облысы,
Қатын-Қарағай ауданы,
Аршаты ауылы.

«КЕЙС ТЕХНОЛОГИЯСЫ» АРҚЫЛЫ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ

Улмира ИГЕНБАЕВА,

Сабыр Рахымов атындағы Шымкент республикалық
«Жасұлан» мектебінің тарих пәні мұғалімі

«Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де жойылады».

Ушинский.

Мұғалім қай уақытта да заман ағымына қарай әрдайым жаңа әдістерге бейім болуы шарт. Қазіргі уақытта білім алудың ілгері даму мүмкіндігі зор тәсілдерінің бірі – заманауи телекоммуникациялық технологияларды, атап айтқанда интернет желісін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді қолдана отырып, қашықтан оқыту. Қашықтан оқытудың тиімділігі оған енгізілген педагогикалық мағынамен анықталады. Бүгінгі күні кеңінен таралған қашықтан оқыту мұғалім мен оқушы арасында ақпарат алмасуды білдіреді. Сондықтан өз шәкірттеріне сапалы, нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр ұстаз өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт. Осы орайда әр ұстазға әрі жауапты, әрі ауыр жүк артылары сөзсіз.

Қашықтан оқыту ұғымы – кең мағынада алсақ, тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Қазіргі білім саласы оқушылардың білім дәрежесінің артуын талап етіп отыр. Сондықтан да қашықтан оқытуды ұйымдастыруда тиімді тәсіл ретінде кейс технологиясын ұсынғым келіп отыр. Кейс технологиясы (ағылшынның case-портфель) оқытуда жасалған әдістемелік материалдармен іске асырылады. Кейс технологиясына арналған материалдар түрлері мыналар:

1. Әдістемелік нұсқалар. Оқу құралдары мен глоссарий. Оқушыларға оқу жоспарлары бойынша электрондық тасымалдауыштарда материалдар кешені (кейс) беріледі. Кешенді даярлауда ұжымдық әдістер, жобалау әдістері қолданылады. Мұндай әдістердің оқушылардың белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін арттыруға септігі мол;

2. Жұмыс дәптері;

3. Анықтама;

4. Оқу, аудио, бейне материалдары.

5. Бақылау материалдары (қазіргі білім саласында б ж б, т ж б тапсырмалары).

Кейс-технологиясының негізгі мақсаты:

- оқушылардың бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыру; әртүрлі проблемаларды талдау және оларды шеше білу қабілетін дамыту; ақпаратпен жұмыс жасауды үйрету;

- өз бетінше шешім қабылдауы үшін оқушыға ақпарат іздеуді; ақпаратпен жұмыс жасауды /беру, жүйелеу, талдау/ үйрету; оқушы белгілі бір жердегі немесе елде болған инцидент туралы ақпарат алады; оқушылар ақпараттың аздығына қарамастан проблеманы және оны шешу үшін нені білу керектігін анықтайды.

Кейс амал-тәсілі бойынша төмендегі функциялар жүзеге асырылады:

Мұғалім → бағыт-бағдар беруші;

Оқушы → берілген бағытқа қарай ізденіс жасап, тақырыпқа байланысты тапсырмаларды орындаушы.

Оқытуды ұйымдастыру әдістері жүйесіндегі кейс әдісі:

Кейс әдісінің маңызды ерекшелігі, оның басқа әр түрлі оқыту әдістерімен тиімді үйлесуі болып табылады. Кестеде кейспен жұмысты ұйымдастыруда әр түрлі әдістермен үйлесу мүмкіндіктері берілген.

Кейс-әдісімен үйлескен әдістер	Оның кейс - әдістегі рөлінің сипаты
Үлгілеу	Жағдайдың үлгісін құру
Жүйелі талдау	Жүйелік ұсыныс және жағдайды талдау
Ойша тәжірибе	Жағдай туралы білімді ойша түрлендіру арқылы алу тәсілі.
Сипаттау әдістері	Жағдайдың сипатын құру
Проблемалық әдіс	Жағдайдың негізінде жатқан түйінді мәселені ұсыну.
Жіктеу әдісі	Жағдайды құрастыратын қасиеттер, тараптардың реттелген тізімін құру.
Ойын әдістері	Жағдай кейіпкерлерінің жүріс-тұрысының нұсқаларын ұсыну.
«Миға шабуыл»	Жағдайға қатысты ойларды генерациялау.
Пікірталас	Түйінді мәселе және оны шешу жолдары жайлы көзқарастармен алмасу.

Кейс әдісінің көмегімен оқушылар өз беттерінше теорияны меңгере отырып, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болады. Себебі оқушылардың көпшілігі естігеннің 5% және көргенінің 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видео ақпараттарды бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады. Сондай-ақ кейстің құрамында білгілі бір нормативті талаптар жоқ. Кең таралған құжаттар мен дыбыс, анимация, графикалық кірістірулер, слайд-шоу пайдаланады. Оқушы оқулықтың кез келген бетін қағазға басып шығара алады. Оқушы жағдаятқа талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабаққа қызығушылығы артады.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», – деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы, білімдар азаматтар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

«Ізденсе, талаптанса қолдан жасалмайтын шарт жоқ. Құнттамаған ізденбеген, соңына түспеген адамның жұмысы еш уақытта берекелі болмайды» дейді Жүсіпбек Аймауытов. Ендеше, ізденіске жетелейтін, іздегенге көмекші құрал болар әдіс-тәсілдер бір қажеттеріңізге жарасын!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

А.Сатанбаева. Қоғамдық-гуманитарлық бағытты оқыту жайлы. // Қазақстан тарихы №6 2010 31-бет.

Ғ.Ақатаева. Оқушылардың шығармашылық бастамасын дамыту// Қазақстан тарихы №4 2005 33-бет.

Нұрсұлтан Өбішұлы Назарбаев. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. // Егемен Қазақстан №380-382 (27 456), 15 шілде, 2012 жыл, 3-бет.

Шымкент қаласы.

ТУҒАН ЖЕР

Тарихи-танымдық ойын (Интеграцияланған сабақ).

Айбек БЕЙСЕКЕНОВ,
Қарақол орта мектеп-
бақшасының тарих пәні мұғалімі

Мақсаты: «Тарихынды білмей, болашақты болжай алмайсың» деген қағиданы оқушылар бойына сіңіру.

Тәрбиелік мәні: Оқушыларды туған жер, Отанға деген құрмет, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие беру.

Әдісі: «Атажұрт» тарихи-танымдық ойыны.

Көрнекілігі: Слайд, ұран сөздер, техникалық құралдар, т.б.

Қатысушылар: 7 «А» «Қабылан», 7 «Б» «Жеңімпаз».

Жоспар:

I кезең: «Қанат қақты» – капитандар сайысы.

II кезең: «Самғау» – ұпайы көп команда кезегі.

III кезең: «Шарықтау» – жанкүйерлер сайысы.

IV кезең: «Шырқау» – ең тұңғыш сайысы.

V кезең: «Жерұйық» – соңғы сайыс.

I кезең:

«Қанат қақты». «Қабылан» командасы капитанына сұрақтар:

1. Абай Құнанбаевтың шын есімі – Ибраһим.

2. Парламенттің жоғарғы палатасы – сенат.

3. Тарихтың атасы – Геродот.

4. Адамзат баласынан бірінші ғарышқа ұшқан – Ю. Гагарин.

5. Көлемі жағынан ең кіші мұхит – Солтүстік мұзды мұхит.

«Жеңімпаз» командасы капитанына сұрақтар:

1. Абылай ханның шын есімі – Әбілмансұр.

2. Парламенттің төменгі палатасы – Мәжіліс.

3. Жыр алыбы – Ж. Жабаев.

4. Қазақтан бірінші ғарышқа ұшқан – Т. Өубәкіров.

5. Көлемі жағынан ең ірі мұхит – Тынық мұхит.

II кезең:

«Самғау». «Қабылан» командасына сұрақтар:

1. Әбілхайыр неше жыл билік етті – 40 жыл.

2. Шығыс Қазақстандағы ірі өзен – Ертіс.

3. Махамбет Өтемісұлының майдандас серігі – Исатай Тайманұлы.

4. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғаш Конституциясы – 1993 жыл.

5. Қазақстандағы ағынды көл – Зайсан.

«Жеңімпаз» командасына сұрақтар:

1. Ақсақ Темір әлемнің неше мемлекетін жаулады – 27 мемлекет.

2. Батыс Қазақстандағы ірі өзен – Жайық.

3. Исатай Тайманұлының майдандас серігі – Махамбет Өтемісұлы.

4. Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі Конституциясы қашан қабылданды – 1995 ж.

5. Қазақстандағы емдік қасиеті бар көл – Алакөл.

III кезең:

«Шарықтау». «Қабылан» жанкүйерлеріне сұрақтар:

1. Жарты алма неге ұқсайды – Жарты алма.

2. $1000+1000+1000-2500-500=0$.

3. Солтүстік мұзды мұхиттың бетін не басқан – Мұз.

5. 315 кабинет пен дәліз арасын не бөліп тұр – Қабырға.

«Жеңімпаз» жанкүйерлеріне сұрақтар:

1. Кемедегі сөніп-өшіп тұрған жарықты жағадағы ма, әлде болкондағы адам бірінші көре ме?

2. $1000+1000-1000+500-1500=0$.

3. Гренландия аралын не басқан – Мұз.

5. Мектеп пен тас жолдың ортасын не бөліп тұр – Қорған.

IV кезең:

«Шырқау». «Қабылан» командасына сұрақтар:

1. Қазақ тілінде тұңғыш алгебра оқулығын жазған – Қ. Сәтбаев.

2. Қазақтың тұңғыш кәсіпқой суретшісі – Ө. Қастеев.

3. Қазақтың тұңғыш кәсіпқой палуаны – Қ. Мұңайтпасов.

4. Қазақстандағы тұңғыш университет – Қаз МУ.

5. Қазақстанда тұңғыш көмір өндірілді – Қарағанды.

«Жеңімпаз» командасына сұрақтар:

1. Қазақтан шыққан тұңғыш геолог – Қ. Сәтбаев.

2. Қазақтың тұңғыш кәсіпқой режиссері – Ш. Айманов.

3. Қазақтың тұңғыш олимпиада чемпионы, палуаны – Ж. Үшкемпіров.

4. Қазақстандағы тұңғыш метро – Алматы.

5. Қазақстанда тұңғыш ашық әдіспен көмір өндірілді – Екібастұз.

V кезең:

«Жерұйық». Екі командаға ортақ сұрақтар:

1. 2020 жылы Ұлы Жеңіске неше жыл болды – 75 жыл.

2. Қарақол ауылы қай облыстың жерімен шектеседі – Алматы.

3. Қазақстан жер көлемі бойынша нешінші орын алады – 9 орын.

4. Қазақстан тәуелсіздігін қашан алды – 1991 ж.

5. Абылай хан нешінші жылы дүниеге келді – 1711 ж.

6. Қазақстанның ең биік нүктесі Хан тәңірі қай тауда орналасқан – Тянь-Шань.

7. Қабанбай батыр кімдермен соғысты – Жоңғар.

8. 22 наурызда қандай табиғи құбылыс болады – Күн мен түн теңеледі.

9. 2014 ж. 8-17 қараша Алматыда өткен спорт жарысы – Ауыр атлетика.

10. Қазақ хандығы нешінші жылы құрылды – 1465-1466 жж.


VI Қорытынды.

Шығыс Қазақстан облысы,
Ұржар ауданы,
Қарақол ауылы.

РЕВОЛЮЦИОННО-ИДЕЯЛЫҚ ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ЕВРОПАҒА ӘСЕРІ

Алмагүл МАШЕНОВА,
Знаменка жалпы орта білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Революциялық идеялардың ХІХ ғасырдағы Еуропаға әсері.		
Сабақ тақырыбы	Италия мен Германияның бірігу жолдары қаншалықты бір-біріне ұқсас болмады?	
Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.3.1.4-әр түрлі елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің (Германия, Италия) қалыптасу маңызын анықтау; 7.3.2.5-тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын қолдану.	
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Италия мен Германияның бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттің құрылу маңызын анықтайды; тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын қолданады. Оқушылардың басым бөлігі: тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің маңызын анықтауда мемлекеттердің экономикалық-саяси дамуына әсер еткен тарихи тұлғалардың рөлін сипаттайды. Кейбір оқушылар: Италия мен Германияның қалыптасуына әсер еткен тарихи тұлғалардың рөлін бағалайды; 1848-1849 жылдардағы революциялардың ұқсастығы мен ерекшеліктерін түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын жіктейді.	
Бағалау критерийі	- Италия мен Германияның бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттің құрылу маңызын анықтайды; -Италия мен Германиядағы тарихи оқиғаның нәтижелерін түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын қолданады.	
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: Италия мен Германияның бірігу жолдарының бір-біріне қаншалықты ұқсастығын талқылайды. Италия мен Германия мемлекеттерінің бірігу себептері мен салдарын зерделейді (оқылым). 1848-1849 жылдардағы революцияның мақсаттары мен қорытындыларын талдайды (айтылым). Ұлттық мемлекеттердің экономикалық-саяси дамуына әсер еткен тарихи тұлғалар жайлы ой тұжырымдайды (тыңдалым). Сабақ барысында жаңа сөздердің түсіндірмесін дәптерге жазу жұмыстарын жүргізеді (жазылым). Лексика мен терминология: саяси бытыраңқылық, революциялық жағдай, Неміс кедендік одағы, гросс-бауэрлер, ұлттық қанау, бірігу. Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Талқылауға арналған тармақтар: Германия мен Италияда ұлттық мемлекет қалыптасты, өйткені Сіз неліктен екенін айта аласыз ба? Неліктен О.Бисмарктың саясаты туралы әртүрлі деректер беріледі? Жазылым бойынша ұсыныстар: Италия мен Германия революцияларына себеп болды.	
Құндылық-тарға баулу	Италия мен Германия мемлекеттерінің бірігуін талқылай отырып, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» құндылығына баулу. Азаматтық жауапкершілік, өзге елдің тарихына құрметпен қарауға тәрбиелеу.	
Пәнар.байланыс	География, Қазақстан тарихы.	
Тақырып бойынша алдыңғы білім.	1848 жылғы революциялар Еуропада қандай саяси идеяларды қалыптастырды? тақырыбындағы сабақта «7.3.2.5;7.3.1.3» оқу мақсатымен жұмыс жасаған, сол білімдерін Италия мен Германияны оқығанда 7.3.1.4 - әр түрлі елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу маңызын анықтауда; 7.3.2.5-тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын оқу мақсатымен жұмыста қолданады.	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы. Ұйымдастыру кезеңі. 0-5 минут	Ұйымдастыру шаралары: Амандасу, сабақта жоқ оқушыларды белгілеу. (Егер сабақ кестесі бойынша кейінгі сабақ болса сергіту сәтін өткізу. Мысалы «От шашу»). Топтарға бөлу: Мемлекеттердің аттары жазылған стикерлер арқылы («Италия», «Германия»,«Франция») 3 топқа бөлу. 1-тапсырма. (БЫМ) Оқушылардың сабақ тақырыбына қызығушылығын ояту мақсатына және олардың алдыңғы білімдерін анықтауға арналған ширату жаттығулары: -Революциялық идеялардың барысында ХІХ ғасырдағы Еуропада қандай өзгерістер орын алды? -Италия мен Германия мемлекеттерінің карталарын көрсетіп, оқушыларға бұл мемлекеттерде не болып жатқаны туралы болжау жасату, сұрақтар қою арқылы диалогке тарту: - Картада қандай мемлекеттер бейнеленген? ХІХ ғасырдағы Батыс Еуропа елдері. - ХІХ ғасырда бұл мемлекеттерде қандай өзгерістер болуы мүмкін? - Сонымен, біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы деп ойлайсыздар? Сіздердің болжауларыңыз тура келді ме? Сабақтың тақырыбын, мақсаттары мен бағалау критерийлерінанықтау.	Топтардың аттары жазылған стикерлер. «ХІХ ғасырдағы Батыс Еуропа елдері» картасы: http:// www. worldd ofcoins.ru/ countri Сұрақтар

Сабақтың ортасы. Мұғалім таныстырылымы. 2 минут Жұптық жұмыс түрі. 5 минут Топтық жұмыс түрі. 10 минут	2-тапсырма. М. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Еуропа мемлекеттерінің саяси және экономикалық дамуы жайында ақпарат беру. Ж. «Атаулар туралы үш сұрақ» тәсілі. Тақтаға тақырып бойынша 3 негізгі терминді (консерватизм, либерализм, социализм) жазып, оқушыларға осы атауларға байланысты келесі сұрақтарды қою: 1) Қайда? Бұл терминдерді сіздер бұрын қайда және қандай мағынада кездестірдіңіздер? 2) Қалай? Өз тәжірибеңізден осы атауларды қалай қолданатыныңызға мысал келтіре аласыз ба? 3) Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай байланыста болады деп ойлайсыз? 3-тапсырма. /т/ Мәтінді оқып шығып, екі мемлекеттің бірігу себептерін анықтап, Венн диаграммасына толтырыңыз. 2 айырмашылығын және 1 ұқсастығын анықтаңыз. Дескриптор: - Италия революциясының әлеуметтік-экономикалық себебінің бірінші ерекшелігін анықтайды; - Италия революциясының әлеуметтік-экономикалық себебінің екінші ерекшелігін анықтайды; -Германия революциясының әлеуметтік-экономикалық себебінің бірінші ерекшелігін анықтайды; -Германия революциясының әлеуметтік-экономикалық себебінің екінші ерекшелігін анықтайды; -революциялардың саяси және әлеуметтік-экономикалық жағынан ұқсастығын анықтайды. <table border="1"> <thead> <tr> <th>Әлеуметтік-экономикалық себептер:</th> <th>Ұқсастығы</th> <th>Саяси себептер:</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1-----</td> <td>1-----</td> <td>1-----</td> </tr> <tr> <td>2-----</td> <td></td> <td>2-----</td> </tr> </tbody> </table> Топтар өздерінің зерттеу нәтижелерімен таныстырады. КБ. Екі жұлдыз бір тілек. Ж.«Стикердегі диалог» әдісі. Қабырғаға қиындық деңгейіне байланысты сұрақтар жазылған бірнеше түрлі-түсті қағаздар ілінеді. Топтар стикердегі тарихи тұлғалар жайлы сұрақтарға жауап береді, өз ойларын жазады, пікірлерін қорғайды. 4-тапсырма /т/. Берілген сұрақтар бойынша тұлғаға сипаттама беріңіздер. Жасыл түс: Неліктен Джузеппе Гарибальдиді итальяндық ұлттық идеяның символы деп атады? Сары түс: Камилло Бенсо Кавурдың біртұтас ұлттық мемлекет құру жөніндегі саясатының мәні қандай? Қызыл түс: Отто Бисмарктың «Қан мен тер» саясатының қандай ұтымды және ұтымсыз жақтары болды? Дескрипторлар: - Д.Гарибальдидің тарихи тұлғасына баға береді. - К.Кавур саясатының мәнін сипаттайды. - О.Бисмарктың «Қан мен тер» саясатын талдайды.    Д.Гарибальди КБ. «Қосу, алу, керемет» арқылы бағалау.	Әлеуметтік-экономикалық себептер:	Ұқсастығы	Саяси себептер:	1-----	1-----	1-----	2-----		2-----	Презентация постер, маркер, стикер. Оқулық: Алдабек Н. Дүниежүзі тарихы (1640-1900). 8-сынып Алматы: Мектеп, 2018.-208 б. Оқулық, кесте, ҚБ парағы, Дескриптор   Оқулық, суреттер.
Әлеуметтік-экономикалық себептер:	Ұқсастығы	Саяси себептер:									
1-----	1-----	1-----									
2-----		2-----									
Сабақтың соңы. 5 минут Жеке жұмыс түрі. 2 минут 1 минут	5-тапсырма. Сабақты қорытындылауға «Серпілген сауал» әдісін қолдану. Оқушылардың тақырыпты талқылау сауалдарын ұйымдастыру: -Сіздің ойыңызша, «Жас Италия» ұйымы елді азат ету мен біріктірудің негізгі күші бола алды ма? -Еуропадағы революциялық көтерілістердің тарихи маңызы бола тұра, не себепті сол елдердің алдында тұрған объективті міндеттерін толықтай шеше алмады? Өз ойыңды дәлелде. -Неліктен 1861 жылы Гарибальди Италияның оңтүстігіндегі билікті Виктор II-Эммануил корольге тапсыруды шешті деп ойлайсыз? -Сыртқы саясатта милитаризм түрінде көрініс тапқан О.Бисмарктың «Қан мен темірдің саясаты» болмағанда, Германия күшті капиталистік державаға айналар ма еді? Дескриптор: Еуропадағы революциялық көтерілістердің тарихи маңызын көрсетеді; 1861 жылы Гарибальди Италияның оңтүстігіндегі билікке қатысты мақсатын айтады; О.Бисмарктың сыртқы саясаттағы бағытын сипаттайды. Рефлексия. «3 минуттық үзіліс». Әр оқушы өзін-өзі формативті бағалайды. Төмендегідей фразалар ұсынылады: -Мен... туралы хабардар болдым. -Менің...жайлы айқын түсінік қалыптасқан тұсы... -Менің...таң қалдырғаны. Мұғалімнің кері байланысы. Үйге тапсырма: Тақырыптан ең негізгі деген 5 оқиға жаз.	 Оқулық, 126-130-бб.									

Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Көкентау ауылы.